



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№5 (19) 2013



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА акедемигі;

Бөлеев Қ. - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им.Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российско-го государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - завкафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva ZhA.-the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A.-the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да, ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр»

Н.Ә. Назарбаев.
ҚР Білім және ғылым саласы қызметкерлерінің III құрылтайында
сөйлеген сөзінен. 2004 ж. 12-қазан.

Алғы сөз

Елімізде болып жатқан әр түрлі бағыттағы өзгерістер егеменді еліміз жаңа ХХІ ғасырдың табалдырығын аттап, білім беру жүйесін дамытуда біршама табыстарға қол жеткізуде. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеру – тәрбиеге, мәдениетке, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Жаңа ғасыр бәсеке ғасыры болғандықтан, әсіресе болашағымыз бала тәрбиесімен айналысатын болашақ маманды жан-жақтылыққа қалыптастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Негізгі педагогикалық білім берудің стандарттарын, мектеп және жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыруға қойылатын талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс», – деп атап көрсетті.

Жалпы мұғалім кадрларын кәсіби оқыту жүйесінде педагогикалық практика өте маңызды орын алады. Ол жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің басты бір бөлігі болып табылады да, болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен практикалық іс-әрекетін біріктіруін қамтамасыз етеді. Ұлттық құндылықтарға бағдарланған білім беру бағдарында педагог мамандығының рөлі ерекше. Осы мамандықты оқып білім алған адам бойынан өз елін жерін сүйетін, Отан үшін қызмет ететін тұлға қасиеті қамтылуы қажет. Ол үшін ол тарихы мен тілін, ұлт философиясы мен мәдениетін, ұлт эканомикасын, заңды сыйлап құрметтеп, мойынұсынатын, ақпараттық біліммен толық қамтылған маман болып қалыптасуы қажет.

Осы орайда интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты отбасы тәрбиесі, интеллектуалды тұлға қалыптастыруда, педагогтың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бағытында жұмыс жасауда.

Институт алдағы уақытта оқу-тәрбие үрдісіне бірнеше пәндерді енгізуді көздей келе, ғылыми педагогикалық негізін зерттеуді қолға алуда. Бұл пәндер:

- қазақ тарихы;
- интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы қазақ тілі мен әдебиет;
- интеллектуалды ұлт мәдениеті;
- қазақ философиясы;
- интеллектуалды ұлт негізіндегі орта және шағын бизнес;

Бұл ұсынылып отырған курстар болашақ ұстаздардың біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Бұл пәндер халқымыздың өткен тарихындағы озық идеяларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға негізделген. Атап айтар болсақ, дәстүрлі ата-аналар жиналыстары, ашық сабақтар, ойын-сауық кештер, ата-аналарға арналған сауалнамалар, дөңгелек стол, дебат тағыда басқа шаралар ұйымдастырғанда мысал келтіре отырып қолдануға болады. Мысалы, мақалалардан шешендердің нақыл сөздерін алып немесе сол ауылдың өзінде өлең жазатын ақын, шешен адамдар болса кездесу ұйымдастыруға болады.

Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Міне осы тұрғыдан аз да болса ұстаздар жүгін жеңілдетсек деген ниеттеміз.

М.А.Нуриев
«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ҒЗИ директоры, профессор

ӘОЖ: 37. 378

С.Ж.Пірәлиев

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, п.ғ.д., профессор

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ – 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТТАРДЫҢ БІРІ

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған кезінде болашағымыз - бүгінгі мектеп оқушысының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе болып отыр. Ел тізгінін жан-жақты білімді ұрпақ ұстанған шақта ғана өркениет алға дамымақ. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің болашағы етіп тәрбиелеу - әр ұстаздың, әрбір мектептің ең қасиетті міндеті. Сонымен қатар 12 жылдық оқытуға көшуді жүзеге асыру, оның қажеттілігі мен тиімділігі, оқу бағдарламалары жайлы сөз қозғалған. Мақалада осы мәселе төңірегінде автордың көзқарасы ұсынылып отыр.

Түйін сөздер: *Білім, мектеп, педагог, кредиттік технология, білікті кадр,*

Особенности воспитания и обучение школьников в современных условиях глобализации. Дальнейшее развитие цивилизации и проблемы образованной нации. Главным условием повышения эффективности системы образования считается ее непрерывное самообновление. В комплексе преобразований, которые необходимы сегодняшней школе, выделяют увеличение сроков общего среднего образования до 12 лет. Чтобы перейти на качественно новый уровень, должны также произойти изменения структуры, содержания, технологий, смысла и целей образования. В данной статье предлагается взгляды автора на эти вопросы.

Ключевые слова: *Знание, школа, педагог, кредитная технология, компетентный кадр*

Features of education and training for students in today's globalized world. Further development of civilization and formed the nation's problems. The main condition for increasing the efficiency of the education system is its continuous self-renewal. In the complex transformations that are needed today's school, isolated increase in terms of general secondary education to 12 years. To go to a new level, must also be a change the structure, content, technology, meaning and purpose obrazovaniya. This article offers the author's views on these issues

Keywords: *Knowledge, school, teacher, credit technology, competent staff*

12 жылдық білім беруге көшу – білім беру саласындағы бәсекелестікке қол жеткізудегі және оны халықаралық білім беру кеңістігіне шығарудағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Бұл жағдайда лайықты педагог кадрлар даярлау аса өзекті мәселеге айналмақ.

Қазіргі таңда Білім және ғылым министрлігі мен педагогикалық жоғары оқу орындары 12 жылдық білім беруге көшудің сапасын қамтамасыз ету үшін болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдіру жөнінде нақтылы шаралар қабылдап отыр. Бәрінен бұрын педагогикалық кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындары санының қысқарғанын, оның үсті-

не педагогикалық жоғары оқу орындарына қойылатын талаптардың күшейгені белгілі.

Педагогикалық білім берудің мазмұны түбегейлі қайта қаралып, типтік оқу жоспарларына сапалы мұғалім қалыптастыруға бағытталған пәндер енгізіліп жатыр. Олар, атап айтқанда, «Кәсіптік қазақ (орыс) тілі», «Психологиялық-педагогикалық кәсіпке кіріспе», «Педагогика», «Өзін-өзі тану», «Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы», «Пәндерді оқыту әдістемесі пәндері. 2012-2013 оқу жылында шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жасалған 28 білім беру бағдарламасы апробациядан өтіп, оның

негізінде Кембридж, Гарвард, Иллинойс, Нью-Йорк және т.б. әлемдік жетекші университеттердің аккредиттелген білім бағдарламаларының негізгі талап-ережелері алынды. Сонымен қатар, Назарбаев зияткерлік мектептері мен Назарбаев Университетінің іс-тәжірибелері ескерілген оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын енгізуде. Бұл, негізінен, ықшамдап оқыту, модельдеу, рөлдік ойындар, топтық жоба, эссе, кейс-студиялар, партфолио, далалық зерттеулер және тағы да басқа әдістер түрінде болып келеді.

Халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, магистратурада барлық педагогикалық мамандықтар бойынша жаңа білім беру бағдарламалары жасалды. Бұл бағдарламалар модульдік принциптер, яғни, Кәсіптік пәндер модулі (40%) және арнаулы пәндер модулі (60%) бойынша құрылды. Әр модуль мен әр пән үшін оқытудың және құзырлылықтың күтілетін нәтижелері анықталып, бағалаудың деңгейлері жасалды.

Жоғары оқу орындарын педагогикалық мамандықтар бойынша бітірушілердің тәуелсіз кәсіптік жүйесін жасау арқылы мұғалімнің кәсіптік стандартын қалыптастыру белсенді түрде жүргізілуде. Осы жылдың аяғына дейін 10 кәсіптік стандарт дайын болады деп күтілуде.

2012-2013 оқу жылында еліміздің 15 жоғары оқу орнында көптілді мұғалім-маман даярлау қолға алынды. Сонымен бірге, көптілді мамандар дайындау көлемі еселеп артырылады.

2013-2014 оқу жылынан бастап Назарбаев Университеті сарапшыларының қатысуымен магистрлерді жаңа білім беру бағдарламалары бойынша даярлау қолға алынады.

Сондай-ақ, осы оқу жылынан бастап Назарбаев Университеті сарапшыларының қатысуымен жасалған жаңа білім беру бағдарламасы бойынша көптілді педагог кадрларды даярлауға қадам жасағалы отырмыз. Сонда көптілді мұғалімдер даярлау мамандықтарының қатары да өседі деген ойдамыз.

Педагог құрамының сапалық деңгейін

көтеру жөніндегі жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде. 2012 жылдан бастап жоғары оқу орындары оқытушыларының «кәсіптік біліктілігін көтеру» жөніндегі бағдарлама жүзеге асырылып келеді. 2012 жылы алғаш рет 300 оқытушы жоғары оқу орындары мен Ұлыбритания, Жапония және Германия орталықтарында тәжірибеден өтті. Биылғы жылы 1200 оқытушы кәсіптік біліктіліктерін көтеретін болады. Жалпы, жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар 12 жылдық мектептер үшін жоғары деңгейдегі мұғалімдер даярлауды қамтамасыз етеді. Еліміздегі білім сапасының артуы үшін білім беру реформасына 12 жылдық білім берудің өзектілігін айқындай түсетін толықтырулар енгізу қажет. Бұл реформа білім беру саласындағы мектептен басталып, ЖОО мен сабақтаса жүйеленген түрде жүзеге асуы шарт.

Білім беру сапасының жаңа деңгейге көтерілуі осы жүйедегі реформаның нақтылығында және тереңділігінде. Ендеше толық, сапалы білім реформасын тереңдетуде, қалыптастыруда негізге алынатын бағыт-бағдарларды ортаға салғмыз келеді.

1. Барлық білім стандарттарын саралап, интеграциялау қажет. Білім саласына бүгінгі күнде ұсынылып отырған 12 жылдық білім траекториясындағы орта білім беруде сағат жүктемелеріне қатты көңіл бөлу қажет. Бүгінгі таңда бастауыш сыныптардың оқу жүктемесі 29 сағатқа дейін жетіп отыр. Бұл дегеніміз күніне 5-6 сағат партада отыру керек деген сөз. Бұл бала денсаулығына зиян келтіреді. Мұндай олқылыққа тап болуымыздың негізгі себебі, ол жылда жаңа пәндер енгізіледі де, артық пәндер алынылып тасталынбауында. Мысалы, соңғы жылдары білім кестесіне ендірілген «Дүниетану», «Өзін-өзі тану», «Ағылшын» пәндері. Осы пәндер енгенімен, оқу кестесінен мағыналас оқу пәндері алынып тасталынбады. «Дүниетану» сабағында ауа, су, топырақ тақырыптарына 4 сағат бөлінсе, ал «Өзін өзі тануда» тура осы тақырыптарға 2 сағат бөлінген. Бұдан бірдей тақырыптардың екі бірдей пәнде қайталанып берілгенін байқаймыз. Және төменгі сынып

оқушыларының танымы үшін ауыр соғатын тақырыптардың қажеті қанша. Сол себепті оқу бағдарламаларындағы қайталаулар мен мазмұнына сай емес сағаттарды азайту үшін барлық пәндердің бағдарламаларын сараптап, интеграциялау керек.

2. Кредиттік технологияға мектептен бастап көшу керек. Қазақстан ТМД мемлекеттерінің ішіндегі Болон декларациясына қол қойған алғашқы мемлекеттердің бірі. Көпдеңгейлі және көпсатылы білім жүйесіне көшу және 12 жылдық жалпы орта білімге көшу, кредиттік технологияға өту, өзін-өзі және халықаралық бағалауға негізделген білім сапасының механизмдері мен рәсімдері. Бұл білім беру мекемелерінің ақпараттануы, нормативтік-құқықтық және қаржыландыру ресурстарымен мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі, интернет жүйесімен еркін жұмыс істеу, сәйкесінше қашықтан оқыту нысанының дамуы қажет.

Барлық білім беретін ұйымдардың арасында тек пәнаралық қана емес, жүйе аралық та байланыс болуы керек. Мектепте де әлі тек мұғалімнің айтқанына ғана құлақ ұрып тек соны ғана айтумен шектелетін жайттар әлі де кездесуде. Ал, бүгінгі техника мен ғылым зымырап дамып жатқан заманда түйсігі терең, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан шәкірт мектептен қалыптасып шығады емес пе? Кредиттік жүйенің негізгі мақсаты өзіндік дайындық пен ізденіске баулитын тұлға қалыптастыру. Сондықтан, 1-сыныптан бастап кредиттік технология мектеп бағдарламасына енетін болса, ЖОО-ы мен мектеп бағдарламасы арасында жүйеленген үрдіс қалыптастыра аламыз. Сол себептен, осы үрдіс мектеп қабырғасынан қамтылуы керек деп есептейміз.

3. Орта білім беру жүйесінде тәрбие жұмысына жүйелілік қажет. Ол үшін, біріншіден, бүгінгі таңда ата-ана баласының бар тәрбиесін мектепке және мектеп мұғалімдеріне артып, өздері күйбең тіршілікке көп көңіл бөлуде. Баласы бір жағдайға тап болса, мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен сынып жетекшісі бірінші

хабардар болып, тиісті орындарға солар бірінші шақырылады. Мектеп қабырғасынан тыс уақытта бала тәрбиесіне ата-анасы өзі жауапты болуы шарт. Осы сынды мәселелер өз шешімін табуықажет. Екіншіден, мектепте берілетін тәрбие жұмыстарына үздіксіз болуы мен жүйелілік қажет. Мектеп қабырғасында бастауыш сынып бағдарламаларында ұлтжандылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ұстазды қадірлеу сынды тәрбие мәселелері жүйелілікпен дұрыс жолға қойылған. Бастауышты бітірген бала орта мектепке көшкен кезеңде білім беру бағдарламаларындағы тәрбие мәселесіндегі жүйеліліктің өзара байланысының нашарлығынан жоғарыда алған тәрбие құндылықтарынан ажырап қалып жатады. Сол себепті, аталмыш мәселелер білім бағдарламаларында нақты жүйелілікпен берілуі міндет.

4. Мектеп мұғалімдері күнделікті таңғы сағат 9-дан кешкі сағат 6-ға дейін жұмыс орнында отыруы тиіс. Себебі, мектептегі сабақтан тыс уақытта ұстаздар оқушылардың ой-өрісін дамытатын ізденіс жұмыстарымен және оқушыларды музей, концерт, театр сынды мәдени орындарға апарып жұмыстарын ұйымдастырумен, сонымен қатар өздерінің де білім, біліктіліктерін дамытатын іс-әрекеттермен айналысуы қажет.

5. Білім бағдарламалары, мемлекеттік стандарттар, университеттердің оқу-әдістемелік кешендері барлық халыққа қолжетімді болуы тиіс.

Бүгінгі таңда аталмыш бағдарламаларды жүктеп алу арнайы кодпен кіруді талап етуде немесе ақша табудың көзіне айналуға. Мысалы, республикамыздағы білім беру үдерісін еуропалық стандартқа сәйкестендіріп жүзеге асыруда белді оқу орнына айналып отырған Назарбаев университетінің оқу-әдістемелік кешендері мен дидактикалық оқу материалдары қарапайым халық түгілі, білім беру ошақтарының оқытушылары мен студенттеріне қолжетімсіз.

6. Білім беру саласындағы қағазбастылық мәселесін ретке келтіру. Бұл қазіргі күнде өзекті мәселеге айналып отыр. Қағаз-

бастылықты жою қажеттігі күнде айтылып жатса да, әлі күнге дейін өз шешімін таппай отырғаны белгілі.

7. Педагогикалық кадрлардың еуропалық деңгейде біліктілік алуы үшін, ЖОО-дағы педагогикалық мамандықтар бойынша білім берудің тұжырымдамасы мен стандарттарын түпкілікті қайта қарауымыз қажет. 12 жылдық білім беруге көшудегі мектептегі білім саласын модернизациялаумен қатар, сол мектепке білім беретін педагогикалық кадрларды даярлау да – өзекті мәселелердің бірі.

7.1 Республикамызда 12 жылдық білім бағдарламасына көшу жоспарына байланысты білімді, білікті маман дайындау әрине жоғары оқу орына жүктеледі. Соған байланысты 12 жылдық білім беру бағдарламасына сәйкес мектеп мұғалімдерін біліктілігін көтеру мақсатында педагогикалық ЖОО да 6 айлық арнайы оқу курстарын ұйымдастыру қажет. Соның нәтижесінде 12 жылдық мектепте сабақ беруге рұқсат сертификатына ие болу бола алады.

7.2 Педагогикалық оқу орынын бітірушілерге қосымша пәндерден сабақ беруі үшін арнайы сертификаттарға ие бола алатындай мүмкіндік туғызуымыз керек. Мысалы, маман тапшылығына жиі ұшырайтын елді мекендердегі шағын комплектілі мектептердегі мұғалімдер қосымша курс арқылы сәйкес пәндерден сертификатқа ие бола алуы керек. Бұл – Республикамыздағы шағын комплектілі мектептердің мамандыққа деген тапшылығын шешудегі бірден бір жолы.

8. Педагогикалық ЖОО-н мемлекеттік грант арқылы бітіруші мамандарды маман тапшылығы кездесетін елді мекендерге 3 жылға жұмыс істеуге жіберу керек.

Бүгінгі таңдағы «Дипломмен ауылға!» атты бітіруші мамандарға арналған бағдарлама өз деңгейінде жұмыс жасап жатқан жоқ. Білім ордасында тегін білім алып, оқу степендиясына, үкімет тарапынан жасалынатын игі іс-шараларға ие болып отырған маман кем дегенде 3 жыл маман тапшылығына тап болып отырған білім ордаларында қызмет етуі қажет. Осы арқылы «халық қалтасынан» тегін

оқып, білім алған оқу ақысын ел мүддесіне жұмсауға міндеттеуіміз қажет.

9. 12 жылдық білім беру бағдарында бүгінгі дайындалып жатқан педагог мамандарға қажетті білім беруде оқу кестесіндегі міндетті және таңдамалы пәндерді бір жүйеге түсіруіміз керек. Ол үшін, ЖОО ұсынатын таңдамалы пәндердің мазмұны болашақ педагогтардың ой-өрісін дамытатын пәндермен толықтыру. Кредиттік технология заңы бойынша таңдамалы пән міндетті пәнді толықтыру мақсатында енгізіледі. Бірақ, бұл күндері таңдамалы пәндер өз мазмұнына сай емес. Себебі, әр кафедра міндетті пәндерді толықтыратын пәндерден гөрі өз мамандарының сағат санын көбейту мақсатында сағат бөледі. Сондықтан, таңдамалы пәндер 1 жыл бұрын дайындалып, Оқу-әдістемелік бірлестікте (УМО-да) сараланып, бекітілуі керек.

10. ЖОО-дағы білікті кадрларды алмастыру мәселесін дұрыс жолға қою. Себебі, докторлық, кандидаттық жұмыстарды қорғаудағы ескі жүйе тоқтатылғалы бұл мәселе өте өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, бүгінгі таңда PhD докторантураға бөлініп отырған орын саны ғылыми білікті кадрларды даярлауда аздық етеді. Мысалы, биылғы жылы мемлекет тарапынан PhD докторантураға бөлінген грант саны – 100 орын. Оның 20-сы Абай атындағы ҚазҰПУ үлесінде. Бұл дегеніміз, 1000-нан аса оқытушылар бар дейтін болсақ, кадрлар алмасу үшін кем дегенде 25 жыл уақыт кетеді деген сөз. Сондықтан да, PhD докторантураға бөлінетін орын санын көбейту қажет.

11. Педагог-мамандардың беделін көтеру мәселесі.

Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағлымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін мұғалім беделі бүгінгі қоғамда төмендеп кетті десек қателеспейміз. Мұғалімдердің беделін көтеру үшін мемлекеттік қызметкер ретінде қабылдап, еңбек-ақысы орташа мемлекеттік жалақыдан жоғары, және салық жеңілдіктеріне ие болуымен қатар, медициналық сақтандырылуы тиіс. Кейін жоғары зейнетақымен қамтамасыз еті-

луі тиіс. Сондай-ақ, мұғалімдерге дербестік беру мәселесі де жолға қойылуы қажет. Мәселен, жұмысқа қабылдағанда мектеп директоры емес, мемлекет тарапынан алынуы. Мектеп директоры жоғары жақтың келісімінсіз, өз бетінше мұғалімдерді жұмыстан босата алмауы керек. Бұл дегеніміз – мұғалімдік кәсіп абыройының жоғарылығы. Мұғалімдік кәсіптің қиын да, жауапты жұмыс екенін кез келгеніміз сөзсіз білеміз. Сондықтан, әр бес жыл сайын бір жыл көлемінде шығармашылық демалыс беріліп отыруы қажет. Әрине, бұл мерзім аралығында оның орны мен еңбекақысы сақталануы тиіс.

Біз көтеріп отырған бұл мәселелер мемлекет тарапынан қолдау табуы керек деп есептейміз. Себебі, элиталы қоғам қалыптастыру үшін ең алдымен, еліміздің жарқын

болашағы, жастарымызға берілетін білім мен тәрбиені қолға алып, жөндеуіміз керек. Білімді де, білікті мамандар даярлайтын педагог-ұстаздарымыздың мәртебесін көтеріп, қажетті жағдай жасағанымыз абзал. Сол себепті, мұғалімдердің беделін көтеретін және мемлекет тарапынан осы ұсыныстарды бекітіп, жүзеге асыратын АРНАЙЫ ЗАҢ қабылдануы қажет. Қазіргі уақытта бұл заңның жобасының мазмұны Абай атындағы ҚазҰПУ-да ойластырылып жатыр. Келешекте Заңның даяр нұсқасын ұсынатын боламыз.

Қорытындылай келе, 12 жылдық білім беру үрдісіне көшуде орта білім беру мен ЖОО арасындағы оқу-тәрбие іс-шаралары тығыз байланыста дамып, педагогикалық кадрларды даярлауда жоғарыда көрсетілген іс-шаралар өз шешімін табады деген ойдамыз.



Мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен мұғалім ең алдымен өзінің интелектісін көтеруі керек, дүниеге деген көзқарастарын биіктетуі керек.

Ә.Тәжібаев.

ӘОЖ 8.80

С.Ж.Пірәлиев

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, п.ғ.д., профессор

М.А.Нуриев

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ФЗИ директоры, профессор

Ж.Ш.Саметова

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ФЗИ эксперти

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІК ПЕН ӨМІРШЕНДІКТІҢ НЕГІЗІ

Мақалада қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі өзекті мәселелері сөз етіледі. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі ғана емес, Қазақстан азаматтарының бірлігін нығайтатын басты фактор екені айтылады.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, ұлт, бірлік, тілдік тәрбие, сөйлеу мәдениеті

В статье рассматриваются актуальные вопросы развития и роль казахского языка в качестве государственного языка Республики. Казахский язык – это родной язык казахского народа. Который является главным фактором объединения всех граждан Казахстана.

Ключевые слова: государственный язык, нация, единство, языковое воспитание, культура речи

The article deals with current issues of development and the role of the Kazakh language as the state language of the Republic. The Kazakh language is the native language of the Kazakh people. Which is the major factor of the consolidation of all citizens of Kazakhstan

Keywords: national language, nation, unity, language education, culture of speech

Дүние жүзінде әрбір ұлттың, елдің өз ана тілі болатыны белгілі. Ана тілі – адамзатқа өзінің жерінің жігерімен, халқының қанымен, анасының сүтімен даритын құбылыс. Туған тіл белгілі бір ұлттың бірігейлік пен өміршендігінің негізі.

Қадыр Мырзалиев тіл туралы айтқан бір ойында: «Адамның жаны бар сияқты ұлттың да жаны бар, оның тілі мен жаны табиғи тығыз байланысты. Тілінен айырылған халық міндетті түрде ұлттық қасиетінен айырылады» [1], - деген. Нақты айтылған ой, себебі тіл – тәрбие діңгегі, тіл – білім-ғылымды игеру көзі, тіл – ұлттың жаны, мемлекеттің нышаны. Ана тілінің құдірет-күшімен ана сәбиіне оған деген мейірімін жеткізіп, жарқын болашағына жол сілтейді, адамдық асыл қасиеттерді дарытады. Ата ұлына бабалардан жеткен мол мұра екендігін, оған оны болашаққа жеткізу борыш екендігін байып-

тайды. Ел қорғайтын ер мінезді де, намыс пен жігерді де ата-бабаға ана тілі арқылы сіңдіреді. Жылдардан жылдарға ұласып жинақталған мол тәжірибе мен білім қоры да ұрпақтан-ұрпаққа сол тілде жеткізіледі. Ана тіліміз арқылы салт-дәстүріміз қалыптасып, ұлттық нышан ретінде өріле түседі. Ана тілі арқылы ұлттық болмыс бітеді. Тілінен айырылған ұлт барлық құндылықтарынан ада болады десек те артық емес. Осы аталғандардың барлығы тәрбие, білім, дәстүр ана тілінің арнасынан бастау алғанда ғана біздің мемлекетіміздің тұғыры қатайып, ішкі бірлігіміз нығая түспек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – мемлекеттік тілде» [2] деп атап көрсетті. Себебі мемлекеттік тіл сол халықты рухани тұтастыққа жетелейді. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Әрине көпұлтты мемлекетте көптілділік мәселесі де

жоқ емес. Сонау 2005 жылғы Жолдауында ел Президенті «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» - деп айтқан болатын. Ата заңын сыйлайтын әрбір азамат ұлтына, тегіне қарамай, қазақша үйренуге міндетті. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Бауыржан Момышұлы бабамыз айтқандай: «анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» [3]. Ұлы Отан соғысының хас батыры, атақты қолбасшы, екі тілде бірдей жазған қаламы ұшқыр жазушы Бауыржан Момышұлы 1944 жылы нағыз соғыс майданында жүріп, ел болудың, бірлік пен жасампаздықтың негізі тіл екенін айта жүрген. Қуатты ағысы тереңде жатқан дария-дарын иесі, рухани ұстаз ретінде де қазақ тілін тоқсан толғаған парасатты ойшыл қазақ ұлтының азаматы ретінде қазақ тілі үшін күресуді өзіне борыш санады. Сол үшін Орталық Комитетке хат та жазған: «Мен әскери адаммын, тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын. «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады», «Сөз жүйесін табады, мал иесін табады», «Қиыстырып қаласаң – отын жанар, қисындырып айтсаң – халық нанар», «Зекетсіздің малы арам, тілсіздің дауы арам» дегендейін, қазақ тілі өзінің таза түрінде бірнеше ғасыр, біздің заманымызға дейін, өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышыңды қандырып, ұғымыңа қонымды, жүрегіңе тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өгін сыртқа шығарып, долдандырып қысылтаяқ қатал жағдайда қайрап, егеп, «сөз тап-

қанға қолқа жоқ» дегендейін – ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып-туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді» – деп ашынады. Бауыржан атамыз халқымыз қаншама ғасырлар бойы неше ұлтпен соғысса да қазақ тілінің еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып көрмегенін, өз сыбағасын ешкімге жегізбегенін, тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, оның салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі екендігін атап көрсетеді. Өйткені тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.

Халқымыздың бірлігінің негізі тіл екенін Бауыржан Момышұлының бір ғана хатын мысалға келтіріп қана емес жүздеген мысалдардан көруімізге болады. Тілге берілген бағалардың басын сонау XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Иүгінекидің есімімен байланыстыратын «Тәрбие басы - тіл» деген қанатты сөзден байқауымызға болады. Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы – деген Әл Фарабидің тәрбиесінің өзі тілге келіп тіреледі. «Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» (Халел Досмұхамедұлы), «Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады» (Ғабит Мүсірепов), «Тіліңді жоғалту, су қараңғы көзсіз қалғаныңнан да өткен қасірет» (Жалау Мыңбаев), «Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни бар тарихының куәгері, деректі көзі» (С.Аманжолов), «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» (Ахмет Байтұрсынұлы), «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқ-

тырып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатады» (Мұхтар Әуезов), «Тіл - жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Тілімізді бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру» (Халел Досмұхамедұлы), «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Тіл тек адамға ғана тән, аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор» (Мұстафа Шоқай), «Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз, ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Яғни, сөйлей білмесе, адамның хайуаннан айырмасы аз» (Телжан Шонанұлы), «Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, қазақ тілі – сондай тіл» (Нұрсұлтан Назарбаев) [2]. Міне көріп отырғанымыздай, тілдің құдіреті, оның адам өміріндегі рөлі, халық бірлігінің негізгі факторы екенін дәлелдейтін қанатты сөздерді көне түркі ғұламаларынан бастап, алаш зиялыларының, қазіргі ғалымдардың пікірлерінен байқауымызға болады.

Жоғарыда айтылған қанатты сөздер жайдан-жай туындамағаны белгілі. Себебі, халық арасында бір ауыз сөзбен күн кешіп, жалғыз уәжбен дау шешкен ділмарлардың аты ардақталып, төрелік істері үлгі-өнеге тұтылған. Мысалы, Абылай хан 1743 жылы жоңғар басқыншыларының қолына түскен кезде Қаз дауысты Қазыбек би Ресей үкіметі жолдаған секунд-майор Миллер экспедициясының құрамында елшілікке барған. Қалдан Серен қазақ еліне қадірі асқан бидің:

«Біз, қазақ, мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз,
Басымыздан құт-береке қашпасын деп,

Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз,
Достықты сақтай білген елміз,

Дәм-тұзды ақтай білген елміз» [4], – деп тақпақтай сөйлеп, тайсалмай талап қойғанына разы болып, хан басына азаттық берген екен.

Сөз құдіреті билер сотының негізі болды десек қателеспейміз. Замана талабына сай жазбаша ой қорыту сөз қадірін төмендетіп тұрғанымен, тарих екіні күнделікті өмірімізде, өнерімізде әлі де мағынасын жоғалтпаған. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген аталы сөздің өзі-ақ билер сотындағы сөз құдіретінің, оның қоғамдағы алатын орнын айрықша көрсетіп берді емес пе. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей бабаларымыз жүйелі сөзге бас иіп, сөзге тоқтаған. Қазақ билері негізінен ақыл мен парасаттың кемеңгері болып қана қоймай, қара сөзбен қазан қайнатар қасиет иеленген данагөйлер еді. Билер - парасатты ақыл иелері деген баға берген халқымыз. Сол «парасатты» деген сөздің өзі қазіргі «интеллектуалды» деген мағынаға саяды. Қоғам өміріндегі адамгершілік, азаматтық, сыйластық, достық тағы басқа құндылықтардың мызғымастығын дәріптеген, оның негізін бір ауыз сөзбен жеткізе білген бабаларымыздың айтқан сөздері бүгінде естігенде жүрегіңді шымырлатпай қоймайды.

Төле би бабамыздың:

Алтын да тас,

Тас та тас.

Алтын бірақ, басқа тас.

Алтынға алтын жолықса,

Алтынды алтын тастамас – деп сөз маржанын алқа жіпке тізгендей айтқан пікірі адами қатынастың негізі, өмірдің ережесімен теңестіруге болатын ойды көрсетсе керек. Сөздің қадірін білген билер де шешендік өнерлерін дау шешу, билік айту барысында кеңінен қолданған. Адам құқығын қорғау жолында өткірлік пен өжеттіліктің үл-

гісін іс-әрекеттерімен көрсете білген. Билік міндеттерін әділ және адал атқарып, ешбір әміршіл режимге бас иіп бағынбаған, тәуелсіз бола білген. Себебі, қазақ билері мемлекет тарапынан сайланбаған немесе тағайындалмаған. Қазақ билері халық, қоғам өзі мойындаған билік өкілдері болған. Сондықтан да олар ар заңын бәрінен де жоғары қойған. Әділетті билер – ар соты деңгейіне көтерілген бірегей сот жүйесінің негізін қалаушылар. Дау шешуге келгенде болыстардан сескенуді білмеген, нағыз халық өкілдері болған. Сондықтан, билердің мемлекеттік сайлау жолымен іріктеген билік иелерінен анағұрлым биік тұрғаны бүгінгі сот жүйесінің өкілдері үшін үлгі боларлық нақты сабақ алудың бір үлгісі.

Меркі өңірінде өмір сүрген өзі батыр, өзі би Сыпатай батыр да көргендігімен, шешендігімен ерекшеленген ардақты, әрі аруақты тұлға болған:

Сөз келгенде сөйлетпейтін кім едің?

Дау туғанда билетпейтін кім едің?

Ел басқарар ақылың мен түрің жоқ,

Мәмбеталы деген әкім сен бе едің?

Айтқан сөзім жүйелі,

Жүрген жерім киелі

Сыпатайың мен едім – деген сөз тіркесінен өзінде қаншама күш жатқанын анық сезінесің.

Заманына лайықты әр қоғамның талабы болатындықтан, паракорлықты әшкерелеу, сонымен қатар тазалықты, әділеттілікті дәріптеу тәсілдері де үнемі қатар жүреді. Бүгінгідей сыбайластық пен жең ұшынан жалғастырушылыққа қарсы күрес ол кезеңдерде де болғанын дәлелі ретінде билердің бір-біріне берген бағасына қарап болжай аламыз. Сол кездерде көтерілген мәселелердің айтылған сөздің мәні мен мағынасы бүгінгі күнде де өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөз тіркесі қазіргі сот саласының өкілдеріне де тиісті, өзгермейтін қағида. Сөзіміздің дәлелі ретінде бір мысал келтіре кетейік. Сыпатай датқа өмірден өткенде Сикымбай би жоқтау айтқан деседі. Ел

аузынан бізге жеткен сол жоқтаудың жұрнағының өзінен қаншама терең ойды көруге болады:

«Жанжал даудың түйінін,

Қазы боп әділ шешсе де,

Адамнан пәре алмаған.

Өлімнің құнын кешсе де,

Қара қылды қақ жарған.

Төле би мен Майқыдай,

Сыпатай бауырым өттің-ау

Тура жолдан тайқымай.

Андас өлсе Сыпатай білдірмеген,

Қоңыраттың нарындай қайран атам,

Дауысыңды сағындым, гүмбірлеген»

Сайын дала төрінде небір дана дүниеге келіп, өз өмірлерінде ақыл парасатымен халқына сүйікті болып, өшпес із қалдырған. Ұлысын ұлылап, данасын данам деп, көсемі мен шешенін мойындап, қадірлеп, қасиеттей білген халық олардың өмір өзені суалған кезде өкінішін де, шерін де бір ауыз сөзбен білдіріп, қалың елге жеткізген.

Ұрпақ тәрбиелеу мәселесі де билердің көңілінен тыс қалып қоймаған. Бөлтірік шешеннің: «Алдындағы ағаңның етегін баспа, жолын қу, Артындағы ініңнің бетін қақпа, белін бу» деген, ел ішінде мақал болып кеткен сөз тіркесінің қаншалықты терең тәрбиелік мәні бар.

Билік жолына түскен жастардың атақты билерден бата сұрау рәсімінің де тәрбиелік мәні зор. Ол рәсімге елдің ұлағатты билерінің үлкен мән беруі соның айғағы. Ертеректе қырғыздың бір манабы әкесіне ас беріп, атшаптырым жердегі елге хабар беріп, асқа шақырыпты. Сол асқа Бөлтірік шешен де келген екен. Үлкен шаңырақта асқа бата сұрағанда Бөлтірік шешен, «Құдайым бәле-жаладан сақтасын» деп қысқа қайырыпты. Бұл сөзге көңілі толмаған манап, қазақтың атақты Бөлтірік шешенінің айтқаны осы ғана ма деген екен. Сыртқа шыққан кезде бәйгеге салу үшін суытылған, кісінеп тұрған үй иесінің сәйгүлігіне көзі түскен шешен оның таңдайындағы қалын байқап қалыпты.

Аламан бәйгеде бірінші келген сол атты Бөлтірік шешен менің құлын кезінде жоғал-

ған малым деп, ешкім байқамаған ерекше белгісі, таңдайындағы қалын айтып дауласып, жеңіп алған екен. Бір-екі жыл өткен соң манапқа қайтарып, бұны істеген себебім берген батамды қабыл етпедің, бәле-жала аяқ астынан деген осы депті. Мінекей, аталы сөз батаның өзінің астарында туыстық пен ауыз-біршілікті сақтап тұратын сөз құдіретінің бар екенінің тағы бір мысалы.

Әлімсақтан қазақ халқы сөз қадірін өз қадірім деп теңей біліп, кеңшілдігімен және елдік санасымен, ірі кемеңгерлігі мен көсемдігімен сол сияқты әділ тіршілігін шешендіктерімен сөйлем, сөзге сыйғыза білген. Қазақ даласының даналары мен билерінің тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен кең даладай көңілдері де сол шешендікпен айтылған дуалы сөздерінде жатыр емес пе. Бітпес даулардың, бәтуәсіз шулардың кесімдері де, шешімдері де би аталарымыздың дуалы сөздері болған.

Қазақ халқы, «ат сүрінгенше» деп ақыл тапқан, ұшқыр ойды қастарлей білген, ғасырлар бойы сөз мұрасын қорғаштап, сөз асылын жоғалтпай сақтап келген, адам мен қоғам қатынастарындағы ардақтысы да, аяулысы да аталы сөз болған халық.

Қазақ халқына аталы да дуалы сөздерін жеткізе білген билер сөздері жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы «Әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді» – деп дәл тауып айтып тұжырым жасаған. Билер жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен арзанды, қиын мен жеңілді әрдайым алға тартады. Мал дауы мен жан дауы, ар дауы мен намыс дауына әрдайым дұрыс шешімін берген. «Тілмен түйгенді, тіспен шеше алмас» деген мақал осыдан қалса керек. Сараңдықты ажуалайды, бата беріп, тілек қосады, азалы қазаны естіртіп, көңіл айтады, жұбатады, тоқтам айтады. «Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды» – деп, ауытқып, бұра тартқан тұстары болса, билер бірін-бірі тоқтатып, әділетке шақырып тоқтау сала білген.

Билер озық ойлы шешен сөздерінің қуаты мен құдіреті, билер сотының риясыз әділдігі

мен адами арлылығы, бекзаттылығы мен беделдігі, осы заманғы әлемдік өркениет үшін де асыл үлгі болып саналады.

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу әрекетіне тікелей қатысты құбылыс.

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Жүсіп Баласағұн «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі - сөз» деп тауып айтқан [5]. Көне замандағы мәдениет ошақтарының бірі – шумерлердің тас табактарына былай деп жазылған екен: «...аузына абай бол, көкейдегі ойды айтуға асықпа, ойланбай сөйлесең, опық жейсің...», ал мексика халықтарында «сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асығып-аптықпа, қызбаланба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұрымтал болсын» десе, үнді заңында «қандай бір қиын жағдайда да балағат сөзге тыйым салынады, көкейге қонымды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылсын» делінген. Бұл адамның сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын, жөнімен сөйлей білудің қажет екенін, сөздің құдіретін мойындаудан туған жауапкершілік [6].

Адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты. Тілдік амалдар – сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар – көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл – жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралы. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайына сәйкес ыңғайланған стилі болады.

Тіл мәдениеті – тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу ті-

лімен қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы. Тіл мәдениеті қамтитын тілдік норманың 3 түрі бар: 1. Тілдік норма (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы). 2. Этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері). 3. Коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары). Сөйлеу мәдениеті орфоэпикалық нормаға негізделген.

Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жете алмайды.

Сөйлеудің бұл сипаты – оның мәнерлілігі. Өзара тілдескенде, лекция, баяндама жасағанда мәнерсіз сөйлеу – ол қаншама мазмұнды ойға толы болса да, әсерсіз, жансыз болып шығады. Ауызша сөйлеудің эмоциялық реңкі интонациямен, мимикамен, ишаралармен білдіріледі. Жазбаша сөйлеуде мұндай мүмкіндіктер жоқ. Сол себепті қағазға жазушы адам өз сөздерін барынша қиыстырып, оларды өз орнына тауып қойып, ойын мәнерлі түрде жеткізе алады. Иә, сөйлей білу – өз ойыңды кемістіріп тұрып айтып бере білу, оның мазмұнын ғана баяндап қоймай, нәзік сырларын сол қалпында жеткізіп, тыңдаушының ет-жүрегін елжіреті білу.

Ел алдында шебер, шешен сөйлеу көп еңбектену, оқып, үйренуді талап етеді. Шешен адамдарда негізінен, сөз көркемдігі ой тасқынынан табиғи түрде туындап жатады. Көркемдік талғам мен шешендік тәсілдерді дұрыс пайдалана білген адам ғана эстетикалық әсер ету күшіне ие бола алады. Сонда шешендік өнерге көп сөйлеп, оны сынаттып үйренуге болады ма, әлде оған жазып дайындалған дұрыс па? бұл орайда әйгілі шешен, данагөй Цицерон былай дейді: «Қалам – көркем сөздің ең жақсы жаттықтырушысы.

Басқалардан үйренуде ең өнеге тұтарлығына теңесуге ұмтылу керек. Өзің үлгі еткен шешеннің жақсысының бәрін алуға тырыс. Оңайын, көзге түсіп тұрғанын ғана емес, ең маңыздысы – шынайы шеберлігіне жету. Ол еліктеу болып кетпеуі керек. Мықтыға қанша ұқсап тұрсаң да, көшірме түпнұсқадан ылғи да көш төмен болады. Халық алдында сөйлеу үшін сөзіңнің өзіндік «бейнесі», өз мәнері болғаны абзал.

Егер өнердің басқа саласындағы аты мәлім шебер бір ісін кездейсоқ дағды-дағысынан нашар орындап қалған болса, оны ол өзі әдейі жасады ма, не денсаулығына байланысты сөйтіп қалды, дей салады. Ал, егер шешеннен сондай бір осалдық тапсыншы, оны тек ақымақтық деп санайды, ал ақымаққа кешірім болмайды. Өйткені адам көңіл-күйге немесе іші ауырғанға байланысты ақымақ болмайды».

Кейбір адамдардың ерсі мінездері бар: басқаның сөзіне құлақ қоймайтын, өзіне айтылған сөзді аяғына дейін тындай білмейтін, өзгелердің сөзіне ретсіз араласып, әңгіменің шырқын бұзатын. Содан сөйлеп отырған адам кейде қақалып – шашалып, тұтығып та қалады. Әрбір адам өз басындағы осы кемшіліктер мен күресе білсе, біздің сөйлеу мәдениетіміз де одан әрі дами түсер еді.

Және де кейбір адамдар диалогтық сөйлеудің талаптарын орындай бермейді. Содан көп сөйлеп, бір сөзді сан мәрте қайталап, тыңдаушысын жалықтырып та алады. Олардың ішінде өзіне қойылған сұрауларға, қарсы пікірлерге жауап бермей, өз ойын тәптіштеп айта беретіндері де кездеседі. Бұл да сөйлеу мәдениетіндегі әдепсіздік.

Ағылшын тілінде қазір «сен» деп сөйлесу іс жүзінде жоқ. Оларда мұндай есімдіктің өзі де ұмытылған. Ол ХҮІ ғасырдың өзінде қолданыстан қала бастап, ХҮІІІ ғасырдың басында оны сыпайы «сіз» деген есімдік алмастырған-ды. Тіл мамандарының түсіндіруінше, көне замандағы «сен» сөзі тек шіркеу тілінде, көтеріңкі, лепті поэзияда ғана сақталған көрінеді. Сол себепті, оны «Уа,

сен!» деп аударған дұрыс дейді. Кейінгі кезде орыс тіліндегі «товарищ» деген қаратпа сөз де ерсі естіліп, қоғамдық орындарда «мужчина», «женщина» деген қаратпа сөздер күштеп орныға бастады. Алайда оны қазақ тіліне аударып: «Еркек!», «Әйел!» деп айқайлар болсақ, ол өте ұятты. Сол себепті сөз мәдениетін түсінегін біздің бауырларымыз қоғамдық орындарда: «Апай», «Ағай», «Қарындас», «Інім» деген қаратпа сөздерді қолданып, ол транспортта, сауда орындарында, театрда өзара қарым-қатынас тіліне сіңісіп кетті. Шіркін, сөз қадірін түсініп, сөйлеу мәдениетін сақтай білсе, біздің қазақ тілінің мазмұны өте бай, сөздері өте сұлу, мейірім, имандылыққа толы ғой.

Қорыта айтқанда, тіл – мәдениеттің басты серіпесі мен негізгі қорғаушы күші. Ұлттық қауқар-әлеуеті және қуаты тіл мен ойдың қорғаушы күштерімен тепе-тең. Қоғам – тіл мен ой-пікірге қаншалықты бай болса, соншалықты қабырғалы әрі қайратты болып саналады. Негізінен, тіл – адамның тіршілік пен өмірдегі оқиғаларға деген көзқарасын, біртұтас ағзаның және оның әр бөлшегінің

ишарасы мен мән-мағынасын қалыптастыратын ең маңызды факторы.

Тіл – сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы болумен қатар, өткендегі олжаларды бүгінгі күнге, ал бүгінгі пайымдарымызды келешекке жеткізу құралы болумен қатар, бүгінгі пайымдарымызды келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды дәнекерлік міндет атқарып келеді. Қабырғалы елата-бабадан мұра болып қалған және қазіргі уақытта жаңа бейнеге, жаңа кейіптерге айналып үлгерген біртұтас зерделі, аңсар-мұратты, ғылыми жетістіктер мен байлықтарды игере алатын құдіретті тіл арқылы ғана мәңгілік тұрақтылығын сақтай алады. Себебі, халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемділігін сақтап сөйлейтін болса, соғырлым өрелі ойлайды, қай деңгейде ойласа, сол аяда сөйлейді. Елбасымыз айтқандай, кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек [2], ол үшін ұлтты біріктіруші басты фактор – мемлекеттік тілімізді құрметтеп, дамыта білуіміз шарт.

Әдебиеттер:

- 1 Қ.Мырзалиев Отарлаушылар ана тілін ұмытқан адамды жақсы көреді // «Намыс kz» газеті. 28 наурыз 2011ж.
- 2 Н.Ә.Назарбаев Туған елім – тірегім. – Алматы, 2011ж.
- 3 А.Темірбеков Өшсе тілім менде бірге өшемін // «Дидар» Шығыс Қазақстан облыстық газеті, 16 қыркүйек 2010ж.
- 4 Б.Қайратұлы. Қазбек бидің сөзі немесе қазақ қандай халық еді? «Намыс kz» газеті, 25 мамыр 2011ж.
- 5 А.Сейсенова Сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас әрекеті // Әділеттің ғылыми еңбектері, №1(9), 2001ж.
- 6 И.Нұғыманов, З.Қашқынбаева Сөйлеу мәдениетінің теориялық негіздері // Қазақстан мектебі, №3, 2000ж.

УДК 37.69.93.007:159.955

Р.Р. Оспанова

Абай атындағы ҚазҰПУ т.ғ.к., доцент

М.М. Муратказин

Абай атындағы ҚазҰПУ т.ғ.к. аға оқытушы

Ж. Даулеткелді

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ФЗИ expertі

Г.Б. Мединеева

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ФЗИ expertі

Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» ЕҢБЕГІНІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Бұл мақалада Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегі негізінде интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы ел тарихының рөлі қарастырылады. Еңбектің әр тарауындағы ұлт тарихының айшықты тұстарының жас ұрпаққа тәрбиелік мәні сараланған. Сонымен қатар, мақалада ұлттық тарих пен мәдениетті ұлттық рух тұрғысынан қарастыру мәселесінің маңызы талданған.

Түйінді сөздер: *Ұлттық келбет, тарих толқыны, шежіре, салт-дәстүр, ұлттық сана, ұлттық тәрбие, жеті ата, тыйым-жора, ар-ұят.*

В данной статье, рассматриваются роль истории казахского народа в формировании интеллектуальной нации на основе книги Президента Н.А. Назарбаева «Тарих толқынында». В каждой главе книги рассматривается роль национальной истории в воспитании молодого поколения.

Ключевые слова: *Национальное воспитание, национальное самосознание, идеология национальной независимости, духовное наследие, честь, национальное своеобразие, духовные ценности.*

This article discusses the role of the history of the Kazakh people in the intellectual formation of the nation based on the book by President NA Nazarbayev «Tarikh tolkynynnda» Each chapter of the book examines the role of national history in the education of the young generation.

Keywords: *National education, national samozoznanie, the ideology of national independence, and spiritual heritage, honor, national identity, spiritual values.*

1999 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» [1] атты еңбегі жарық көрді. Еңбекте автордың Қазақстан мемлекеттілігінің негіздері, тарихы туралы ой-толғамдары сараланған.

Еңбек өмірдің әр түрлі салаларын қамтыған сегіз тараудан тұрады. «Ұлттық келбетті ұлықтайық» деп аталатын бірінші тарауда «...мен өз тарапымнан саясаткер ретінде пайымдағанымды ортаға салуды жөн көріп

отырмын», – дей келе, Елбасы: «Біріншіден, ұлттың стратегиялық мүддесі үшін ахуалдарды өрбітудің қандай сценарийі сай келеді? Екіншіден, нақтылы тарихи үрдістің өзегінде ілгері даму үшін тағы да қандай жолдар бар? Үшіншіден, қалаған жолдың жүзеге асуының нақтылы мүмкіндігі қандай? ...Кез келген ахуалға орай қазақтың ұлттық біртектестігін әрі сақтай білуге, әрі дамытып отыруға қалай қол жеткізуге болады? Рас, бұл мейлінше ауқымды міндет. Алайда,

мәселенің түйіні «тарих тегеурінінің қыспағындағы ұлт пен мемлекет туралы болып отырғанда, қойылар сұрақтың да шек-шекарасын айқындап алу қажет. Себебі бұл мәселе жеңіл-желпі қарауды немесе қателесуді көтермейді. Олай болса, қойылар сұрақ пен жауапкершілік тепе-тең түсіп жатуы керек», – деп өзін толғандырып отырған мәселелер шеңберін айқындайды.

«Егер «ақиқаттың аясында» болғымыз келсе, онда өткені мен бүгіні туралы тым жалпақшешейліктің де, тым томағатұйықтықтың да қажеті жоқ», – деген қағидаға сүйене отырып, Н.Ә. Назарбаев қазақ ұлтының отаршылдық пен кеңестік кезеңдердегі тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелерге қатысты әртүрлі тетіктер мен тарихи ахуалдарға қарамастан, қазақ этностығының тағдырын жан-жақты түсіну үшін отаршылдық кезеңді біртұтас құбылыс ретінде бағалау керек деген тұжырым жасайды. Ал тәуелсіздік кезеңі жайлы: «...ғасырлар бойы мемлекеттігіміздің тарихқа кеткен есесіне өтеу болған жеті жыл... құқықтық, экономикалық және саяси жаңалықтарға қоса, ұлт психологиясына түбегейлі өзгерістер енгізіп, тарихтағы орнын танып-білу сезімін орнықтырды», – дейді.

«Қазақ мәдениеті біздің түркі бабаларымыздың мәдениеті сияқты, қандай әсер-ықпалды бастан кешірсе де томаға-тұйықтыққа берілмеген, ұдайы синкретті болып отырған. Содан да болар, рухани бастаулардың «ұлттық алаңы» қашанда сан-сала мүмкіндіктерге жол ашқан... Әскери технологиядан бастап тұрғын үйді жасақтау тәсіліне дейін, экологиялық ортаны игеруден бастап үй түлігін өсіруге дейін, металлургияның ғажайып технологиясынан бастап әдеби шығармашылықтың ұлы туындыларына дейін – қазақ жері евразиялық ауқымдағы мейлінше кесек мәдени жаңалықтардың мекені екенін тым болмаса жалпы дерек деңгейінде білмеу сауатсыздықтың ең бір сирек айғағы болса керек. Мұның бәрі де әртекті халықтармен және өркениеттермен әрі алуан түрлі, әрі ұзақ уақыт бойы байланыс жасау арқылы ға-

на мүмкін болатын құндылықтар», – деп қазақ халқының мәдениет аясын көрсетеді.

Қазақтың «Менін» сақтауға негіз болатын этнопсихологиялық ерекшеліктерін (этно-мәдени сананың «тұмшаланған күйде болса да сақталуы, өзге халықтармен ассимиляцияланбауы, төл мемлекеттілікке қол жеткізе алғаны, этногенетикалық тұрғыдан жас халық болып табылатындығы) атап өтіп, «қазақтың ұлттық тұтастануы үшін табан тірейтін негізгі идеялық тұғырды» айқындайды: «Бұл – дербес мемлекеттікті сақтау және дамыту. Бұл – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту және нақтылы әрекетке ұластыру. Бұл – Қазақстанның аумақтық тұтастығы». Елбасы сыни көзбен парықтай отырып, «ең кереметі – тарихи өлшеммен қарағанда, азаттықтың алынғаны күні кеше ғана болса, қалыптасқан сана ғасырлар тұңғышымен тамырласып жатыр», – деп, кеудемізге мақтаныш сезімін ұялата отырып, – «азаттыққа, Қазақстан аумағының тұтастығына, нақтылы экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке қол жеткізу дегеніміз мейлінше күрделі және ұзақ уақытқа созылатын, сондай-ақ ұлттың ерекше қажыр-қайратын қажет ететін үрдіс екенін сезіну әрбір қазақ үшін әліппелік ақиқат болуға тиіс», – деп, Қазақстанның тәуелсіздігін, дербестігін, егемендігін толық нығайтудың әлі аяқталмаған процесс екендігін ескертіп, сабырлылыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке, осы бағытта еңбек етуге шақырады.

Қазақ этносының «Менінің» қалыптасуы мен тұрақталуы себептерін Елбасы былай талдайды: 1) қазақ этносы ғасырлар бойы қалыптасқан, тегі мен тамыры тереңде, қазақтар атамекемінен кіндік үзбейді; 2) қазақтың мәдениеті мен өнері ұлттық сананың мән-мазмұнын кеңейтіп отырған; 3) қазақтар ұзақ жылдар бойы діни және этникалық біртектестігінен айнымаған.

«Ұлттық сананың көзге көріне бермейтін» қасиеттерін:

«...қазақ тілінің әдебиетшілдігі дегеніміз, түптеп келгенде, ойлаудың ұлттық ерекшелігі болып шығады... Ғасырлар бойы қазақтың

ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі».

«Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған... тарихи білімнің мұндай жүйесі... тарихи-мәдени оқиғалардың ағыны ретінде бала кезінен сана-сезіміне сіңіп отырған».

«Сұхбаттасқан адамның жан-дүниесін тануға деген құлшыныс, оның ой-сезіміне деген құлықтылық, әсіресе сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырға ортақтасуға бейім тұру – әрбір қазақтың қарапайым қарым-қатынасынан бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отырады. Бұл – бір қасиеті. Сонымен бірге, тек өзімдікі дұрыс деп өндірішктейтін бірмойын да емес. Өзгенің талғам-танымы көңілге қонбай жатса да түсіністікпен қарауға бейім. Өзгенің дүниетанымын, құндылықтарды тануын сергек сезімталдықпен түсіну – қазақ болмысының ең бір аяулы қасиеті. Мұның өзі, қазіргідей қарқынды өмір ахуалына бейімделе білудің қажеттілігі туындап отырған заманда айрықша мәнді», – деп саралайды.

Қазақтың ділін қалыптастыруда ежелден келе жатқан рулық қатынастардың зор маңызын Елбасы былай пайымдайды: «Ру дәстүрі адам санасында берік орныққан, себебі оның қауымдасқан ұжым арасында басқаша тірлік құруына өмір салттың өзі дес бермеген. Күні бүгінге дейін рулық салт-дәстүрлер мен қалып-қағидалардың қайран қаларлық тұрақтылықпен сақталып келе жатқаны да сондықтан... Ру шежіресін білу – сахара төсінде көшіп-қонған қазақтар үшін өмірлік қажеттілік... бұл бүкіл ұлттың әрбір мүшесі үшін моральдық-этикалық қағидаға айналған... жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз етіп отырған».

Рулық қатынастар еңбекте былай талданады: «Қазақ халқы үшін жеті аталық ұстаным мен одан туындайтын рулық байланыс институттарының қандай әсері болған? Біріншіден, жеті аталық ұстанымға

негізделген туыстық байланыс институттары әрбір қазақтың ...білмекке деген ынтасын оятқан». «Бүгінгі таңда бүкіл әлем жаңа технологиялық желімен жалғасқан. Ал біздің тарихымызда жеті аталық ұстаным, рулық байланыс институттары, белгілі дәрежеде сол желілік типтегі далалық биокомпьютерлердің рөлін атқарып, күн сайын өз жадын мыңдаған есе кеңейтіп отырған. ...бұқаралық ауқымда ұлттың санасын байытып, өзінің бай тарихы туралы нақты білімін орнықтырып отырған. Шындығында, жеті аталық ұстаным бойынша әркім өзінің ата-бабасын ғана біліп қоймаған, сонымен бірге олардың ұлағатты істерін, жолсапарларын, мінез-құлықтарын, керек десеңіз, өз бабасы мен оның замандастарының бітім-қасиеттеріне дейін білген». «Екіншіден, жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың... рухани тектілігін дәріптеп, ұлттың сенімін орнықтырып отырған. ...Менің жеті атама дейінгі жадымда сақталған бабаларымның ерліктері мен жеңілістері, бейнеттері мен жеңістері маған ұдайы дем беріп, өз жолымда кездескен кез келген қиындықты жеңетіндей сенімге жетелеп отырады. Міне, дәл осындай идеология әрбір қазақтың жүрегіне жылу берген». «Жеті ата институты қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік ретінде танылған». «Үшіншіден, жеті ата ұстанымдары, туыстық байланыс институттары әрбір қазақпен бүкіл халықтың бабалар рухы алдында іштей жауапкершілік сезімін оятып отырған. ...бұл ұстанымның аясына қазақ өмірінің... моральдық кодексі де, салт-дәстүр мен тыйым-жораларының негізі де қамтылған». «Төртіншіден, жеті ата ұстанымы, туыстық байланыс институты әрбір қазақтың, бүкіл халықтың бойына еш мәжбүрлеусіз мейлінше тегеурінді рухан бірлік сезімін терең сіңіріп отырған. Бір қарағанда жеті ата ұстанымы қарапайым болып көрінгенімен, жанұялық-туыстық етенелікті тірек еткен этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, тап-жылмас темірқазығы болған. Күні бүгінге

дейін, сахараның жазылмаған заңы бойынша жеті атаға дейін бір-бірімен үйленуге рұқсат етпейтін қазақтан басқа жер бетінде бірде-бір ел жоқ. Міне, қазақ халқының даналығы тудырған қуатты генетикалық тамыр қайда жатыр». «Ұзатылған қыз келін болып түскен жеріне өз елінің диалектісін, отбасының жылулығын, мейірбандығын, дәстүрін, әнін, биін, аңыз-әпсанасын, тігіншілік-тоқымашылығын, қолөнерін, тамақ дайындау тәсілдерін – былайша айтқанда, өзінің өскен ортасының барша ерекшелігін өзімен бірге ала келген. Бүгінгі байтақ мекенді қоныс еткен біздің мемлекетіміздің салт-дәстүрі мен тіліндегі тұтастықтың, диалектінің жоқтығының сыр-себебі осында емес пе екен?!».

«...Жеті ата ұстанымы, рулық байланыс институттары әрбір қазақ пен бүкіл қазақ халқын шындыққа, тәңірге және рухани біртұтастыққа бірте-бірте ынтызар етіп, бір-жолата айнымастай ұйыта білген. Мұндай ұстаным халықтың өзін-өзі шыңдау болмысына Сана, Сезім, Ар-ұят және Махаббат сияқты мейлінше мәнді төрт қасиетті дарытқан. Халық Рухын тән тоятынан жоғары қойғызатын тетіктер де осылар». «...әрбір қарапайым қазақ, рулық қарым-қатынас жүйесінің арқасында, байтақ қазақ даласын бір ғана қазақ халқының мекен-тұрағы ретінде ой көзімен шола алған. Сонымен бірге, өзін сол байтақ әлемнің жеке тұлғасы ретінде сезініп-түйсінген. Ұлттық-мемлекеттік институттарға жат жүйелер қазақтың жалпы-ұлттық тұтастығын дамытпаған, керісінше рулық бөлік институттарын ұлтты ыдырататын тетік ретінде пайдаланған». «Қазақ халқының этномәдени тұтастық ретінде сақталуы – тікелей рулардың этноұжымдық жадының арқасы».

«Қазіргі этнос ішіндегі дәстүрлі байланыстың көмескіленуінің негізінде ең алдымен тарихи себептер бар... сатылы туысқандық аясынан шығу арқылы адам азаттығы, оның өзіндік болмысы шектелген... бұл... адам азаттығының өзі тек ру аясындағы сатылы қалыпта ғана мүмкін болады деген сөз», – дей келе, Президент орыс

патша империясының рулық байланыстарды өз пайдасы үшін қолданғанын атап өтеді: 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы», 1824 жылғы «Орынбор қазақтарын басқару туралы» реформалар бір ғасырға созылған көшпелі жұртшылықтың шабынды-жайылым жерлерін зорлықпен тартып алуды бастаған оқиғалар болды. Бүгінгі рушылдық көріністері – қазақ халқының этногенетикалық даму жолындағы өткен кезеңдердің жаңғырығы, деп атап көрсетіп, оны халықтың бірлігін қамтамасыз ету үшін пайдалану міндетін алға тартады.

«Қазақ халқының басым бөлігі, әсіресе жалпы әлеуметтік-саяси қалыптар мен құндылықтарды парықтауда, өкімет туралы және оған ие болу мен оның игілігін көру жолдарын пайымдауда саяси мәдениетінің біртектілігімен ерекшеленеді». Осы орайда ұлттық мемлекеттілік; бірыңғай мемлекеттік-саяси құрылым; республика аумағының біртұтастығы; ел шекарасының мызғымастығы; президенттік басқару үлгісі; қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы сияқты жалпы әлеуметтік-саяси ерекшеліктеріне тоқтала келе, Елбасы: «Жатжұрттық басқыншылармен болған соғыстарда ауыр қырғынға ұшыраған, 30 жылдардағы этноцидтің қанына қасқайып қарсы тұрған, тоталитарлы ғасырды бастан кешсе де мойымаған ата-бабаларымыз іс жүзінде қазақ ұлтының мүддесін қорғауға тиісті мемлекет құру мүмкіндігін ғасырлар бойы дайындады. Енді, бүгінгі таңда қазақ халқы келісті ғұмыр кеше алатын мемлекет құру жолында өз ішіндегі ара-дара келіспеушіліктің салдарынан қарқынын тоқыратып алса, мұны еш нәрсемен ақтауға болмайды», – деп, халықты бірлікке шақырады.

Қазақ тілі мәселесіне қатысты Президент мына тұжырымдарды келтіреді: біріншіден, қазақ тілі әлемдік тіл кеңістігінің бір көрінісі (орыс, украин, өзбек т.б. тілдер сияқты), екіншіден, ұлт болмысының бір көрінісі, «этникалық тұтастықтың түп негізі тіл болса, ондай тілсіз ұлттық тұтастықтың болуы мүмкін емес», үшіншіден, мемлекеттік тіл

мәртебесіне ие болғандықтан қазақ тілі – еліміздің барлық жерінде қолданылатын тіл. Сонымен қатар «мәдениеттің екпіні» терминін «дәстүрдің, талғамның, әдеттің т.б. сабақтастығы» деп түсіндіреді. «Қаракөзді» білмеген, домбыра үніне ұйымаған, жусанды даланың иісін аңсамаған қазақты қазақ деп айтудың өзі қиын-ау. Жалпыұлттық мәдени құндылықтардың осынау тетігі, яғни «сезім құралы» әрқашан да, әр жерде де, әр халық болмысы мен әр ұрпақ бойында да ұдайы сабақтасып отырады. Мұнсыз «ұлттық даралық» та, ұлттың өзі де болмақ емес. «..ең бір мәнді мәселелердің бірі ұлттық дәстүр мен қазіргі институттарды шендестіре сақтай білу болып отыр». Абай, Шоқан, Құрманғазы, бұрынғы Фараби, Қашғари сияқты жұлдыздар шоғыры болмаса, «ғасыр соңында халықтың қандай рухани және білімдарлық биіктерге көтерілерін бір тәңір ғана білген болар еді». Бәлкім, «Қазақ халқының ұлттық зерде-зейінінің алғырлығын, санасын ескерсек, рухани серпілісті мұнан да ертерек бастаған болар еді», – деп, тұжырымдайды.

Кітаптың екінші тарауы «Қазақ даласы – ұлы түркі елінің қара шаңырағы» деп аталады. Бұл тарауда Қазақ даласының Андронов мәдениетінен бергі тарихы қазақ халқының ғана емес, жалпы Орталық Азия аумағындағы халықтардың тарихы мен қазіргі интеграцияның алғышарттары ретінде көрсетілген.

«Ұлы дала ерекше рух пен дүниетанымды қалыптастырды. Түркі тектес халықтар менталитетінің тұрақты сипатының бірі – олардың ең қиын-қыстау кезеңдерінің өзінде де аман қалып, өмір сүру қабілетін жоғалтпайтындығы, өздерінің мәдени тұрғыдан алғандағы ұқсастығын жоғалтпай, таза сақтап қала алатындығы», – дей келе, Елбасы бұл аймақты отарлау саясатының барысы мен салдарлары талдайды: «Орталық Азия халықтарында тұтас бір дәуірді қамтыған оқиға кеңестік қоғамдық-саяси құрылыстың орнауы болды. Орталық Азияда түркі тілде халықтардың сөз жүзінде ғана

формалды түрде тәуелсіздік алуының нәтижесі әр түрлі мәнге ие болды. Мысалы, бір жағынан, мәдениет, ғылым, білім дамып, осы заманғы ұлт қалыптасса, екінші жағынан, ұлттық мемлекетіміз түгелдей формалды сипатта болды, ұлт тілдері өздерінің көптеген қолданылу аясынан (саясат, экономика, ғылым) айырылып қалды, ана тілін білетін адамдар саны күрт азайып кетті. Ұлттық сана-сезім тоталитарлық тәртіп таңған таптық сана-сезімнің құрбандығына айналды, халықтардың жадын әртүрлі айла-шарғы қолдану арқылы өшіруді, сөйтіп барып идеологияландырылған ресми тарихқа ден қоюға бет бұрғызуды көксеумен болды. Орталық Азияны мекендеген халықтар аумағындағы этностық менталитетті орасан зор мөлшерде бағытталған көші-қон ұйымдастыру арқылы өзгерту саясаты мемлекеттік деңгейде ауқымы кең көлемде жүргізілді».

Түркі әлемінің бірігу идеясына көлемді уақыт шеңбері тұрғысынан қарасақ, тарих әрбір түркі халқының түркілердің мәдени әлемінің бөлінбейтін құрамдас саласы екеніне көзімізді жеткізеді. Бірігудің арқасында Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық, саяси рөлінің арта түсуі оңды өзгерістерді туғызуы мүмкін, дей келе, Елбасы: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда... өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз... Әрбір мәдениет өркениеттердің бір-бірімен жанасып, ортақ тіл тауып араласуы арқасында ғана өзінің дербес тұтастығы мен ұқсастығына қайта қол жеткізе алады, өзінің бұрынғы бастауларына оралады. Өйткені, мәдениеттер арасындағы байланыстар үрдісінде шын мәніндегі құнды қазыналарының көкейкесті қажеттілігі барған сайын айқындала түседі. Бұл бағытта едәуір

алға жылжуымызға Түркі халықтарының энциклопедиясын жазудың ізгі ықпалы мол болар еді. Сондай-ақ, Түркі халықтарының патеонын салудың, онда түркі халықтарынан шыққан ұлы қайраткерлерді және жалпы түркілік тарихқа тікелей қатысы бар маңызды оқиғаларды осы заманғы бейнелеу өнерінің тілімен жалпақ дүниеге жария етудің пайдасы зор. Түркі проблемаларын оқытып-үйрететін Халықаралық орталық ашылса, тіпті, нұр үстіне нұр болар еді», – деп, аймақтағы мемлекеттердің интеграциялануының пайдалы, тиімді жақтарын көрсетеді.

Кітаптың «Мәдениет келешегі» деп аталатын үшінші тарауында Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті мәселелері тілге тиек етілген. Еліміздің мәдениетінің қалыптасуына өзге ұлт диаспоралар мәдениеті ықпал жасайтыны атап өтіп, олардың өздерінің түпкі Отанымен байланыс жасауы – Қазақстан аумағындағы әрбір диаспораның кепілдік берілген құқығы болып табылатынына назар аударады.

«Біздің іс жүзіндегі саясатымыз осы тектес байланыстарға ықпал ету арнасында құрылған», – дей келе, Президент әңгімені Қазақстандағы мәдениетті өркендетудің стратегиялық бағыты жөнінде өрбітіп, мәдениет саясатын дамытудың екі жолын көрсетеді: «Біріншісі – ұлттық мәдениет пен диаспоралар мәдениеттерінің жиынтығын қалау, екіншісі – олардың мәдениетінің қазақ мәдениетіне кірігіп, жалпы Қазақстан мәдениетін қалыптастыру». Осы мәдени даму жолдарының екіншісін таңдаған жөн деп пайымдап, оны былай түсіндіреді: қалыптасып жатқан жалпы қазақстандық мәдениет ашықтық негізінде өзге де мәдениеттермен өзара байланыста дамуы тиіс, яғни Қазақстан диаспоралары өз «этно-құрылым мәдениетінің» бір бөлігі болып қана қоймай, ең бастысы, Қазақстан мәдениетінің өкілетті өкілдеріне айналуы тиіс. Себебі Қазақстан жерінде әлемнің ірі халықтарының өкілдері өмір сүруде. «Сонымен бірге олар біздің елдестеріміз, жерлестеріміз, ал азаматтық деңгейлестігіне кел-

сек, ең алдымен, бәрі де қазақстандықтар».

Ұлттар мен ұлыстар туралы әңгімеден соң Елбасы шетелдегі қазақ диаспоралары мәселесіне көшеді. Өз тарихи Отанына көшіп келіп жатқан қандастарымыздың жағдайы жөнінде: «Ал енді көптеген қазақтардың тарихи Отанына оралуға деген талпынысы туралы сөз қозғасақ, олардың оралуы үшін бүгінде Германия мен Израиль өз отандастарына жасап отырғаннан кем жағдай туғызбайтын да уақыт келетінін айтар едік».

Ұлтаралық және мәдениетаралық іс-қимылдар саласындағы біздің ішкі саясатымыз бірнеше жағдайға негізделеді: «Біріншіден, Қазақстанның этномәдени әртектілігі дегеніміз біздің артықшылығымыз, бұл қатерлі тұзақ емес, өркендеуіміздің тұғыры. Екіншіден, қазақ мәдениетінің елдегі барша этностар үшін ұшан-теңіз кіріктірушілік әлеуеті сол қазақ мәдениетінің өзі ашық сипатта болғанда ғана, оның құрылымдық байлығы молығып, уақыт талабына қабілеті сай келгенде ғана іске асады. Үшіншіден, Қазақстанның күллі ұлттық мәдениеттері бір-бірімен өзара байланысты әрі өзара тәуелді. Қазақстанның мәдени кеңістігі – алуан-алуан этномәдениеттердің өзара байланысы мен өзара толығып отыруының кеңістігі».

Бұдан әрі қарай Президент Қазақстандағы дін, діни ұйымдар мәселесіне тоқталып, конфессияаралық татулық туралы ой толғайды. «Мұндай жағдайда жалпы мәдени құндылықтар аясынан тоғысар нүкте табу мейлінше маңызды. Дамудың қазіргі сатысындағы мұндай біртұтастықтың негізі барлық жұрттардың өкілдерін бірегей саяси және азаматтық қауымдастық ретінде Қазақстан Республикасымен біріктіру болуға тиіс. Солай бола да бастады», – дей келе, – Бүгінде тарих толқынындағы халықтардың бірлігіне қол жеткізуден артық маңызды міндет жоқ», – деп тұжырымдайды.

Төртінші тарау «Алаш мұрасы және осы заман» деп аталады. Бұл тарау ХХ ғасырдың басында Қазақстанның тәуелсіздігін армандап, қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өздеріне жүктеген, тәуелсіздік жолында құр-

бан болған зиялы қауым өкілдерінің қоғамдық қайраткерлігіне арналған. «Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау ден санаған» (157). Бұл орайда Президент өткен ғасырдың басында қоғам өмірінде орын алған саяси іс-қимылдарды (қазақ зиялыларының Мемлекеттік Дума қатарына кіруі, «Қазақ» газетінің, «Айқап» журналының шығуы және олардың тарихының дамуы, «Алаш» партиясының құрылуы, оның съездері, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс т.б.) сөзге арқау етеді. «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», – деп пайымдайды.

Бесінші тарау «Ұлттық бірегейлік туралы» деп аталады. «Дүниеде ұлттық бірегейліктің онша көп тәсілі табыла қойған жоқ. Солардың бірі діни бірегейлік... Ол – халықтың құндылықтар жүйесіндегі ең басты тұғыры», – деп бастап, Елбасы «әрине, қазіргі жағдайда көптеген объективті себептерге байланысты ұлтты бірегейлендірудің бұл тәсілі ауырлау. Бірегейлікті қалыптастырудың қосымша тәсілдерінің бірі – суперэтностық қауымдастықтың өркениетті типімен етене болу», – деген тұжырым жасайды.

«Қазірі ислам бүгінгі әлемнің ең кең тараған діні. Онда да іргелі қағидаларды сақтай отырып, күрделі реформалау үрдісі жүріп жатыр. Бұл ахуалдың ислам терең тарихи тамыр жайған елдердің ұлттық өркендеу үрдісінде зор рөлінің бар екенін бағаламасқа болмайды», – деп атап өтіп, Қазақстан Конституциясында артықшылықтардың бірі ретінде айқындалған ождан бостандығы заңдылық ұстанымы ғана емес, дін институтының қо-

ғам өміріндегі маңызы мен рөлін мойындау болып табылады, дейді.

Сонымен қатар Елбасы бірегейлендірудің өзге де тәсілдеріне, атап айтқанда, нәсілдер арасындағы бірегейлендіруге тоқталып: «Біз бұл орайдағы бағдарымызды Қазақстанға сәйкес бұлтарыссыз айқындап алуымыз керек. Өйткені, біздің жер моңғолдану үрдісіне де, үндіевропалану үрдісіне де ұрынды. Қазақстан аумағында, бері қойғанда жүз жылдықтың өнбойында, белсенді будандасу үрдісі болды, яғни, ұлтаралық неке арқылы тұрғындардың қан араласуы етек алды. Сондықтан Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің нәсілдік өлшемі туралы сөз ету... орынсыз», – деп ой түйеді. Сонымен, «... бірегейлік мәселесін шешуге екі деңгейлі көзқарас керек екені аңғарылады». Бастапқы деңгей Қазақстан халқының этникалық қауымдастық ретінде емес, біртұтас азаматтық және саяси қауымдастық ретінде қалыптасуына байланысты. «Сондықтан Қазақстан ұлты дегенді сөз ету әлі ертерек, оның себебі де көп», – дейді Президент. Дәл қазір біздің азаматтарымыздың жасанды бірлестігі ортақ құндылықтармен біріктірілген тұтастыққа ұласуы қажет. Ұлттық-мемлекеттік идея жоғарыдан нұсқау түсірмейді, керісінше, қоғамның нақты дамуынан туындап отырады. Ал бұл ұлттық-мемлекеттік идея басты саяси құндылық ретінде – қай ұлтқа жататынына қарамастан күллі қазақстандықтардың Отаны болып табылатын – бірыңғай, аумағы тұтас, тәуелсіз Қазақстан төңірегінде қалыптасады. Қазақстанның бірлігі, тұтастығы мен тәуелсіздігі бәсекелестік немесе дау-жанжалдық сипаты жоқ, кез келген этникалық қауымдастықтың өкілдеріне ортақ құндылық. Тарих адамдардың іс-қарекеттерін уақыт өткізіп барып таразылайды. Сондықтан осынау қарапайым да айқын ұстанымдардың маңызы бірнеше ондаған жылдардан кейін қазіргіден әлдеқайда еңселді де елеулі болады».

«Бүгін неге этникалық бірліктен гөрі азаматтық және саяси бірлік жайында айтқан жөн?» деген сұраққа Елбасы: Біріншіден,

қазіргі Қазақстанда этникалық әртүрлілік орын алып отырған жағдайда таяудағы тарихи мерзімде этникалық бірегейліктің қалыптасуы туралы айтуға мүмкін емес; екіншіден, біз КСРО тәжірибесінен ассимиляциялаудың, барлық халықтарды бір тілге, бір идеологияға, бір мәдениетке көшіруге тырысушылықтың тарихи апатқа ұшыратқанын көрдік. Демократиялық мемлекетте ассимиляция табиғи эволюция жолымен жүреді; үшіншіден, қазақ халқы тәуелсіз даму тәжірибесін жинап, өзінің төл қазақтық бірегей этникалық санасын қайта жандандыруы керек, – деп жауап береді. Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің ұлттық салт-дәстүрлерін сақтауын мысалға келтіріп, Президент: «Қазақтың ұлттық сана-сезімін дамыту, «қазақ» деп аталатын таңғажайып әрі бай тарихи және мәдени байтаққа өз қатысының барын сезіну – міне, бұл этникалық ең басты артықшылық. Бұл арада дипломатиялық түсініктемелерді жасырудың да, ойдан шығарудың да қажеті жоқ. Бұның өзі барынша қалыпты құбылыс», – деп ой түйеді. Қазақстандықтарда бар біртұтас саяси құндылықтарды бүкіл халықтың азаматтық санасындағы басты әрі басым тетікке айналдыруды бірінші міндет деп көрсетеді. Ал «тарихи таяу болашақта жұрттың бәрін бір ғана қазақстандық ұлтқа айналдыру міндеті тұрған жоқ. Өйткені, бұл Қазақстан халқының этникалық, діни, мәдени алуандығына байланысты мүмкін де емес», – деп қадап айтады.

Тәуелсіздік жылдары орын алған түбегейлі өзгерістер және ұлттық бірегейлікті дамытудың нәтижелері туралы Елбасы: «Біріншіден, қазақтар ғасырдың аяғында өзінің туған жерінде қайтадан басым көпшілік болды... Екіншіден, қазақ халқы бүгінде «әлеуметтік құрылымның барлық сатысынан» көрініп отыр» (әр түрлі мамандықтарды меңгеріп, әр түрлі оқу орындарында білім алып, жаңа технологияға, ақпаратқа т.б. қол жеткізді). «Үшіншіден, бүкіл Қазақстан қазақ ұлтының тарихи-генетикалық мекені екені құқықтық тұрғыдан конституциялық және

халықаралық деңгейде толық негізделді», – деп тұжырымдайды.

Бұл орайда Президент ұлттық сана-сезімді қалыптастыру үшін этникалық мәдениет пен тілді қорғайтын әрі дамытатын білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдары сияқты қоғамдық институттар жүйесіне арқа сүйеудің зор маңызын атап өтеді. Сондай-ақ, «ұлттық сана туралы айтқанда тәуелсіз мемлекеттің барлық нышандарына мемлекет пен оның институттары сай келетін мемлекеттік бірегейлікті алдымен қарастыруымыз керек. Әлемдік тәжірибеде жаппай қабылданған мемлекет мұраты қалыптасып отыр. Тәуелсіз мемлекеттің мәртебесі туралы халықаралық нормалар бар. Ұйымдастырудың ортақ үлгісі ретінде елдердің көпшілігінде демократиялық құқықтық үлгі қабылданған. Мемлекеттік бірегейлік мемлекеттік тұтастықты көздейді. Әлемдік тәжірибеде бар тұтастық типінен мамандар органикалық, геометриялық және ортопедиялық типтерді бөліп алады. Біріншісі – этностың табиғи өз бетімен өркендеуінің жемісі. Екіншісі – этностардың бір мекенге көшіп орналасуының нәтижесі. Үшіншісі – тарихи тұрғыдан байланысы аз, тек саяси күшпен біріккен этностардың мекендік қоспасы.

Қазақстан – органикалық тұтастық. Қазақ ұлысы, бір жағынан, тұрғылықты этнос болып табылады. Бұл оның этногенезі мен тұрақты тарихи өмір сүріп келе жатқан мекені. Екінші жағынан, әңгіме ХХ ғасыр терминдеріндегідей, әншейін ғана мемлекеттік құрастыру хақында емес, сонымен бірге бұрын болған мемлекеттілігін қалпына келтіру жөнінде болып отыр... Сол себепті де, қазақтардың ғасырлар бойы өз мемлекеттігін толық көлемінде өзінің ежелгі мекенінде қайта қалпына келтіруге талпынуы, түптеп келгенде, мемлекеттің органикалық тұтастығы деген сөз... біздің Отанды және оның жерін қорғауға деген көзқарасымыз ата-бабалардан қалған, бұл сезім ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келеді... ұлттық бірегейліктің қуатты факторы ретінде шекараны қорғау мәселесі осы

уақытқа дейін көкейкестілігін жойған жоқ», – деген тұжырым жасайды.

Президент халық тарихының жасампаздық сипатына назар аударып: «Мемлекет құрып, оны нығайту, қалалар салу, керуен жолдарын тарту, ғылыми трактаттар жазу, төл мәдениетін қалыптастыру – бәрі-бәрі жасампаздыққа жатады», – дейді. Мемлекеттіктің белгісі – ақсүйектердің басшылықта болуы деген ой-ын тарихи оқиғалармен, ғалымдардың сөзімен дәлелдей отырып, Елбасы мемлекет нысандарының (рәміздерінің) қалыптасуының мемлекеттіктің тағы бір белгісі әрі тетігі болып табылатындығын атап өтеді: «Көшпелі қазақтарда әскери жарак болған, ...бұйымдарының бірі жорық жалаулары – ту мен буыншақ болды. Жалаулар... екі міндет атқарды, олар аса мәнді киелі нысан болды және шеру мен шайқаста әскерлерді басқарудың тиімді құралы ретінде қолданылды. Әрбір рудың, әр ұлыс сұлтанының, әлбетте әрбір ханның туы болды. Қалыптасқан дәстүр бойынша бір ханда тоғыз туға дейін болуы керек екен. «Тоғыз тулы хан» дегенде көз алдына құдіретті билеуші келген. Орта ғасыр авторларының дерегіне қарағанда, алғашқы қазақ билеушілері «тоғыз тулы хандар» болған. Тулар сырттай биліктің белгісі болып қана қоймай, әскери даңқтың және әскербасы мен әскер абыройының нысаны да болған».

Тарауды қорыта отырып, сөз соңында Елбасы: «Біз қақтың мәдени толқындарға араласуының жемісті де өркениетті мүмкіндігін мойындаймыз. Қақтың мәдени болмысындағы евразиялық табиғатында, біздің ұлы ислам өркениетіне тартылғанымызды да, түркі әлемімен тарихи-мәдени бірлігімізді де жоққа шығаруға болмайды. Ал бұл бірегейленудің екінші түрі, мұның өзі айқын ұлттық төлтумалық жағдайында ғана жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан да, бүгінде қазақ санасына ұялаған әлемдік ахуалдың қаншалықты маңыздылығына қарамастан, мәдени ықпалдастықтан тұратын терең тарихымызға да қарамастан, ең басты «діл» діни де емес, өркениеттік те емес, ұлттық діл

болу керек... Алайда, ұлттық сананы тұтас алғанда этномәдениеттің шалқар өрісіне ғана сауға болмайды, ұлттық әлеуметтік-мәдени жүйе сияқты берік тұғыры болмаса ұлт та қалыптаспайды... Бүгінде қақтың ұлттық санасындағы әлеуметтік-нормативтік жүйесі дамуының мәселе онша көңіл құлазытарлық емес. Өйткені, біз білім беру жүйесінен бастап бұқаралық ақпараттың электронды құралдарына дейін, кең мағынада, қазақ мәдениетін қолдаудың байсалды тетіктерін жасап алдық», – деп сөзін түйіндейді.

Кітаптың алтыншы тарауы «Тоталитарлық тәртіп пен ұлттық ұғымдар» деп аталады. Мұнда тоталитаризмнің жан-жақты анықтамасы беріліп, оның ұлттық санаға әсер-ықпалы жайында сөз қозғалады. «Соңғы жылдары тоталитаризмнің тамашаларын белгілі бір көсемдердің жеке бастарының ерекшелігімен түсіндіруге әуестенушілік сәнге айналды... Бірақ... олардың түпкі негізінде кез келген тоталитарлық доктринаның жан түршіктіретін табиғи және тарихи кінараты – адамның жеке басы мен адамдар қауымын кез келген жоспар бойынша ондауға да, жондауға да береді дейтін түсінік жатады. Өзгені былай қойғанда, мындаған жылдар бойы жинақталған қазынаны тас-талқан қылып қиратып, «жасаймыз жаңа дүние» дейтін тоталитаризмнің ең танымал гимнінің өзі-ақ осыған айқын дәлел», – деп түсіндіре келе, тоталитаризм әсіресе ұлттық сана-сезім, ұлттық болмыс үшін аса қатерлі болды деген тұжырымды алға тартады. Тоталитаризм мен діннің ара қатынасын автор «бір-бірімен сыйыспайтын ұғымдар» деп анықтап, мұны: «Мәселенің мәні – тоталитарлық және діни доктриналардың қисындық (логикалық) және көзқарастық тұрғыдан сыйыспауында. Өйткені... тоталитаризмнің өзі де дін сияқты..., – деп түсіндіре келе, – Кез келген діннің негізінде жатқан терең имандылық дәстүрі жағынан, адамдардың, мәселен, ұлт сияқты ірі-ірі қауымдастығы шеңберіндегі адамның ақыл-ойы мен іс-қимылының белгілі дәрежеде шектеулі екенін түсінуі жағынан алғанда, діни доктринаның тоталитарлық док-

тринадан гөрі тиімді артықшылығы бар. Дін құдайға жүгінген жерде тоталитаризм балтамен шапқылағандай дәреке шешімдер ұсынады; дін имандылық қағидадарына иек артқан тұстарда тоталитаризм топтық мүдделердің жалауын желкілдетеді, дін дәстүрді бетке ұстаған кездерде тоталитаризм дәстүрді зорлықпен жойып жатады», – деп, олардың терең айырмашылығын ашып көрсетеді. Тоталитаризм жүйесінің қазақтың бүкіл тарихын, әсіресе діни тарихын «өлтіре сынға» алуы осы екі жүйе арасындағы қарсылықтың айқын көрінісі болған. Мәселен, «Тоталитаризм мұсылмандардың діни оқуын есепке алмағандығы себебінен ғана қазақтар сауатсыз халықтың қатарына жатқызылды... Бірақ проблеманың аумағы бұдан әлдеқайда кең жатыр. Халықтың бойындағы діни сезімді аластай отырып, тоталитаризм осымен қатарлас тағы бір мәселені шешуге – жаңағы... «бос қуысқа» өзінің сірескен үлгілерін тықпалауға тырысты», – деген баға берді.

Осы ойды өрбіте келе, Президент Қазақстан Конституциясында бір идеологияның жеке-дара үстемдігінен бас тартылғандығы, ұлттық идеология мен идеологияның арақатынасы мәселелеріне тоқталады. «Ұлттық идея өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болады... Сондықтан ұлттық тарихты жиырма бірінші ғасырдың өлшемдері шеңберінде ұғыну ұлттық идеяны тұжырымдаудың алғашқы қадамы болып табылады. Оған керісінше әрекет ету әсте мүмкін емес... Ұлттық идеяның тұжырымы ұлттық тарихтың кеңістігінде жатыр», – деген қорытынды жасайды.

Кітаптың «Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері және тарих тағылымдары» деп аталатын жетінші тарауында: «Орталық Азия халықтары өздерінің бытыраңқылығы салдарынан бірден-бірге ауысып отырып, айналасындағы империялық мемлекеттердің – Қытайдың, Шыңғыс-хан империясының және ақыр соңында патшалық Ресейдің ықпалында болды. Осындай жағдайлар келешекте болуы мүмкін бе?! Ондай ықтималдықты теріске шығаруға негіз жоқ.

Осыған байланысты Орталық Азиядағы тұрысқан мемлекеттердің тарихына және дүниежүзілік тәжірибеге жүгінейік. Сонан соң осы аймақтың ықтимал даму үрдістерін айқынырақ түсіну үшін жаңағыларды болашақпен салғастырып көрейік», – деп, Президент мынадай тағылымдарға назар аударады: 1) Кеңес өкіметінің осы аймаққа қатысты саясатына; 2) Европадағы мемлекеттік ұлтшылдықты дамытудың тарихы мысалына; 3) Араб дүниесіндегі елдердің ең жаңа тарихына. Осы тағылымдарды талдап, Елбасы: «Орталық Азия елдері күшті және тәуелсіз аймақ бола алады, өйткені соңғы 500 жылдың ішінде тұңғыш рет біздің аймақ экономика жағынан дүниежүзілік экономика үшін маңызды аймақ болып отыр» – деп, өңірдегі мемлекеттердің экономикалық әлеуетінің тарихы мен бүгінгі жағдайын зерделей келе, тұрақтылықты сақтап қалудың негізгі міндеттері мен тетіктерін ұсынады.

Еңбектің соңғы, сегізінші тарауы «Тарихтың шеңберлері және ұлттық зерде» деп аталады. Бұл тақырыпта «халық руханиятының бастауларын түсінуге» талпыныс танытылып, «біздің аумақтағы руханияттың алтымың жылғы дамуы» қарастырылған: I кезең – ежелгі арийлер кезеңі (Оңтүстік аймақтағы Сынтасты және Арқайым қорым-кешендері – материалдық айғақтары); II кезең – шамамен 4-5 мың жыл бұрынғы арийлер тарихы мен рухының орталығы біртіндеп солтүстіктен оңтүстікке қарай ауыса бастаған кезеңі; III кезең – 3-4 мың жыл бұрынғы заман, Шығыстағы Гоби далаларында арғы ғұн тайпаларының қалың толқыны туа бастаған кезең; IV кезең – 1,5 мың жыл бұрынғы заман, ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді (жуан-жуан) тайпаларының ежелгі ақсүйек әулетінен тараған ұрпақтар заманы; V кезең – 1300-1100 жылдар бұрынғы – түркі халықтарының рухани орталығы шығыста, Орхон-Енисейде болған кезең; VI кезең – 1100-900 жылдар бұрынғы – Қазақстан аумағына араб-ислам рухының тегеурінді толқыны келе бастаған заман; VII кезең – XI ғасыр

– Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сәулемен нұрланған кезең; ҮІІІ кезең –ХІІ-ХІҮ ғасырлар – Шыңғыс хан жаулап алған заман; ІХ кезең –ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар – алғаш Қазақ хандығы құрылған кезең; Х кезең – ХҮІІ-ХІХ ғасырлар; ХІ кезең – ХХ ғасыр; «ХІІ кезең – 1980 жылдардың ортасынан басталды. Ол халық рухының бұрқ етіп, сыртқа лықсуымен сипатты болды. Мұның арты 1986 жылдың желтоқсаны еді. Бірақ онда рухтан гөрі саясат басым болды. Алтыншы империя гүрс етіп құлады... Біз келесі жетінші империяның құзырында боламыз ба, әлде дербес даму жолын жалғастырып, алыста қалған бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырамыз ба? ...осы міндет біздің алдымызға... бір ғана ұлы мүкіндік

түрінде емес, қатал қажеттілік түрінде де қойылып отыр. Оны шешсек, біз тарихтың өзімізге шақталған мезгіліне сәйкес боламыз, тарихи болымсыздықтың бос қуысында босқа қарманып жүрмейміз...», – деп ой түйеді [2].

Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабы қазақстандықтарға, әсіресе жас ұрпаққа қазақтың түбі терең тарихын, төл ділін, мәдениетін зерделеп берген баға жетпес еңбек болып табылады. Тарихи құжаттар мен фактілерді ой елегінен өткізе отырып, автор ұлттық тарих пен мәдениетті ұлттық рух тұрғысынан саралап, отандастарын қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлы рухын асқақтатуға, тарих тағылымдарын мәңгі жадында сақтауға шақырады.

Әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 2 Қалымбайұлы Е. Қазақстан – ұлы дала өркениетінің қара шаңырағы // Айқын. – 2008. – 14-маусым. – 1-2-б.



«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім»

Н.Ә. Назарбаев.

ӘОЖ 8.80

М.А.Нуриев

профессор,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Абай атындағы ҚазҰПУ

А.Е.Садыкова

пед. ғылым. магистрі

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ бөлім басшысы,

Абай атындағы ҚазҰПУ

ҚАЗАҚ ӨМІРІНДЕ ОРЫН АЛҒАН ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ САҢДАР

Бұл мақалада қазақ өмірінде орын алған дүниетанымдық саңдар туралы қарастырылған. Әр саңның өзіндік ерекшелігі мен саңдардың дүниетанымдық құпиялары жан-жақты ашылған.

Түйінді сөздер: *дүниетаным, саңдар құпиясы, таным проблемасы, киелі ұғым, ұлт.*

В статье рассматриваются некоторые интересные факты из теории чисел и их влияние на жизнь человека. Подробно описываются особенности чисел и их роль в жизни казаха.

Ключевые слова: *мировоззрение, тайна чисел, проблема познания, святое понятие, национальность.*

In article some interesting facts from the theory of numbers and their influence on human life are considered. Features of numbers and their role in life of the Kazakh are in detail described.

Keywords: *outlook, secret of numbers, knowledge problem, sacred concept, nationality.*

«Өзінің тарихын қадірлемейтін, өзінің ұлттық байлығын бағаламайтын халық табысты да бола алмайды, тағдыры да сәтті бола қоймайды» [1], - деп елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, өткенімізге үңілу, тарихымызға көз салу арқылы халқымыздың дүниетанымына көз жүгірту болып табылады. Халық дүниетанымының бір көрінісі – сандық құпияда жатыр. Заман өзгергенмен халықтың сенімі, құпиялылыққа құштарлық сезімі өршімесе өшпейді. Бұл қоғамда болған, бола береді де. Ендеше халық ойын түсініп, ата-бабадан келе жатқан қасиетті саңдарға үңіліп, құпиясын түсіне білу қашанда өзекті мәселенің бірі болып қалмақ. Әр саңның өзіндік ерекшелікке ие екендігін ескеретін болсақ, әр саңның адам өмірінде белгілі бір маңыз екенін жоққа шығара алмаспыз. Қазақ халқының өмірінде түрлі мәнді ерекше сипат бере отырып, жиі қол-

данылатын саңдар тізбегі көп. «3, 7, 9, 40» саңдар тізбегін өзіміздің салт-дәстүрімізден, ырым-тыйымдарымыздан, нақыл сөздерімізден, мақал-мәтелдерімізден анық көруге болады. Бажайлап қарайтын болсақ, саңдар тек қана математика емес, тағы басқа көптеген ғылымдарда маңызы зор екендігін байқаймыз. Тіпті, осы қарапайым 10 цифр болмаса, біз телефон да соға алмаймыз. Жалпы таным проблемасымен байланысты ескілікті наным-сенім түрлерінің тілдік көріністері, әсіресе, сан атауларымен келген тұрақты сөз оралымдарында өте көп кездеседі. Байырғы кездерде халық әр алуан құбылысқа нәзік бақылау жасай келіп, олардың ортақ қасиеттері мен сипаттарын санмен түйіп, санамалап айтып отырған.

Наным-сенімге қатысты «киелі ұғымдар» негізінде пайда болған сандық құбылыстар

өз алдына бір төбе. Сан атауы сәбидің ана құрсағында болу уақытымен байланысты ерекше қолданысқа ие болған. Осыған байланысты, «Он сегіз мың ғаламды бір тарының қауызына сыйдырған» деп философиялық ой түйеді. Сол себепті де, адам – әлемнен де күрделі дейміз. Себебі, ана құрсағындағы тоғыз ай адам ғұмырының ең ұзақ та және ең күрделі кезеңі болып табылады. Оның ұзақтығын түсіну үшін, ұрықтың жетіліп даму мерзімі жер бетіндегі тіршіліктің барлық сатыларын басып өтетіндіктен, мөлшермен 500 миллион жылмен пара-пар екендігіне көз жеткізу қажет. Бұл айтылған ойдың маңызы мен мәніне жету үшін, әуелі тіршілік құпияларына тереңдеп үңілмей болмайды. Өйткені, адам ғұмырының физиологиялық осы кезеңі, күллі тіршілік атаулының тылсымға толы түйіні, тіпті ақыл түгіл, көңіл көзі жетіп болмаған жұмбақ сыры сақталған көмбесі тәрізді. Егер де, ғылыми дәлелдерге сүйенсек, ана құрсағында өсіп жатқан жан иесі өзіне берілген тоғыз айдың ішінде, табиғат шебердің құдіретімен «он сегіз мың ғаламның» сипаттарын түгелдей қайталап шығатындығы белгілі боп отыр. Былайша айтқанда, бір клеткалық тіршіліктен бастап адамға дейін жетілген, биологиялық түрлерді түгелдей басып өтеді екен. Әрине, бұл күллі табиғат жаратылыстары ішіндегі күрмеуі қиын, аса күрделі құбылыс екені даусыз. Мұндай сипат тек шебердің құдіретімен ғана жасалмақ [2].

Сол сияқты, қазақтың ұлттық ұғымында жас саны мүшелмен есептеледі. Халық даналығында осы қағида шын мәнінде тапқырлық санақ есебі екенін ғылым да мойындайды. Бұл тәсіл өткен жылдарды есептеуге де, адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы әрі бірден-бір оңай есептік жүйе. Қазақ халқы адамның өміріне байланысты бірінші мүшелді ананың құрсағындағы мерзімді есептеп 13 деп алған да, қалған өміріне 12 жылды қосып, 25,37,49,61,73,85 т.б жастарды адамның өміріндегі маңызды жылдар деп есептеген. Мүшелдің 12 жылдан қайырлуының өзі адам өмірінің елеулі кезең-

іне сәйкес келеді. Мысалы: бір мүшел (13) – балалық, екі мүшел (25) – күш-қуаттың толысуы, үш мүшел (37) – жан-жақты толысу, төрт, бес мүшел (49-61) – кемелдену, және одан әрі қарттық дәуірге сәйкес келеді [3].

Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-жетілу кезеңінде қатерлі жылдарды мүшел жас деп атап, әр мүшел адам өміріне қауіпті жыл деп саналған. Соған орай, ырымдап, мүшел жасында жаңа киімін біреуге беріп, жаратушыдан саулық тілейді, «құдайы» /садақа/ жасайды. Бұл жасында әр адам сақтанып жүреді, алыс, ауыр сапарларға шықпайды. Ауа райының қолайсыз кезеңдерінде абайлап жүреді. Қазақтардың мұндай сақтануы негізсіз емес. Өйткені, адам ағзасында әр 12 жылда үлкен өзгерістер болып тұрады. Ертедегі шығыстық ғылым осыны анықтаған. Алғашқы мүшел 13 жас – бұл адамның балалық шақтан ересектік шаққа дейінгі кезеңі. Ол кезде ер балалардың дауыстары өзгеріп, қыз балалардың дене бітімі сүйкімді бола бастайды. 13 жас кейбір нәзік балалар үшін қауіпті, өйткені баланың бойындағы өзгеріс кезеңі жәйімен өтсе қауіп жоқ, ал күрт өзгерсе, кейбір балалар жүрек, жүйке ауруларына ұшырауы мүмкін деседі. Осындай мүшел есік қаққанда: «О, Құдірет, мені осы мүшелден қатерсіз өткізе гөр!» – деп Аллаға жалбарынатын.

25 жас – жігіттіктің алғашқы сатысы. Ол кезде ер жігіт бусанып, дене құрылысы өсіп, жетіліп, күші тасып тұратын кез. Бұл мүшелде де садақа беріп, келесі мүшелге дейін аман-есен болайын деп ниет етеді.

37 жас – адам өміріндегі ең басты мүшел. Бұл мүшелде адам жігітшіліктен мосқалдау кезеңге өтіп, ақыл тоқтатып, дүниеге қызыға да, қызғана да қарайтын кез.

49 жас – бұл адамның даналыққа аяқ басытын кезеңі. Бұл мүшелде кейбіреуі немере сүйсе де, кәрілікке мойын бұрмай, «маған кәрілік келмесе екен, әлі де болса қартаймай ойнап-күліп қалайыншы» дейтін кезі.

61 жас – адамның даналығы артып, өзінен туған балаға сын көзбен қарап, басқан ізін

андып, жаман-жақсысын ажыратып, өзі де тәрбиеге келетін кезеңі.

73 жас – бұл кәріліктің мойынға мініп, аяғын тұсап, отырса тұруы, тұрса отыруы мұң, жатса ұйқы жоқ, адамның діңкесі құрып, «айһай, жас кезім-ай» деп көкірегі қарс айырыла күрсініп, дөңбекшіп барып ұйықтайтын кез.

85 жас – бұл мүшелде адамның айдай басы қатып, өзінен кейінгілермен бала құсап ұрсып, жеген тамағын жеген жоқпын деп, өкпелегіш болатын кез. Сол үшін де ел арасында «күлсең кәріге күл», бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар деседі.

Бұл көрсеткіштерге қатып қалған қағида ретінде қарауға болмайды. Медицина мен ғылыми-техникалық өрістің дамуы демографиялық жағдайдың жақсаруына әкеледі. Сондықтан да, қоғамның даму қарқынына байланысты халықтың да өмір сүру жағдайы мен демографиялық көрсеткіштер де өзгеріп отыратынын ескеруіміз қажет.

Сондай-ақ, сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Мысалы, о баста бескүндік апта, бергін келе жеті күндік апта болған. Әр санда өзіндік ие болатынын мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген. Мәселен, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 сандарының қадір-қасиетін былайша топшылығын.

Бір санының киелігін бар санның бастама-сы, бар әлемнің басы деп білген. Сол себепті де, он сегіз мың ғаламның жаратылуы тегін емес. Жаратушы бір Ие бар деп білген. Оны Жаратушы, Алла деп таныған. Соған орай, «Алла жалғыз. Алладан басқа ешбір тәңір жоқ» деген. Ал екі санын бірліктің жоғалуына байланысты тұрақсыздық, теңсіздікпен және махаббатпен байланыстырған. Сол себепті де, күні-түні дем алмайтын екеу: 1. Ай. 2. Күн. Пейіште көрінбейтін: 1. Күндіз. 2. Түн. Пейіште болмайтын: 1. Ауру-сырқау. 2. Ұйқы Екі нәрсемен дос болу: 1. Әйеліңмен. 2. Бастығыңмен. Жақсы дос пен жаман дос: 1. Мал-мүлік. 2. Ұл-қызы. Халық қашады, бірақ құтыла алмайды: 1. Нәпсі. 2. Шәкуат (жүріс жүру) деп тізбектеп әкете

берген. Ал, қазақ 3 санын қасиетті сан деп есептеген. Оның қасиеттілігін алдыңғы екі санның қосындысынан тұрады ($1+2=3$). Үш саны өткеннің, осы шақтың, келешектің символымен байланыстырған. Бұл санның байламдарын былай түйіндеген:

Үш көз: Су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ

Үш тоқтам: Ақыл – арқан, ой – өріс, адам – қазық

Үш қасиет: өліде – аруақ, малда – кие, аста – қасиет

Үш талғам: мейірім – сауап, жақсылықтан шарапат, жамандықтан кесепат

Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз

Үш тәтті: жан тәтті, жар тәтті, мал тәтті

Үш қуат: ақыл, жүрек, тіл

Үш жұрт: өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – міншіл, нағашы жұртың – сыншыл
Енді осыларды таратып айтсақ:

Қайын жұртың қолыңның ұзындығына қарайды,

Жағанның қызылдығына қарайды.

Берсең жағасың,

Бермесең дауға қаласың

Өз жұртың – ағайын,

Бар болсаң көре алмайды

Жоқ болсаң бөліп бере алмайды.

Жақсы болсаң күндейді,

Жаман болсаң жүндейді.

Нағашы жұртың:

Жақсылығыңа сүйінеді,

Жамандығыңа күйінеді.

Әрқашан тілеуіңді тілейді,

Тілеуқорлық ниеті билейді деген.

Үш із: бала, байлық, бақыт – білім

Үш ғайып: қонақ, несібе, ажал

Үш алыс: жер мен көк, жас пен кәрі, жақсы мен жаманның арасы

Үш арсыз: күлкі, ұйқы, тамақ

Үш байлық: денсаулық, ақ жаулық, он саулық

Үш қазына: Ер қазынасы – жүрген із,

Ел қазынасы – көне сөз,

Тіл қазынасы – ескі сөз

Үш мақсат: Саудагер мақсаты – ұту, жол мұраты – жету, дау мұраты – біту

Үш үміт: жазылам деп науқас үмітті, байимын деп кедей үмітті, кетем деп қыз үмітті

Үш қадірлі: ырыс, бақ, дәулет

Үш қадірсіз: жастық, денсаулық, жақсы жар

Үш кемшілік: атың шабан болса – жалғанның азабы, алғаның жаман болса – дүниенің тозағы, балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы.

Үш би: Төле, Қазыбек, Әйтеке билер.

Төрт саны тұрақтылықтың, беріктіктің, әділдіктің символы ретінде бағаланған. Себебі, шаршы түрінде болғандықтан, әлемнің 4 бұрышын, жылдың 4 мезгілін, табиғаттың 4 құбылысы от, жер, су, ауаны білдіреді. Сол себепті де, 4 санының қадір-қасиеттері төмендегіше берілген:

Төрт мүлік: бас сандық, тіл кілт, қол мүлік, аяқ-табақ

Төрт халифа: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли

Төрт періште: Жебірейіл, Әзірейіл, Мекейіл, Исрафил

Төрт кітап: Тәрат, Зәбур, Інжіл, Құран

Төрт пір: Жарлының пірі – қалтақ ата,

Ұрының пірі – жалтақ ата

Шебердің пірі – тепшен ата

Кәрінің пірі – кекшіл ата

Төрт тұлға: от, су, жел, жер

Төрт құбыла: Шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік

Төрт маусым: көктем, жаз, күз, қыс

Төрт тоқсан: қыстоқсан, жазтоқсан, шілдетоқсан, күзтоқсан

Төрт бұрыш: Шын-машын, Мысыр, Рим, Еуропа елдері

Төрт түлік: Түйе пірі – Ойсылқара

Жылқы пірі – Қамбар ата

Сиыр пірі – Зеңгі баба

Қой, ешкі пірі – Шопан, Шекшек ата

Төрт күнә: Аллаға күмән келтіру, нақақтан қан төгу, ата-анаға тіл тигізу, өтірік куә болу.

Төрт тұрман:

1. Ер тұрманы. 2. Мүкәммалы. 3. Жаужарағы. 4. Бес қаруы.

Төрт пайғамбар тірі:

1. Иса. 2. Ыдырыс. 3. Қыдыр. 4. Илияс.

Ыдырыс пен Иса 4-қат көкте, олар періштелермен бірге құлшылық жасайды. Қыдыр шөлдегендерге сусын береді. Илияс су апатына ұшырағандарға қол ұшын береді.

Төрт нәрсені Адам Атаны жаратқанда жібереді:

1. Өлім. 2. Ләпсі. 3. Ашу. 4. Нәпсі.

Төрт асыл:

1. Иман. 2. Намаз. 3. Ілім. 4. Мейір-Шапағат.

Төрт ұры:

1. Азғырушы шайтан. 2. Күпірлік. 3. Тәкаппарлық. 4. Мейірімсіздік.

Төрт дария:

1. Ніл. 2. Фират. 3. Жейхун (Амудария). 4. Сейхун (Сырдария).

Төрт бейғамсыздық:

1. Өлімді ойлау. 2. Залым адаммен отырмау. 3. Онымен сөйлеспеу. 4. Аулақ жүру.

5 санына байланысты:

Бес парыз: Таң намазы, бесін намазы, екінді намазы, ашам намазы, жашиық намазы

Бес қару: садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта

Бес борыш: Аллаға, пайғамбарға байланысты борыш, адамның өзіне байланысты борыш, мемлекет пен халыққа борыш, үйіші жақындарына борыш, адамгершілік әлеміне борыш

Бес жаратылыс: күн, ай, жұлдыз, күндіз, түн

Бес өсиет: топасқа сенбе, жауға иілме, әрқашан сақ жүр, аш үйге қонба, жарлыдан сый алма

Бес қатер: от, жау, борыш, ауру, сөз

6 саны берекені, әсемдік пен үйлесімдікті білдіреді. Ертеде құлға алты сөзді білсе болған екен. Олар: отыр, тұр, жат, жүр, атқар, демал

Алты алаш: Қазақ, қарақалпақ, өзбек, түркімен, қырғыз, жайылма

Алты парыз: Адамдардың бір-біріне алты парызы бар:

1. Бір-біріне сәлем беруге

2. Шақырса баруға

3. Кеңес сұраса ақыл қосуға

4. Сұрағына жауап беруге

5. Ауырып қалса көңіл сұрауға
6. Қайтыс болса жерлеуге қатысуға

Алты асқар:

1. Ақыл. 2. Білім. 3. Жомарттық. 4. Әділдік. 5. Шыншылдық. 6. Кең пейіл.

Алты тоймайтын нәрселер:

1. Көз караудан тоймайды. 2. Еркек әйелден ләззат алудан тоймайды. 3. От отынан тоймайды. 4. Ғалым ғылымнан тоймайды. 5. Бай малға тоймайды. 6. Адам өмірге тоймайды.

Қадым замандардан бері жер бетін мекендеп келе жатқан халықтардың көпшілігі жеті санында сиқырлы күш бар деп санаған. Оны кие тұтып, қастерлеген небір ұлттар да болды. 7 саны өмірлік екі санның 3 пен 4-тің қосындысы деп қарастырылды. 3 адам – әке, шеше, бала өмірдің негізін қалайды. Ал 4 – бұл, жарық, жел, жаңбыр, ылғалдылық жерді жеміс беруге дайындайды. 3 пен 4-тің қосындысы аяқталғаның, тәмамдалғанның, қорытындының белгісі деп саналған. Сондықтан, 7 саны қасиетті сан, өйткені, адам баласы қоршаған ортаны (жарықты, дыбысты, иісті, дәмді) басындағы 7 «тесік» арқылы түйсінген (2 көз, 2 құлақ, 2 мұрынның екі танауы, аузы). Мұсылмандарда Алланың қасиетті орны жеті қат аспан деп саналады. Жапондарда 7 қайырымды құдай, адам өмірінде 7 рет сәттілік болады деп түйген. Соның бірі – қазақ халқы. Жеті саны – халық ұғымы бойынша қасиетті сан. Жеті ата, жеті қазына, жеті ғашық, жеті күлше тарату, әлемнің жеті кереметі, апта күнінің саны жетеу, ғарыш әлеміндегі «жеті қарақшы». Ата-бабаларымыз әлі күнге дейін жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарың, аспан денелерін жеті санымен атап, ата заңдарына, салт-дәстүріне арқау етіп келеді.

Жеті ата. Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп қатты сынға алған. Өйткені, қазақта жеті атаға дейін қыз алыс-

пайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Жеті жұт. 1. Құрғақшылық. 2. Жұт (мал қырылу). 3. Өрт. 4. Оба (ауру). 5. Соғыс. 6. Топан су. 7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жоқ. 1. Жерде өлшеу жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллаһта бауыр жоқ. 6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті қазына. Ол жөнінде пікір талас көп. Алайда қазақтар ертеде жеті қазынаға мыналарды жатқызған: 1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ілім-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Құмай тазы. 6. Қыран бүркіт. 7. Берен мылтық.

Жеті күн: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Жеті амал: тоқсанның кіруі, киіктің матауы, мұздың қатуы, айдын тоғамы, үркердің батуы, қарашаның батуы, күннің тоқырауы

Жеті ата: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

Жеті құбылыс: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан әлемі, жер орта, жер асты

Жеті жетім: Тыңдамаған сөз жетім,

Киюсіз тозған бөз жетім,

Иесіз қалған жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім,

Аққу-қазсыз көл жетім,

Жерінен айырылған ер жетім,

Замандасы қалмаса –

Бәрінен де сол жетім.

Жеті нәрсе жүйкені тоздырады:

1. Ең жеген нан. 2. Зімәдан болған жан.
3. Боямалы тән. 4. Нашадан бұзылған қан. 5. Темекінің түтіні. 6. Арақтың жұтымы. 7. Ақшалы ойынның ұтымы.

Жан-жүйені жадырататын жеті жәйіт:

1. Әкімдердің шарапаты. 2. Ғұламалардың шарифаты. 3. Байлардың салауаты. 4. Кедейлердің қанағаты. 5. Үлкендердің ұлағаты. 6. Жастардың инабаты. 7. Азаматтардың ар-ұяты.

Жегідей жеген жеті кесел:

1. Коррупция. 2. Мафия. 3. Парақорлық.
4. Бюрократтық. 5. Рәкетерлік.

6. Маскүнемдік. 7. Жезөкшелік.

8 санының құпиясы әлемдегі мәңгілік үздіксіз қозғалысты білдіреді. 8 саны – мәңгілік символы ретінде танылған. Сондықтан да, былайша пайымдаған:

Пейіш сегіз түрлі нәрседен тұрады:

1. Дәрісләм – қызыл жақұттан. 2. Дәріл қарар – күмістен. 3. Жәннатіл нағим – замруттан. 4. Жәннатіл ғадин – лағылдан. 5. Жәннатіл мәғуй – гауьардан. 6. Дәрін нақар – нұрдан. 7. Жәннатіл фердәуіс – зұбаржаттан. 8. Жәннатіл ағла – алтыннан.

Сегіз адамға жұмақ лайық:

1. Ораза ұстағандарға. 2. Жаман сөзден сақтанғандарға. 3. Құран оқығандарға. 4. Аш адамға тамақ бергендерге. 5. Жас уақытында намаз оқығандарға. 6. Сиқырдан аулақ болғандарға. 7. Өзіне жақсылық болсын дегендерге. 8. Өзгегеде жақсылық болсын дегендерге.

9 саны – қателіктер мен кемшіліктер бірлестігі. Қазақ халқы 9 санының қасиетін ана құрсағындағы нәрестенің тоғыз ай, тоғыз күн өсіп жетілуімен байланыстырады. Бұл сан адамның ғұмырында пайда болып, жарық дүниеге келетінге дейінгі уақыт өлшемі. 9 өмірге адамды әкеледі. Сонымен бірге, 9 санын болмыстың шыңы деп санаған, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерімізде тоғыз саны қасиетті болып есептелінген (тоғыз шелпек, тоғыз құмалақ, қалың малға үш тоғыз, т.б.).

Алла Тағаланың бұйрығын екі етпей орындайтын тоғыз періштелер:

1. Жәбірейіл – пайғамбарларға Алла Тағаланың сөзін хабарлаушы. 2. Мекайіл – барлық адамға мақұлыққа берілетінірістың уәкілі. 3. Әзірейіл – барлық адамның, жан-жануарлардың жанын алатын Құдай уәкілі. 4. Ысырайыл – ақырызаманға дейін сұлыны алып жүретін періште. 5. Дардайыл – ай, күн, жұлдыздардың уәкілі. 6. Ысмайыл – жер бетіндегі киелілердің жебеушісі. 7. Зұлқайыл

– қиямет күнінде адамдарды алып баратын періште. 8. Ахрайыл – барлық дария, көл, өзен бұлақ сулардың періштесі. 9. Мәлік – жеті тозақтың уәкілі.

Тоғыз-құмалақ – қазақ ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны.

Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғыз-құмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Он саны үйлесімділік пен рухани толығының бейнесі болып саналады. 10 саны ондық санау жүйесінің негізі болып қалыптасып, барлық әлем халықтарында қолданылады.

Он түрлі жаман:

Тәуке хан «Не жаман?» деген сұраққа бір жауап берсе, үш жүздің билерінің бірі жауап берер деп, үш парақ қағазға бірден онға дейін сандарды жазып, үш биге жіберіпті, «Сізден рұхсат болса, жауап береміз», - деп қағазды Қазыбек биге жіберіпті.

Сонда Қазыбек би бірден мына төмендегідей жауап беріпті.

1. Бірлігі кеткен ел жаман. 2. Егесіп өткен ер жаман. 3. Төсектен қашқан ер жаман. 4. Шідірден шошыған ат жаман. 5. Білік адамнан белгілі бала тумаған жаман. 6. Аймағын билей алмаған адам жаман. 7. Жетем деген мақсатына жете алмаған жаман. 8. Серкесіз бастаған қой жаман. 9. Төскейге шыға алмаған кәрілік жаман. 10. 60-тан асқанда қыздай қосылған бәйбішеден айырылған тіпті жаман.

Демек, бұлардан байқайтынымыз әр санның өзіндік құпиясы барлығы. Әрі соған орай халық арасында орын алған наным-сенімдердің тегіннен тегін еместігі. Қандай наным-сенім болса да астарында ғылыми түрде дәлелденген, немесе құпиясы тылсым астарлы ақиқат жатқандығына көз жеткіземіз.

Әдебиеттер:

- 1 Нұрсұлтан Назарбаев: Садағаң кетейін, айналайын халқым! // «Егемен Қазақстан» газеті, 12.09.2013 ж.
- 2 Совет-Хан Ғаббасов. Ұлт тағдыры ұрпақ тәрбиесінде. / «Ұлттық тәрбие» журналы. – №1(9), 2012 ж.
- 3 /kk.wikipedia



«Өзінің тарихын қадірлемейтін, өзінің ұлттық байлығын бағаламайтын халық табысты да бола алмайды, тағдыры да сәтті бола қоймайды»

Н.Ә.Назарбаев.

Алғы сөз

Қазіргі халық шаруашылығына өз еркімен еңбектенетін, өз еңбегінің мәнін түсінетін мақсатқа сәйкес, экономикалық шешім қабылдай алатын экономикалық біліммен қаруланған құнтты, ыждағатты, шаруақор жас мамандар қажеттігі туындап отыр. Экономикалық білім негіздерін оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың экономикалық мәдениетпен, қоғамның экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу, еңбек ете білуге, өндіруге, өзін және өзгелерді рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға қаруландыру. Бүгінгі таңда шағын және орта бизнесті ұйымдастыру нарықтық экономиканың негізі болып табылады және халықтың басым бөлігін жұмыспен қамтамасыз етіп, өте ірі салалар мен жобаларды дамытуға ықпал етеді. Сондықтан, нарықтық экономикаға байланысты тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және ұтымды қолдану мектеп педагогикалық ұжымдарының төл ісі деп білеміз. Біз ұсынып отырған шағын және орта бизнес бойынша мақалалар ұстаздар қауымына сабақтарын жүргізуде қосымша іш шаралар өткізуде материалдық қор ретінде пайдалануларына болады.

ӘОЖ 37.33 330.111.4

М.А. Нуриев

профессор,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Э.О. Телагузова

Экономика ғылымдарының кандидаты

Абай атындағы ҚазҰПУ

Д.М. Советканова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ expertі

Педагогика ғылымдарының магистрі

КӘСІПКЕРЛІК ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Мақалада кәсіпкерлік түсінігіне жан-жақты анықтама берілген. Кәсіпкерліктің негізгі қағидалары мен атқарылатын қызметтері сипатталады.

Тірек сөздер: *кәсіпкер, кәсіпорын, бизнес, сұраныс, маркетинг, тұтынушы*

Данная статья дает системное представление об основах организации предпринимательской деятельности. Последовательно рассматриваются методы предпринимательской деятельности, среда и типы предпринимательских структур.

Ключевые слова: *предприниматель, предприятие, бизнес, маркетинг, потребитель, заявка.*

This article gives a systematic presentation of the basics of business organization. Consistently deals with methods of business, the environment and the types of business structures.

Keywords: *entrepreneur, enterprise, business, marketing, consumer, application.*

Кәсіпкерліктің табиғатын түсіну үшін ең алдымен «кәсіпкерлік» сөзінің мағынасын ашып түсініп алуымыз керек. Қандайда болмасын оқулық немесе газет, журнал беттерін ашып қарағанда «бизнес», «кәсіпкер» деген сөздердің қатар жүретінін байқаймыз. Осы екі сөздің бірінен-бірі айырмашылығы бар ма? Олардың мағынасы неде? Бұл сұрақтарға жауапты біз осы екі терминнің анықтамаларынан ала аламыз.

«Бизнес» - бұл «кәсіпкерлік» түсінігінен күрделірек түсінік. Бизнес сөзі ең алғаш рет ерте грек тілінде «askholia» деп аталып, содан соң латын тілінде «neg+otium», одан ағылшын тіліне «business» деген атауға ие болады. Бұл сөздердің барлығы «іс», «іскерлік», «бос уақыт жоқ» мағынаны білдірген. Ал Ресей сөздіктерінде «бизнес» табыс әкелетін кәсіпкерлік қызмет деп түсіндіреді. Бизнес бұрыннан қалыптасқан, тұтынушыларға танымал болған, тұрақты істің түрі.

«Кәсіпкерлік» сөзін сол сөздіктерде «кәсіпкердің қызметі» деп түсіндіреді. Жалпы «кәсіпкерлік» сөзіне өте көптеген атақты экономист ғалымдардың берген түсініктемелері мен анықтамалары бар.

Олардың ішінде ең алғаш бұл сөзді түсіндірген Кантильон «Кәсіпкерлік деп өзінде тәуекелділік элементтері бар өндірістік шаруашылық қызметтің ерекше түрі».

Жан Батист Сэй «кәсіпкерлік қызмет – бұл үш классикалық өндіріс факторларының біріктірілуі, яғни олар: жер, еңбек, капитал» [1].

А.Смит «нарықтық экономикадағы кәсіпкерлік бұл, аяқ астынан пайда болатын, өз бетінше бастама алатын және өз бетімен реттелетін қызмет түрі дейді» [2].

Маршалл «Кәсіпкерлік қызмет бұл – төрт өндірістік факторлардың бірігуі. Олар: жер, еңбек, капитал және ұйымдастырушылық» [3].

Хайек «кәсіпкерлік ең алдымен жеке еркіндікке байланысты, өйткені ол адамға өз қабілетімен білімдерін, ақпараттарымен, табыстарын өз бетінше пайдалануына мүм-

кіндік береді. Кәсіпкерліктің мәні бұл – қызмет түрі емес, ол жаңа мүмкіншіліктерді іздеу және зерттеу» [4].

Хизрич «Бұл қандайда-да бір құнға ие, жаңа нәрсені қалыптастыру процессі. Кәсіпкер бұл осының бәріне қажетті уақыт пен күшті жұмсайтын, сонымен қатар, осыған байланысты барлық қаржылық, психологиялық, әлеуметтік тәуекелділіктерді өз мойнына алу арқылы, нәтижесінде табысқа жететін және ол жетістігінен жан ляззатын ала білетін адам» [5].

Кэмпел «Кәсіпкердің төрт қызметі арқылы кәсіпкерлік терминінің мағынасын ашады.

- 1 Кәсіпкер өзіне тауарды немесе қызметті өндірудің бірыңғай процессіне жер, капитал және еңбекті біріктіру бастамасын өзіне алатын».
- 2 Кәсіпкер бизнесті жүргізу процессінде негізгі шешімдерді қабылдау мәселесін өзіне алады.
- 3 Кәсіпкербұл–новатор.Коммерциялық негізде жаңа өнімдерді, жаңа өндірістік технологияларды немесе бизнесті ұйымдастырудың жаңа формасын енгізуге талпынушы тұлға.
- 4 Кәсіпкер бұл тәуекелге бара алатын адам.

Самуэльсон«Кәсіпкерлікноваторствамен, жаңалық енгізумен байланысты, ал кәсіпкер бұл - өзіндік ерекше ойлау қабілеті бар, батыл адам. Ол жаңа идеяларды тиімді енгізуді іске асырады» [6].

Друкер «Кәсіпкерлік бұл – барлық салаларда, соның ішінде басқару саласында жаңалықтарды енгізумен байланысты нақты қызмет түрі» [7].

Барр «Кәсіпкерлікке тек қана творчестволық, ізденушілік қасиеттер ғана емес сонымен қатар, ұйымдастырушылық қасиеттерде болуы керек».

Крупанин «Кәсіпкерлік азаматтардың өз бастамасымен іске асыратын және пайда табуға бағытталатын өз бетінше қызметі» [8].

Семененко «Кәсіпкерлік экономикалық және құқықтық заңды еркіндікке, жеке

бастамаға негізделіп ұйымдастырылған өндірістік-коммерциялық қызмет».

Бусыгин «Кәсіпкерлік – бұл қалыптасқан экономикалық байланыстар жүйесінде инновациялық жолмен жасалатын және тәуекелділікке негізделген іскерлік, белсенділік формасы. Мұндағы өндірісте және нарыққа тауарлар шығаруда кәсіпкерлік пайда әкелуге бағытталады».

Бұл анықтамалардың барлығындағы ұқсастықтары бар, оларды түйіндеп айтар болсақ, кәсіпкерлік бұл өз бетінше, тәуекелдерге бара отырып, іске асырылатын қызмет және ол өзінің қолда бар мүлкін пайдалану арқылы, жүйелі түрде пайда алуға бағытталған қызмет түрі. Кәсіпкерлік қызмет өзінде қандайда бір белгісіздікті, сонымен қатар тәуекелділікке бел бууды білдіреді дей аламыз.

Сонымен, көріп отырғанымыздай, бизнестің кәсіпкерліктен басты айырмашылығы ол тәуекелділікті айналып өтіп, көбінде оларды азайтып және тұрақты түрдегі табысты алуды көздейді. Бизнес ол бұрыннан белгілі, тұрақты қалыптасқан істің түрі. Мысалы бизнес компьютерлік технологиялар саласындағы немесе мұнай-газ саласындағы бизнес болуы мүмкін. Бизнес осындай салалардағы дайын тұрған істің түрін пайдалану арқылы тұрақты түрде пайда алуды көздесе, ал кәсіпкерлік үлкен тәуекелділіктерге бара отырып «новаторлық» жаңа ойларын, «идеяларын» іске асырып, сол ісі арқылы табыс алуға негізделген. Мысалы қазіргі күні бүкіл әлемге аты әйгілі, интернет желісіндегі «Фейсбук» әлеуметтік желісін ойлап тауып, оны іске қосып және сол арқылы мол табысқа кенелген жарқын «новатор» кәсіпкер ретінде Марк Цукербергті атауға болады. Ал осы дайын «Фейсбук» әлеуметтік желісінің көшірмесін жасап «В контакте» деп атап, оны іске енгізіп, сол арқылы пайдаға кенелген Ресейлік Павел Дуровты біз бизнесмен деп атауымызға болады.

Бизнестің айналым көлемі кәсіпкерлікке қарағанда ауқымды, көлемді болады. Сондықтан бизнес шағын және орта іспен

айналыспайды. Оларды шағын және кәсіпкерлерге қалдырады. Ал шағын және орта кәсіпкерлер табыс алу үшін, ірі бизнес өкілдеріне қарағанда анағұрлым тәуекелдерге барады. Тағыда нақты мысал келтірейік, кәсіби шаштараз өз ісін бастағысы келеді дейік, оның осы істі бастаудың екі жолы бар. Біріншісі, ол қандайда бір бөлмеде, өзінікі немесе жалға алып, қажетті құрал-жабдықтарын сатып алып жұмысын бастайды. Ал екінші жолы ол өзінен басқа мамандарды, яғни маникюр, педикюр, басқада шаштараздар мен осы салада маманданған қызметкерлерді қасына жалдап алып, оларды басқарып ісін бастайды. Бұл жолдардың екіншісінде әрине айтпасада шығындардың анағұрлым көп болатыны белгілі. Осы мысалда біз бірінші вариантта адам жеке кәсіпкер екендігін көріп отырмыз, ал екінші вариантта адам басқарушы, ұйымдастырушы, жүйені құрастырушы, адамдардың еңбегін қолданып табысқа жетуші бизнесмен ретінде көре аламыз.

Дегенмен де екі сөздің де бір ортақ мағынасы «іспен айналысу», сонымен қатар біздің еліміздің заңнамасында «бизнес» сөзі жоқ, тек қана «кәсіпкерлік» сөзі бар. Ал «бизнес» сөзінің біздің әдебиеттерде пайда болып, қолданысқа енуі ол бізге шетел әдебиеттерінің енуіне байланысты пайда болып отыр. Бізге дұрысы «кәсіпкерлік» және «кәсіпкер» терминдерін қолдану және біздің алдымызда шағын және орта кәсіпкерлікті терең оқып, оның қыр-сырын түсініп алу мақсаты тұр. Бұдан біз осыдан әрі қарай тек осы шағын және орта кәсіпкерлік қызметтері туралы сөз қозғайтын боламыз.

Экономикамызды дамытудың қозғаушы күші ретінде кәсіпкерлерді, соның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін атауға болады. Өйткені нарықта жаңа тауар мен қызмет түрлерін ойлап тауып, оларды өндіріске шығарып, жаңа технологияларды іске қосатын осы кәсіпкерлер.

Кәсіпкер болу үшін адамның кейбір жеке басының қасиеттері соған сәйкес болуы керек. Ол мол фантазия мен қыруар идеяларға

бай творчестволық адам болуы керек.

Кәсіпкерліктің негізгі қағидалары:

1. Тәуелсіздік негізінде өз қызметін еркін таңдау.

2. Кәсіпкерлік қызметке заңды тұлғалар мен азаматтардың мүлкі мен қаражаттарын тарту

3. Қолданыстағы заңнамаларды сақтай отырып өз бетінше қызметінің бағдарламасын қалыптастыру, жабдықтаушыларды, тұтынушыларды таңдау және өндірістік шығындарға байланысты бағаны қалыптастыру

4. Қызметкерлерді еркін таңдай алу

5. Заңмен шектеу қойылмаған немесе тиым салынбаған материалды-техникалық, қаржылық, еңбек, табиғи және басқада ресурстарды тарту және пайдалану.

6. Заңмен қалыптастырылған төлемдерді өтегеннен кейін қалатын пайданы еркін бөлістіру

7. Кәсіпкердің (заңды тұлға болса) өз бетінше сыртқы экономикалық қызметін іске асыру

8. Кез-келген кәсіпкердің оған тиесілі валюталық түсімдерін өз қалауынша пайдалануы

9. Кәсіпкерліктің атқаратын қызметтері. Атақты экономист Шумпетер кәсіпкерліктің келесідей қызметтерін атап көрсеткен:

– Жаңа, әлі тұтынушыларға белгілі болмаған материалдық құндылықты жасау немесе бұрыннан белгілі материалдық құндылықты жаңа сапамен жасап шығару.

– Белгілі-бір өнеркәсіп саласында бұрын-соңды қолданылмаған өндірістің жаңа тәсілін енгізу.

– Істі ұйымдастырудың жаңа тәсілін енгізу.

– Жаңа шикізаттар немесе жартылай фабрикаттарды пайдалану.

– Өнімді өткізудің жаңа нарықтарын басып алу.

Ал қазіргі кәсіпкерліктің қызметтері: новаторлық немесе жанашылдық функциясы. Бұл жаңа қызметтер мен жаңа тауарларды жасап шығару, тәжірибелік-конструкторлық

өңдеулерді іске асыру, жаңа идеяларды іске асыру процессіне әсер ету.

Ұйымдастырушылық функциясы – бұл өндірісті ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін, сонымен қатар еңбек ақы төлеудің жаңа формаларын енгізу болып табылады.

Шаруашылық функциясы – бұл еңбек, материалдық, қаржылық, интеллектуалдық және ақпараттық ресурстарды ең тиімді жолмен пайдалану.

Әлеуметтік функциясы – бұл басты мақсатқа сәйкес, сонымен қатар негізгі экономикалық заңдардың талаптарына сәйкес келетін, қоғамға қажетті тауарлар мен қызметтерді жасап шығару.

Жеке бастық функциясы – бұл кәсіпкердің жеке тұлға ретінде, алдына қойған мақсатына жету, өз жұмысынан қанағаттану арқылы кәсіпкердің тұлға ретінде қалыптасуы.

Кез-келген кәсіпкерлік істі бастамас бұрын, кәсіпкердің қандайда бір идеясы немесе ойы болуы тиіс. Кәсіпорынның идеялары үш сұраққа жауап беруі тиіс. Кім үшін және кімге? Нені және қандай? Қалай?

Яғни бұл үш сұрақ экономикалық теорияның алдына қойған маңызды сұрақтары, ол өндіріс кім үшін немесе кімге арналғандығын анықтап алу керек, яғни тұтынушыларды анықтап алу; нені өндіреді немесе қандай өнім өндіруді сұрайды, яғни сол тұтынушыларға не қажеттігін анықтап алу керек; оларды қалай өндіреді, яғни өндірудің әдіс, тәсілдерін анықтау керек деген сөз. Осы сұрақтардың жауаптары кәсіпорынның немесе кәсіпкердің мақсаттар жүйесі болады.

Сонымен қатар, тұтынушыларды шабыттандару мақсаттарын үш топқа топтастырамыз: стратегиялық, спецификалық және бір реттік. Әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Стратегиялық мақсаттарға:

— Тұтынушылар санын ұлғайту;

— Бір тұтынушының сатып алатын тауар санын ұлғайту;

— Тауар айналымын маркетингтік жоспарда көрсетілген көрсеткіштер деңгейіне

жеткізу;

— Сатылым жоспарының көрсеткіштерін орындау;

Спецификалық мақсаттарға:

— Ең тиімді тауарлар сатылымын жылдамдату;

— Тауар айналымын жоғарылату;

— Артық қорлардан босатылу;

— Маусымдық тауарлардың сатылу жиілігін тұрақтандыру;

— Бәсекелестерге қарсы тұру;

— Тұрып қалған тауарлар сатылымын тұрақтандыру.

Бір реттік мақсаттарға:

— Жыл сайын болатын мерекелерден табыс табу, мысалы жаңа жыл т.б.;

— Жеке қалыптасқан бәр мүмкіндіктен табыс алу;

— Жарнамалық компанияны жетілдіру.

Міне осы мақсаттарды ұстана отырып, кәсіпкерлік істі бастауға болады. Кез-келген кәсіпкерлік қызметті бастау үшін ең алдымен, кәсіпкерлікті қозғаушы күш жаңа ой, ұсыныс болу керек. Кәсіпкерлік ойларды іске асыру үшін, ұсыныс ойлар келесідей қасиеттерге ие болуы керек. Олар: субъектінің кәсіпкерлік қызметіне байланысты, белгілі-бір бағытта жинақталған ой пікір болуы тиіс; өзінің нақты өндірістік шарттарына сәйкес келетін жинақталған ой-пікірлердің ішінен ең перспективалы ұсынысты таңдау жасау мүмкіндік болуы; таңдап алынған ойды нақты экономикалық көрсеткіштеріне таңдау жасау негізінде талдау жасау; кәсіпкерлік ойлардың жинақталу көздері, яғни ол ойлар қай жерде пайда болады, кәсіпкерлік ойлар ең алғаш тауарлық нарықтан, одан кейін, ғылым және техниканың жетістіктерінен, қоғамдық өндіріс процессіндегі географиялық алшақтық және оның құрылымын талдау арқылы, презентация, кездесулер, симпозиумдар, бәсекелестердің потенциалды ойларынан, экономикалық пәндерді оқу арқылы алынған білімдер негізінде және сұраныс заңдылықтарын білу негізінде, бұрыннан өндіріліп отырған өнімдерді талдау арқылы. Кәсіпкерлік ой негізіне ке-

лесілер жатады: белгілі-бір кәсіпті жетік білу; кәсіпкерлік қызметке әсер ететін сыртқы факторларды білу; өзінің өмірлік мақсатын іске асыруға талпыну және қоғамда өзін тұлға ретінде мойындатуға талпыну; жеке меншік иесі болуға талпыну; өзінің байлығын арттыруға талпыну; өзінің мүмкіншілігі шегінде жұмыс істеу қажеттілігін мойындау; өз ісін қалыптастыру үшін қажетті ресурстарды алу жолдарын білу; болашақ кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын таңдай білу; потенциалды тәуекелділіктерді білу және оларды басқара білу; бухгалтерлік және басқару есебінің негіздерін білу және оны кәсіпорында қолдана білу.

Кәсіпкердің ойына келген барлық ойлардың ішінен ең тиімді ойды таңдай алу сипаттары, яғни ол сипаттар бойынша кәсіпкер ойының тиімділігін анықтауға болады. Оларды атап өтсек: ойдың тиімділігі, нарықты басып алу перспективасы, ойды іске асыру үшін қажетті уақыт, ойды іске асыру үшін қажетті капитал мөлшері, ресурстардың қол жетімділігі мен бағасы, қажетті жұмыс күшінің қол жетімділігі.

Әдетте кәсіпкерлік іс-әрекет келесідей жалпы схема бойынша өтеді: кәсіпкерлік ойдың тууы; одан соң ол ойдың бастапқы мамандардың бағалауынан өтуі; нарықтық ақпарат жинақтау, яғни сұраныс пен ұсыныс, бағаны анықтау, олардың арасындағы ара қатынасты анықтау; өндіріс шығындарын есептеу; ойды іске асыру мүмкіндігінің тиімділігін анықтау; мамандардың бағалауы; нарықтық ақпаратты алу, яғни мұндада сұраныс, ұсыныс, бағаны анықтау. Кәсіпкерлік ой осы схемамен іске асырылады.

Жалпы осының ішіндегі нарықтағы ақпаратты алудың негізгі көздеріне мыналар жатады: жергілікті жарнамалық баспалар; жалпылама ақпаратты тарату құралдары, ол телевидение, радио, газеттер, таныс кәсіпкерлер, ғаламтор, арнайы баспалар, арнайы журналдар, нормативтік актілер, прооспектілер т.б., арнайы әдебиеттер, маркетингтік зерттеу нәтижелері, кеңес

беруші мамандар, арнайы жасалған мәліметтік базалар, мемлекеттік органдар, құрылымдардың ақпараттары.

Кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілері:

1. Қызметті пайда табу мақсатында жүзеге асыру.

2. Қызмет бойынша барлық тәуекелділікті өз жауапкершілігіне алу, яғни, ертеңгі күні қолында бар мүлкімен жауап беру.

3. Ең жақсы нәтижеге жету үшін өндірістің аралас факторларын пайдалану, қолда бар ресурстарының тиімді пайдалануға негізделген процесс.

4. Қызметті жүйелі түрде үздіксіз жүргізіп отыру.

5. Тұтынушылардың сұранысына ие жаңа тауарларды, қызметтерді жасап қалыптастыру процесі.

Кәсіпкерлік процесі келесідей кезеңдерден тұрады:

1. Бизнесінің мүмкіндіктерін анықтау және бағалау. Бұл кезеңде кәсіпкер бизнесінің ұзақтылығын, бизнесіні шығаратын нарық мүмкіндіктерін, бәсекелестеріне талдау жүргізу, нарық және кәсіпорын үшін бизнес мүмкіндіктерінің құндылығын анықтау, бизнесінің мүмкін болатындығын анықтаған жағдайда тәуекелділікті және одан алатын пайдасының мөлшерін анықтау, кәсіпкердің жеке басының мүмкіндіктерін, яғни оның жалпы білімі және дағдыларын бизнеспен

байланыстырып, салыстыру керек.

2. Бизнесінің жоспарын жасау. Бұл кезеңде бизнес жоспарды бөлімдерге бөліп құрастыру жұмыстары жүзеге асырылады. Оның бірінші бөлімі кіріспеден, бизнесінің сипаттамасынан және мазмұнынан басталады. Екінші тарауда кәсіпорынның сипаттамасына қысқаша түйіндеме беріледі. Мұнда сонымен қатар саланы талдау, өндіріс жоспары, маркетинг жоспары, қаржы жоспары, ұйымдастырушылық жоспарлар болады. Соңында қорытынды және есептеулер жасалады.

3. Қажетті ресурстарды анықтау. Бұл кезеңде кәсіпкер ең алғаш қолда бар ресурстарды анықтайды, содан соң қажетті ресурстардың мөлшерін, оларды беретін жабдықтаушыларды анықтайды және сол жабдықтаушылармен тіл табысу жолын қарастырады.

4. Кәсіпорынды басқару. Бұл кезеңде кәсіпкер ұйымды басқару стилін өңдеп жасайды, қадағалау жүйесін енгізеді, ұйымдастырушылық процедураларды жасайды, үздіксіз түрде талдауды жасайды және табыстылыққа әсер ететін факторларды анықтауы керек.

Міне осы кәсіпкерлік қызметтің барысында жасалатын негізгі жұмыстар болуы тиіс және бұл процесстерді тереңірек біз арнайы тарауда толығымен қарастыратын боламыз.

Әдебиеттер:

1. А.Н. Асаул, М.П. Войнаренко, П.Ю. Ерофеев «Организация предпринимательской деятельности» Учебник. Под ред. д.э.н., проф. А.Н. Асаула. – СПб.: «Гуманистика», 2004. – 448с.
2. С.С. Носова, Экономическая теория, 2008ж.
3. М.Б. Бисенғазин, А.Ш. Хамитов «Кәсіпкерлік негіздері».
4. Д.Қ. Қабдиев, «Экономикалық саясат» Лекциялар, – Алматы, 2002ж. «Экономика».
5. Хизрич Р., Питерс М. «Предпринимательство или как завести собственное дело и добиться успеха» - Москва: Прогресс-Универс, 1991 - с.160
6. Самуэльсон Пол Э., Нордхаус Вильям Д. Экономика: Пер. с англ.: 16-е изд. М., 2001ж.
7. Розділ: Управління персоналом Питер Ф. Друкер. Эффективный управляющий.
8. А.А. Круппанин, Основы регулирования предпринимательства. – СПб.: СПбГИЭА, 1998.

ӘОЖ 37.33 330.111.4

М.А. Нуриев

профессор,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Э.О. Телагузова

Экономика ғылымдарының кандидаты

Абай атындағы ҚазҰПУ

Д.М. Советканова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ эксперти

Педагогика ғылымдарының магистрі

ҚР-ДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЫСАНДАРЫ: ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада шағын және орта кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысандары мен заңнамалық негіздемелері қарастырылған. Шағын және орта кәсіпкерлікті тіркеу ережелерімен заңнамалық негіздеріне сипаттама берілген.

Тірек сөздер: *кәсіпкерлік, жеке тұлға, банк, салық, жеке кәсіпкер.*

Данная статья дает системное представление об основах организации предпринимательской деятельности. Последовательно рассматриваются нормативно-правовые акты, регламентирующие деятельность предприятия.

Ключевые слова: *предприниматель, бизнес, банк, налог, потребитель.*

This article gives a system idea of bases of the organization of business activity. The normative legal acts regulating activity of the enterprise are consistently considered.

Keywords: *businessman, business, bank, tax, consumer.*

Шағын немесе орта кәсіпкер болуды көздеген кез-келген тұлға ең алдымен, өзіне лайықты кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысанының түрін тандап алуы тиіс. Бұл мемлекетпен, тұтынушылар, жабдықтаушылар және басқада тұлғалармен кәсіпкер ретінде қарым-қатынас жасауы үшін керек. Жеке кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысанын екі топқа бөліп қарастырамыз, ол дара кәсіпкерлік және заңды тұлға. ҚР «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 224-ІІІ Заңына сәйкес «дара кәсіпкеролзаңды тұлғаны құрмай-ақ, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асырушы және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған шарттарға сай келетін Қазақстан

Республикасының азаматы немесе оралман». Заңды тұлға – өз мүлкі бар және осы мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін ұйым. Заңды тұлғаның жеке балансы және мөрі болуы тиіс.

Дара кәсіпкерлікті кәсіпкер өз бетінше, сондай-ақ басқада азаматтармен бірлескен түрде жүзеге асыруы мүмкін [1].

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға, өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде,

сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары:

1) ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі;

2) шаруа (фермер) қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

3) жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігін жүзеге асырған кезде жұбайлардың бірі екінші жұбайдың келісімімен іскерлік айналымда ерлі-зайыптылардың атынан әрекет етеді, келісім дара кәсіпкерді тіркеу кезінде расталуы немесе дара кәсіпкердің қызметі мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асырылған жағдайларда жазбаша түрде көрсетіліп, нотариалдық жолмен куәландырылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің іскерлік айналымда ерлі-зайыптылар атынан әрекет етуіне екіншісінің келісімі болмаған кезде іскерлік айналымда әрекет ететін жұбай дара кәсіпкерлікті өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратындығы көзделеді.

Жай серіктестік нысанын пайдаланатын дара кәсіпкерлік Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Дара кәсіпкерлер өз міндеттемелері бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріп алынбайтын мүлікті қоспағанда, өздерінің барлық мүлкімен жауапты болады.

Жеке тұлға өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде өзіне меншік құқығымен тиесілі барлық мүлкімен, соның ішінде ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі үлесімен жауапты болады.

Жеке тұлға жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда, оның борыштары бойынша өндіріп алу ерлі-зайыптылардың

ортақ мүлкіне де қолданыла алады.

Жұбайлардың жеке кәсіпкер болып табылмайтын әрқайсысының мүлкі өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жұбайының біреуінің борыштары бойынша өндіріп алуға қолдану нысанасы бола алмайды.

Ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігін жүзеге асырған кезде ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлікті жүзеге асыруға байланысты борыштары бойынша өндіріп алу олардың қайсының іскерлік айналымда әрекет ететініне қарамастан, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне қолданыла алады [2].

Дара кәсіпкер өз қызметін жүзеге асыру кезінде іскерлік құжаттаманың дербес бланкілерін, мөрдi, мөртaнбаларды пайдалануға құқылы.

Жеке кәсіпкерлер мынадай құқықтарға ие:

1. заңмен тыйым салынбаған нәрсенің барлығын жасауға;

2. тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) арнап өз бағаларын белгілеп отыруға (бәсекелестікті шектеумен байланысты болып келетін тауарларды санамағанда);

3. Қазақстанның ішінде, сондай - ақ шетелде (сыртқы экономикалық қызмет) жұмыс істеп отыруға;

4. өз мүдделерін қорғау мен ұсыну үшін түрлі бірлестіктерге бірігіп отыруға;

5. жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері арқылы заң жобаларын әзірлеу кезінде сарапшы болып отыруға (сарапшылық кеңестердің жұмысына қатысуға);

6. құқық қорғау, сот және өзге де мемлекет органдарына өз құқықтарын қорғау үшін арызданып отыруға;

7. кәсіпкерліктің барлық мәселелері бойынша заңдардың орындалмауына немесе бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы өз ұсыныстарын енгізіп отыруға;

8. егер кәсіпкерлер жеңілдетілген салықтық декларация (салықтық есепке алудың түрі) бойынша жұмыс істеп отырса, онда олар жұмысқа қызметкерлерді алуға құқылы;

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, тіркеу орнына келіп тіркелуі сипатында болады және дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу кезінде мәлімделген орналасқан жері бойынша аумақтық салық органында есепке қою болып табылады. Яғни, дара кәсіпкерлікпен айналысқысы келген тұлға, өзінің тіркелген мекен-жайы бойынша салық комитетіне келіп тіркелуі тиіс.

Айта кететіні бұл жерде келесідей табыс табатын жеке азаматтар мемлекеттік тіркеуден өтуі міндетті емес:

1. төлем көздерінен салық салынатын табысы;

2. мүліктік табысы;

Ал мынадай жағдайларда жеке тұлға міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс:

1. Тұрақты түрде жалдамалы жұмысшылардың еңбегін қолданушы;

2. Жеке тұлғаның жылдық табыс айналымы жеке тұлғалар үшін белгіленген жиынтықты жылдық табыс көлемінен асып түссе. Жиынтықтық жылдық табысының салық салынбайтын көлемі Қазақстан Республикасының әрбір есептік жылға республикалық бюджетті бекіту туралы заңымен бекітілетін минималды айлық жалақысының 12-мөлшердік көлеміне сәйкес.

Дара кәсіпкер ретінде тіркеуден өту үшін келесі құжаттарды салық комитетіне ұсыну керек:

1) Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті алуға өтініш (бекітілген нысанда салық комитетінен беріледі);

2) 3x4 сурет (2 данада);

3) Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу үшін төлемді бюджетке төлегенін растайтын құжат (түбіртек);

4) Жеке куәлік көшірмесі;

5) Мекен-жайы көрсетілген құжат немесе қалалық тіркеу болмаған жағдайда кеңсені жалға алу туралы келісім-шарт.

Тіркеуден өту үшін жеке тұлға ресми түрде төленетін алымды төлеуі тиіс. Оның мөлшері екі айлық есептік көрсеткіш құрайды. Алым жеке кәсіпкер ретінде құжаттарын тіркеуге ұсынған сәтке дейін төленеді.

Жиынды төлеу банк бөлімшелерінде, «Қазпочта» АҚ және төлемді қабылдауды жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жүзеге асырылады.

Тіркеу үшін төлемнен келесі тұлғалар босатылған:

1. Фермерлік шаруашылық;

2. I, II және III топ мүгедектері;

3. Қазақстан Республикасы азаматтығын алғанға дейінгі заңды тұлғаның құрылуынсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын репатрианттар (оралмандар).

Егерде жеке кәсіпкердің қызметі барысында оның тіркеу кезінде берген мәліметтері өзгерсе, онда оған міндетті түрде қайта тіркеуден өтуі керек және ол өзгеріс болған сәттен бастап 10 жұмыс күннің ішінде мәлімдеуі тиіс.

Қайта тіркелуге міндетті болатын жағдайлар келесілер:

1. Жеке кәсіпкердің аты-тегі өзгертілсе;

2. Жеке салық нөмірі (ИНН) өзгерген жағдайда;

3. Жеке кәсіпкердің жеке басының куәлігін айырбастаса;


4. Жеке кәсіпкердің қызметінің түрін ауыстырса;

5. Жеке кәсіпкердің атауы өзгертілсе;

6. Жеке кәсіпкердің куәлігінің тозуы;

7. Жеке кәсіпкер куәлігінің жоғалуы және т.б.

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеуден өту 3 жұмыс күнінде іске асырылады. Бұл процессті келесі схемада көрсетеміз.



Сызба – жеке кәсіпкердің тіркеуден өту процесі

Егерде жеке кәсіпкер лицензиялануға тиісті қызмет түрімен айналысатын болса, онда оның ол іске лицензиясы болуы керек.

Сонымен қатар 21.06.2012ж. №19-V ҚР Заңына сәйкес сауда қызметімен және қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер мен басқада заңды тұлғалар міндетті түрде қызмет ету орнына төлем картасымен есеп айырысу құралдарын орнатуы тиіс.

Ал арнайы салық режимінде қызмет ететін жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бұл заң 01.01.2014 жылдан бастап өз күшіне енеді.

ҚР-да заңды тұлғалар жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС), қосымша жауапкершілікке ие серіктестік (ҚЖС), толық серіктестік (ТС), командиттік серіктестік (КС), өндіріс кооперативі (ӨК), акционерлік қоғам (АҚ) нысандары түрінде құрала

алады. Бұл нысандардың ішінде шағын және орта кәсіпкерлік саласында қызмет етуде қолданатын нысаны бұл ЖШС.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп бір немесе бірнеше тұлғаның құрған серіктестігін айтамыз. Бұл тұлғалар ЖШС құруда әр қайсысы өз материалдық үлесін қосуы тиіс. Оны Жарғылық капитал деп атайды. ЖШС-нің жарғылық капиталының мөлшері мен оған қатысушылардың қосқан үлесі құрылтай құжаттарында көрсетіледі. ЖШС-нің қатысушылары заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды және ұйымның қызметі нәтижесінде пайда болған залалдардың тәуекелін әрқайсысы өздерінің қосқан үлесі мөлшерінде ғана жауап береді.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі болатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталы 100 теңгеден құралады. Ал ірі кәсіпкерлік субъектісінің жарғылық капиталдың алғашқы мөлшері құрылтайшылардың салым сомасынан құралып және оның мөлшері айлық есептік көрсеткішінің 100 еселік сомасынан кем болмауы тиіс.

Сонымен қатар басқа заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы болып табылатын тұлға басқа ЖШС-ң жалғыз құрылтайшысы бола алмайды;

ЖШС ұйымдастыру нысанын басқада жоғарыда аталған шаруашылықты құрудың нысандарына өзгертуі мүмкін. ЖШС қызметі 22 сәуір 1998 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» ҚР Заңымен реттеледі.

Жеке кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өту үшін келесідей құжаттарды өткізуі тиіс:

1. Бекітілген нысандағы өтініш;

2. Мемлекеттік және орыс тіліндегі құрылтай құжаттары 3 данадан және олар бауланған, нөмірленген болуы тиіс;

3. Заңды тұлғаның басшысы мен құрылтайшыларының жеке басын куәләндететін куәліктерінің көшірмелері;

4. Заңды тұлғаның мекен-жайын растайтын құжат (тігіліп, нөмірленген жалгерлік келісім-шарты немесе ол пәтер болса, пәтер иесінің өз мекен-жайына заңды тұлғаны тіркеуге нотариалды бекітілген келісімі).

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке аударылатын алымның төленгендігін растайтын түбіртек немесе құжат.

Ұйымның айналысатын қызметіне байланысты заңмен бекітілген жағдайда басқада қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу өтінішті берген күннен бастап үш күннен кешіктірмей тіркеуден өткізілуі тиіс.

Егерде құрылтайшылардың бірі қызметі тоқтатылған ұйымның қатысушысы болса онда мұндай ұйымның тіркелуі мүмкін болмайды.

«ҚР Азаматтық Кодексіне» сәйкес заңды тұлға келесідей жағдайларда қайта тіркеуден өтуге міндетті:

1. жарғылық капиталы мөлшерінің азаюы жағдайында

2. ұйымның атауы өзгерген жағдайда

3. ұйымның мекен-жайы өзгерген жағдайда

4. ұйымның қатысушылары құрамы өзгерген жағдайда.

Бұндай өзгерістер болған жағдайда заңды тұлға бір ай ішінде қайта тіркеуден өтуі тиіс. Қайта тіркеуден өту кезінде тіркеуші органға өткізілетін құжаттар тізімі келесідей:

- Жарғы, заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік немесе анықтама;

- Құрылтайшылар мен директордың жеке куәліктерінің көшірмесі;

- Қатысушылар құрамы өзгерген жағдайда жарғылық капиталды сату-сатып алудың нотариалды расталған келісім-шарты.

- Заңды тұлғаның мекен-жайы өзгерсе жалгерлік келісім-шарты.

Әдебиеттер:

- 1 М.Б. Бисенғазин, А.Ш. Хамитов «Кәсіпкерлік негіздері». – Алматы, 2002ж.
- 2 Д.Қ. Қабдиев, «Экономикалық саясат» Лекциялар, Алматы 2002ж. «Экономика».
- 3 С.С. Сахариев, А.С.Сахариева «Жаңа кезең – экономикалық теориясы» (оқулық), Алматы «Данекер» 2004ж.

ӘОЖ 111.1(09)

Б.М.Аташ

Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты, саясаттану және әлеуметтік философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы

Н.Б.Маханова

Абай атындағы ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И экспертi

ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ РУХ ФИЛОСОФИЯСЫ

Бұл мақалада жыраулар поэзиясының тұрмыстық-әлеуметтік маңызы философиялық тұрғыдан талданды. Рухтың әдіснамалық-теориялық негіздері ұлттық арнада сараланды. Бұл – жыраулар поэзиясы бойыша нақты мысалдармен дәлелденді.

Түйінді сөздер: *жырау, рух, жыраулық философия, толғау, дүниетаным.*

В статье анализируется бытовое-социальное значение поэзии жырау с точки зрения философии. Методологические и теоретические основы духа рассматриваются в национальном направлении. Это обосновывается с конкретными примерами из поэзии жырау.

Ключевые слова: *жырау (сказитель), философия жырау, стихотворение-размышление, мировоззрение.*

The article analyzes the social significance of domestic-bard poetry from the point of view of philosophy. Methodological and theoretical foundations of the spirit are discussed in national direction. This is justified with real examples of poetry bard.

Keywords: *zhyrau, spirit, philosophy zhyrau, poem-thinking, worldview.*

ХУ-ХУІІІ ғасырдағы қазақ даласындағы дүниетаным: хандық, билер, батырлар мен жыраулар институты тарихи мәліметтер мен деректер бойынша, түркі халықтарының жекелену (индивидуация) және тарамдалу (дифференциация) үдерістерінің нәтижесінен өз алдына қазақ хандығы құрылып, халқымыздың төл, ешкімге ортақ емес дүниетанымның қалыптасуы мен даму кезеңі

болып саналады. Бұл кезеңдегі саяси-әлеуметтік билік пен әлеуметтік мәртебе – хандар, билер, батырлар дүниетанымын және өмірлік ұстанымдарын әйгілеумен жалғасын тапса, рухани-мәдени кеңістікте – эпостық дәстүр, жыраулық поэтикалық философия, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, мақал-мәтелдер мен аңыз әңгімелердің т.б. терең өмірмәнділік тұжырымдары тұтаса келе, қазақ

дүниетанымының жалпы бағдарларын айқындай алады. Осыған сәйкес, бұлардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен айғақталады.

Елдік рухтың тағы бір айшықты көрінісі болған жырау тек жыршы емес, шығармашылық иесі, әлеуметтік насихатшы, саяси идеолог, ақпараттарды тасушы жанды ақпарат құралы, жүйесіз ақпараттарды жүйелеп, оны өмірмәнділік мәселеге көтеріп, теорияны практикамен байланыстырушы т.б. көп қызметті данагөй тұлға. Толғауларының мазмұны мен айтылу мәнеріне қарай жыраулық мектептің мынадай ерекшеліктерін көрсеткен жөн.

1. Жауынгерлік сарын. Олардың елдік рух пен түркілік идеяны қалыптастырушы-дамытушылық қызметі сайып келгенде, «соғыс-елдік-намыс» идеологиясын құруға келіп тіреледі. Түркі халықтарының бізге айқын тарихы бойынша, бұндай жыраулық дәстүр Тоныкөктің идеяларындағы көмескіленген үдерістері мен Қорқыт атаның толғауларынан бастау алады. Сондықтан, жалпы қазақ ұлдары мен жауынгерлерін рухтандырушы, шабыттандырушы, жігер беруші, намысын қайраушы қызметін атқарған.

2. Дүниеауи толғаныс. XV ғасырдан бастау алған руханилықтың негізгі идеялық көздері ретіндегі ой-толғам, парасатты дүниетаным, әлеуметтік ғибраттану мен тағылымдық-тәлімгерлік үлгілер, саяси-құқықтық ережелердің жиынтығынан тұратын түбірлестік дүниетаным осы жыраулық дәстүрден анық байқалады. Оның негізгі ерекшеліктері: табиғат әлемімен біте қайнасудан туындайтын өзін оған ұқсату; астарлау, тұспалдау, ишаралау стильдерінің ұтқыр қолданылуы – ғұмырмәнділік пен ғарышмәнділік тұстарды тудырды: адам өмірінің мағынасы, тіршіліктің мән-жайы, күнделікті тұрмыстың философиясы түрінде байыпталған.

3. Шындықпен бетпе-бет. Батылдық ұстанымды өз өмірінің философиясына айналдырған жыраулар, егер толғау шындықты айтпаса оның ешқандай да мағынасы жоқ деп білген. Жалпы қазақ қоғамында поэзия тілімен шындықты айту көнеден қалыптас-

қан дәстүр. Ол тек ел-жұртқа немесе туысқанға ғана емес, тіпті әлеуметтік мәртебесі жоғары билер мен батырлардан бастап, хандарға дейін ақындардың, жыраудардың қолданатын тәсілі. Мысалы, бергі тарихты ғана қозғасақ, Асан қайғының Жәнібек ханға айтқаны, Бұхар жыраудың Абылай ханға айтқаны, Махамбеттің Жәңгірханға айтқаны т.б. барлығы қара сөзбен емес, поэтикалық толғаулармен ғана жеткізілгендігін ескерсек, рухын өлеңмен өрнектеу, өлең арқылы шабыттану, өлең-жырдан қуат алған оның иесі (ақын-жырау) таза ақиқатты көңіл көзімен көре біліп, өз мақсатына жете алған. Ол да қазақ халқының поэзияны өздерінің тиімді мақсаттарына пайдаланғандығы ғана емес, халқымыздағы толғаулардың басты қызметтерінің бірі болған десе де болады. Сондықтан, жыраулық поэзияның зеріккенде көңіл көтеретін ән-думаннан гөрі, таза өмірмәнділік маңызды мәселелерді толғайтын сарындық жағы басым. Жырау толғауларының мазмұнының батылдығы мен өткірлігі, екінші бір қырынан алғанда, олардың көпшілігінің жауға шапқан баһадүр болуымен келіп шартталады. Яғни, поэзияның халыққа-ханға әсер ету тетігін шебер пайдаланған халық даналығы оны жай ғана жеткізуді емес, сол арқылы қоғам дамуын реттеп те отырған.

4. Қоғамдық өмірдің сақшылары. Қазіргі кездегі ақындар тек қана өнер иесі ретінде түсініледі, өздерінде де сондай пікір қалыптасқан. Шындығында, ақынға үлкен жауапкершіліктер жүктелген. Қазақ қоғамында ақын-жырау ұйқастырып сөйлеуге масаттанып, оны өнер деп өздерін-өздері асыра бағаламаған, сол замандағы олардың міндеттері мен мақсаттары, парыздары мен өмірлік ұстанымдары – қоғам шындығын батыл айту, кемшіліктер мен жетістіктерді көре білу, әлеуметтік қайшылықтарды сөз арқылы реттеу, басшы мен би, батыр мен бай болсын, өзінің ойын оларға анық жеткізу, кемшілік жақтарын бетіне басу, сөйтіп әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге ұмтылу, қол жеткізе алмаған жағдайда да оған тырысу т.б.

5. Суырып салмалық. Сондықтан да олар халық арасында ерекше беделге ие болған, тіпті хандар мен билер, ғалымдар мен дін иелері сияқты әлеуметтік жоғары топтар, зиялылар да оларға құрметпен қараған. Ал ұйқастырып өлең шығару, яғни, ақындық, қазақ қоғамында арнайы айналысатын кәсіп немесе үйрететін оқу емес, тек ойды жеткізудің сыртқы пішіні ғана болған, ойды әсерлі жеткізудің талант арқылы қолданылатын тәсілі ретінде қызмет еткен. Өлең немесе жыр шығару арнайы ойланып-толғанып, оның қатесін қайтадан түзеп отыру арқылы емес, қарапайым қара сөз сөйлеп тұрған сияқты еш қиналмастан үздіксіз айта берумен шешімін тапқан, өлең сөздер жай ғана сарқырап аққан бұлақ сияқты өздігінен туындап шыға берген. Аяқ астынан: жауға аттанып бара жатқанда, хан басын аларда, осы мәселені айтып жіберші деп ел-жұрты қолқа салып күтіп отырғанда т.б. қолма-қол шығарылған. Ал қиналып, ойланып-толғанатындар мүлде ақындықпен айналыспаған. Сондықтан, олар өз толғауларын ұмытпай арнайы сақтаумен, қағазға жазып қоюмен айналыспаған, жай ғана қажет кезінде айтылған ой ретінде қала берген.

Әлемдегі кез-келген этностың бірегейленуінің, өміршеңдігінің, тұтастығының сақталуының, өзіндік болмысынан ажырамауының түпнегізі, базисі – сол ұлттың рухының қуаты мен әсер ету деңгейіне байланысты болып келеді. Рух: жалпы рух және оның ұлттық көрінісі болып екіге бөлінеді. Рух философия мен психологияда екі мағынада қолданылады: біріншісі – сана, жан т.б., екіншісі – рухтану құбылысына жақын келетін мазмұнды қамтиды. Ал «ұлттық рух» ұғымында осы екінші мағына жамалған. Ұлттық рух түсінігінің өзі табиғаты жөнінен иррационалды-рационалды болып келеді. Ол адам бойында мәңгілік сақталатын, оның болмысы мен тіршілігінің, «бар болуының» ішкі жағдайдағы қуаты. Сонымен қатар сол халықтың, этностың тұтасқан, біріккен, сабақтасқан формасында анығырақ байқалады және этностың өмір сүруінің - өмірлік

күші, оны сақтауы мен болашағын құруының жалпылама үлгісі. «Күш» әрине бұл жерде физикалық емес, ішкі психологиялық рухани қуат.

Сонымен, ұлттық рух дегеніміз – белгілі бір этностың мүддесіне ғана құрылған, тұтас халықтың тылсым-астарлы, яғни, кастерлі тарихи-объективті, белсенді-біріктіруші сана сезімінің барынша айқын көрінісі.

Ұлттық рух пен рухтану құбылыстары мағыналық жағынан алғанда синонимдес емес, ұлттық рух ұлттық идеяның психо-әлеуметтік құндылықтарының бөлігі. Дегенмен, рухтану үдеріс ретінде ұлттық рухтан туындайды, психофизиологиялық түрде «бөлініп шыққандай» болады немесе оның белсенділігінің көріністерінің бірі ретінде сақталады. Ұлттық рух – құбылыс, ал рухтану – үдеріс, беталыс, демек, ұлттық рух рухтанудың психологиялық қуатының түпнегізі болса, рухтану ұлттық рухтың нәтижесі мен өмір сүретіндігінің шынайы келбеті.

Жүзеге асу құралдары мен айқындалау көрінісі: ұлттық намыс пен жігер; ұлттық сана мен ұлттық сезімдік күш; ұлтжандылық сезім; тылсым қуат; топтасу мен бірігу т.б. арқылы ұлттық рух өзін өзі аша түсіп, өз мәнін қайталап, ұғымдықтан әрекетке, абстрактіліктен нақтылыққа өтеді.

Саяси-әлеуметтік мәні мен мақсаты: геосаяси кеңістікті сақтау; халықаралық деңгейдегі көшбасшылық; ұлт дербестігін қамтамасыз ету; ұлт мүддесіне негізделген қоғамдағы және әлемдегі шынайылық пен әділеттілікті сақтау т.б. өмірмәнділік тәжірибелік ұстанымдар арқылы қоғамдық өмірге енеді.

Ол өзінің асқақтығы, өзге халықтарға үрей туғызушылығы, ерлігі арқылы – эстетикалық тұрпатты; әділеттілік, адамгершілік, намыс пен жігер бойынша іске асатындықтан – этикалық негізді; бірігушіліктің, топтасуды, қоғамдасуды басшылыққа алатындықтан – әлеуметтік тұғырлы; ел мүддесін қорғауды, халықаралық деңгейдегі беделді түсірмеуді қолдайтын болғандықтан – саяси бағдарлы; ашу-ыза, рухтану, жабырқау, аңсау арқылы

жүзеге асатындықтан – психологиялық астарлы болып келеді.

Асан Қайғы бабамыз ХҮ ғасырларда өмір сүрген, Еділ бойында туған поэтикалық, нақтырақ айтқанда, жыраулық философияның алғы шебінде тұрған ойшыл. Оны Ш. Уәлихановтың «көшпенділер философы» деп атауы да тегін емес. Көпқырлы және көпжақты Асан ата философиясы – жалпы ұғымдық үлгіде, тарихи шындық аясында: әфсаналық және шынайы бейнеге жіктеледі. Сезімдік жазықтықта бұның дүниетанымы: түңілушілік (пессимистік), бейтарап, шаттанушылық (оптимистік) деңгейлерге ажырайды. Философиялық сала деңгейінде: саяси-әлеуметтік онтологиясы, әлеуметтік философиясы, футурологиясы, қазақы этикасы, сезімдік-парасатты логикасы болып ұштасады. Мифтік бейнесі ол туралы аңыздар төңірегіне топтастырылады. Мәселен, бабамыздың «Жерұйықты іздеу» хақындағы әфсанасының өзі саяси-әлеуметтік онтология ғана емес, жалпы этикалық-эстетикалық философиялық танымының түбірлестігін айғақтап береді.

Бабамыздың түңілушілік (пессимистік) танымы оның «Ақыр заман» жөніндегі толғауларымен дәйектеледі: «Әй, Жәнібек хан, ойласаң, Қилы-қилы заман болар. Суда жүрген ақ шортан қарағай басын шалар, балшықтан үй болар, Сиыр малы пұл болар, Шәй деген ас болар, Шәй асынан бермесе, екі үйлі жан бірімен-бірі қас болар». Сарынның сипаты – сарыуайымшылдық, бірақ философиялық-өмірмәнділік құндылығы – маңызды әлеуметтік болжам екендігі және оның шындыққа сәйкес келуі. Қазіргіше ғылыми тілмен айтсақ, оның ұлт болашағын пайымдау (этнофутурологиялық) болжамдарының мәдени-әлеуметтік-тұрмыстық-ғұмыр кешушілік шындыққа жанасуы. Әзірге, мәлім болған зерттеулер бойынша, ол «заман» ұғымын (әлеуметтік философияның категориясын) алғаш енгізуші.

Халқымызда, «заман» түсінігі шат-шадыман (жаңа заман, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман), түңілушілік (зар заман,

ақыр заман) және бейтарап (заман өзгерді) жазықтықта түсіндіріледі. «Заман дегеніміз – тарихи-әлеуметтік шындықтың сол дәуірдегі тұрмыстық-өмірмәнділік жалпы сипатының көрінісі». Ал Асан Қайғының заман ұғымы «ақыр заман формасында» сарыуайымшылдық сипатта. Бұл түсінік кейіннен зар заман ақындарымен жалғасын тауып (Заман ақыр болғанда), Абайға дейін сабақтасып (Ақыр заман жастары, қосылмас ешбір бастары), Мағжан, Ғұмар Қараш сынды ақындарымызбен тұжырымдалып отырды. Осындай халқымыздың дүниетанымындағы ақыр заман деген түсініктің қазіргі діни танымдағы адамзаттың сөзсіз құритындығы туралы апокалипсис, дүниенің қирайтындығы хақындағы катаклизм, тұңғыық үмітсіз құлдырау емес, дәстүрлі өркениеттің қасіретті ақырының келіп жететіндігі мен ұлттық құндылықтардың орнын батыстық құндылықтардың кейбір жағымсыз жақтары басып, тұрмыс пен таным-түсініктің өзгеруінің келеңсіз көріністерінің туындауы туралы.

Өткен мен сол дәуірдегі дүниетанымның жалпы бейнесін терең меңгерген Асан қайғы – халқының тыныс-тіршілігін байыпты тұрғыдан таразылайды – келешекке үңіле отырып – өз халқының болашағына күйзеліспен қарайды. Жоғарыдағы, оның толғауына назар салсақ, болжау үлгілерінің бәрі бүгінгі шындыққа жанасады, ал «Шортан қарағай басын әлі шалған жоқ». Бүгінгі замандағы адам сенбес оқиғалар, логикамен түсіндірілмейтін құбылыстар, ғылыммен дәлелденбейтін үдерістер т.б. ауытқу үрдістері рәміздік түрде «қарағай басына шортанның шығуы» болып табылады.

Ал бейтараптық дүниетанымы тек сезімдік тұрғыдан алынған өлшем, ол, шындығында, дархан дүниедегі даланың даналық дарынымен дараланатын дарабоз данышпанның дуалы және ғақлиятты ой кешу үрдістерінің парасатты нұсқалары. Оны кейде батыстық философия құрсауымен өлшеуге де келмейді.

«Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады
Су түбінде жатқан тас, жел толқытса шығады,

Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады», — деп [1,476.] толғаған Асан қайғының осы жолдарынан, нақтырақ айтқанда, нені байқауымызға болады. Қарапайым логика бойынша, су түбінде жатпаған асыл тастың, ой түбінде жатпаған асыл сөздің «асылдық» дәрежесі төмендейді. Бұл жердегі негізгі мәселе таста емес, әрине, ойда екендігі сөзсіз. Шердің толқытуы – ойдың ақиқаттылығының, тереннен толғанылғандығының, шынайы-табиғи түрде шығарылғандығының, құрғақ ақылға жүгіну емес екендігінің, сезімдік танымның қосылғандығының нақты көрінісі және өлшемі болып табылады.

Асан қайғы заманы қазақ халқының жеке хандық болып бөлінген дәуірі болғандықтан, ондағы ұлттық рух келешекке алаңдау қажеттігі туралы болып келеді. Ол саяси көрегендікпен, ел бірлігімен, жауынгерлік рухпен ғана өзінің оңды нәтижесін бере алатындығын толғаған ойшыл, елді «шер толқытпауын» тілейді. Асан Қайғы толғауларында жауынгерлік рух та қалыс қалмайды: «Жолдасыңа жау тисе, жаныңды аяп тұрыспа». Шындығында да, отандық зерттеушілер атап көрсетіп жүргендей, Асан қайғының негізгі идеясы, бейбітшілік, саяси тұрақтылық, ел мен жер туралы толғаулар, түптеп келгенде ұлттық идея болып табылады [2,50-52бб.; 3,20б.].

Өз заманында талай әскери жорықтарға қатынасып, отыға толмай жау қолында қаза болған Доспамбет жырау (XVI ғ.) ұлттық рух пен намысты қайрайтын, күрескерлік пен ерлікті толғайтын жыршы болған. «Қоғалы көлдер, қом сулар» деп аталатын жырында: «Екі арыстап жау шапса, Оқ қылқандай шаншылса, Қан жусандай егілсе, Аққан судай төгілсе, Бетегелі Сарыарқаның бойында, Соғысып өлген өкінбес»,—деп қазақ ұлдарын шабыттандырады. Себебі, Доспамбет құр теоретик емес, сол соғысты өз басынан талай өткізгендіктен өмірлік тәжірибесі арқылы халықтың ой-санасына жеткізе баяндайды: «Тобыршығы биік жай салып, дұспан аттым өкінбен...Туған айдай нұрланып, Дулыға кідім өкінбен».

Жауға шауып, найза ұстаған әйгілі жыраулардың бірі – Шалкиіз (1465-1560жж.) жаугершілік заманның сұранысынан туған батыр, әрі соғыста жауынгерлерге рух беруші жырау болған. Оның толғаулары қазақ ұлдарын батырлыққа, эпостық дәуір дәстүрімен өлімге де бас тігуге, ешнәрседен тайсалмауға үндейді де, ұлттық рухтың намыс пен тәуекелшілдік қағидаттарына сүйеніп өз ойларын дала еркіндігі мен асқақтығы арқылы батыл тұжырымдайды: «...Батыр болмақ сойдан-дүр, Жалаңаш барып жауға ти, Тәңірі өзі біледі, Ажалымыз қайдан-дүр!». Бұл толғаудың түпмағынасы «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген халық мақалына келіп түйіседі. Яғни, Ерлік жасқану мен өлімнен қорықпайтын ержүректілікті қажет етеді, өйткені, ажал келсе, жауға шаппай-ақ та бейбіт жағдайда адам о дүниеге аттанып кетуі ықтимал, қаншама соғыстарға қатынаса да дін аман жүре беруі мүмкін, ол бір Тәңірдің ғана қолында, сондықтан, аянып қалмау қажет деген қағида ұсынады. Жоңғарлармен 33 жыл бойы соғысып, 77 рет жараланып, Іле бойындағы соғыс алдында, 17 рет жекпе-жекке шығып, оның бәрінде де жеңіске жеткен Райымбек[4,47б.] Шалкиіз жыраудың осы толғауының нақты өмірлік мысалы іспетті.

Жауынгер жыраулардың бірі Ақтамберді (1675-1768жж.) ұлттық рух пен намысты оятуда жаугершілік заманда ел мен жерді қорғау үшін жан аямай соғысу қажеттігін, ерлердің өлім мен өмірдің арасында үнемі шекаралық жағдайда болуға тиістілігін насихаттауда ол алдымен ұрпақтарына өзін үлгі қылып көрсетеді: «Жауға шаптым ту байлап, Шепті бұздым айқайлап, Дұшпаннан көрген қорлықтан, Жалынды жүрек қан қайнап, Елжұртты қорғайлап, Өлімге жүрміз бас байлап»

Жыраулардың ішінде аты ерекше танымал болған – Бұхар жырау Көкілташ медресесін тамамдап, мұсылманша оқумен қатар ғылымның бірнеше салаларын игеріп, араб, парсы, тәжік тілдерін терең меңгереді. Бұқар көшпелілер мәдениетінің рухани дүниесінен

терең нәр алғандығын көрсетіп, оны Шығыс мәдениетімен шебер толықтырып, білімін мемлекеттік мәселелерді шешуде шыңдайды. Көшпелі қазақ қоғамдық жағдайында сақталынып келе жатқан рулық қатынастар, әке үстемдігіндегі от басы, көшпелі мал шаруашылығының басқа да қатынастарын реттеп отыратын осы әдет-ғұрып құқығын талқылау кезінде дін Ислам орталығы Бұқара қаласынан келген қазы, «сіздер, қадірменді қазақ халқы, әлмисақтан бері мұсылманбыз дейсіздер, заңға келгенде Құран-шариғаттың жолымен жүрмейсіздер. Уәдені көпке сілтейсіздер. Көк атсын дейсіздер. Ата-баба моласына, әруаққа табынасыздар. Бұл шариғат жолынан кеткендік», - дегенде, шариғатты Бұқараның қазысынан да жетік меңгерген Бұқар жырау «Алла аспанда емес, жерде де емес, әркімнің жүрегінде, сезімінде, жанында. Ал заң сол сенімнен жоғары емес», - дейді. Мұсылманның шариғат заңы қазақ үшін жат емес, Құранда қанға-қан, кешуі болса құн төле десе, қазақтың жолы да осыны айтады. Қоғам ісі қазақтың жолымен, дін шаруасы шариғат жолымен жүрсін дейді деп өз ойын жалғастырады.

Бұқардың философиялық ойға толы толғаулары адамзаттың тілегін тілеп, тәубесіне түсіріп, әлемнің бейбітшілігін, бас амандығын тілеп, ғұмырмәнділік құндылықтар иерархиясын жасап береді: «Бірінші тілек тілеңіз, бір аллаға жазбасқа, Екінші тілек тілеңіз, шұғыл бір пасық залымның тіліне еріп азбасқа, Үшінші тілек тілеңіз, үшкілсіз көйлек кимеске, Төртінші тілек тілеңіз, төрде төсек тартып жатпасқа, ...Желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, сонан сасып тұрмасқа...». Жырауда жер қайысқан жаудың қалың қолы келіп қалғанда, одан сасып тұрған сорақы, тіпті аянышты халдердің бірі екендігі айтылады. Бұл түптеп келгенде, үнемі кәсіби дайындалған әскер ұстау идеясына келіп тіреледі. Сонымен қатар Бұқар жырау қолданған ұлттық рухты ұрпақтардың бойына сіңіруінің дидактикалық ұтымды тәсілі – хандардың ерлігін жырлау, шындық пен жеңіске шаттана білу,

оған рухтану және қазақ батырларының есімін атап көрсете отырып, олардың жанқиярлық елінсүйгіштік рухын мақтан ету, күші мен қайратын, ептілігі мен жігерін жырлап, халқына үлгі ету. «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» толғауында ерлік пен қаһармандықты былайша жырлайды: «Қиядан қиқу төгілсе, Аттың басын тартпаған, Қисапсыз жол көрінсе, Қорқып жаудан қайтпаған... Қарсыласқан асылдар, Қорғасындай балқыған, Батырың өтті Бөгембай!»

Жыраулардағы ұлттық рух үнемі жігер мен көзсіз ерлікті ғана емес, өмірлік мұраттарды да толғайды, мысалы жауап күттірмейтін сауалдар қою арқылы толғанылған жыр соған жатқызылады. «Қайда?» сауалы риторикалық, екінші бір қырынан қырынан алғанда, жауабы өзінен-өзі түсінікті таза эстетикалық сауал болып табылады. Ол да халқымыздың жыраулық дәстүрінде кеңінен орын алған, өткенді аңсаудан туған, келмеске кеткен өмірге деген сағынышты білдіретін, қайта оралса екен деген қимастық сезімді толғайтын, өкініш пен көнбістіктің бірлігінен туған ішкі терең психологиялық күйзелістің амалсыздан айтылған түрін білдіреді де, орындалуы-орындалмауы екі ұшты терең өмірмәнділік мағыналы армандарға келіп тоғысып жатады.

Доспамбет жыраудың толғауында да осы «Қайда» аңсауы былайша қолданыс табады:

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік боз орда
Еңеке кірер күн қайда?
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда?

«Күн қайда» сөзінің осылайша жыр соңына дейін жол тастап, кезектесіп қайталанып отыруы да аңсаудың сезімдік күшін белгілеу үшін қолданылған көркемдік тәсіл болып табылады. Ақтамберді жырауда бұл тәсіл «Ме екеміз» деген сауал арқылы өрбиді: «Күлдіркүлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екеміз, Күдеріден бау тағып, Қамқамты киер ме екеміз?!» Бұндай «рух аңсаушылығы» кейіннен ХІХ ғасырдағы ақын-жыраулармен жал-

ғасын тапқан. Мысалы, Махамбет ақынның поэзиясында да «қайда?» сауалымен аяқталатын толғаулар бар және ол мазмұнына сәйкес «Ұлы арман» деп аталады:

Желп-желп еткен ала ту,
Жиырып алар күн қайда?!
Орама мылтық тарс ұрып,
Жауға аттанар күн қайда?!

Жыраулық дәстүрдегі рух философиясы Қазақ хандығы тұсында ел бірлігін сақтауда, жауынгерлік рухты оятуда, елінсүйгіштік сезімді оятуда, ұрпақтарды ерлік пен батырлыққа баулуда, жерді сақтап қалып, жаудан кек алуда айтарлықтай қызмет атқарған терең мағыналы жігер тудыратын туындылар. Со-

нымен қатар психологиялық шабыттандыру, көзін жеткізу, санасына енгізу сол толғаулардың әрбір сөзіне сіңірілгендіктен өзіндік бір сиқырлармен шартталған.

Жыраулардағы рух философиясы өз дәуірінде елдік пен ерлікті жырлаған айшықты дүниетаным болған. Халқын жігерлендіруде, ұлттық сана-сезімін оятуда, намысын қайрауда, жас ұрпақтарын тәрбиелеуде елеулі роль атқарған поэтикалық сарындар ретінде бағаланған. Бұл үлгінің бүгінгі ұрпақтарымызға да берері мол дүние. Сондықтан, бүгінгі күні де жыраулық мектепті қайта жандандырып, оны дамытуды арнайы жолға қою кезек күттірмейтін маңызды іс.

Әдебиеттер:

- 1 Ай, заман-ай, заман-ай. (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық.-Алматы: РББ. 1991.-Т.1.-384б.
- 2 Ғарифолла Е. Қазақ Ренессансы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.-98б.
- 3 Ошақбаева Ж.Б. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар шығармашылығындағы әмбебаптар: автореф. канд. филос. дисс. - ҚР Алматы, 2010.-26б.
- 4 Берлибаев Б..XX ғасырға дейін ұлттық тарихи білімнің ғылыми-теориялық негіздері.- Алматы: ҚазҰПУ, 2007.-184б



ӘОЖ 1(574) (091)

Б.М. Аташ

Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты, саясаттану және әлеуметтік философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы

Н.Б. Маханова

Абай атындағы ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ эксперті

ТҮРКІ-ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ДІНИ СЕНІМДЕРДІҢ ТҰРМЫСМӘНДІЛІК МАҒЫНАСЫ

Бұл мақалада түркі халықтарындағы алғашқы діни сенімнің негізгі қызметтеріне баса көңіл бөлінді. Сондай-ақ тәңіршілдік, зороастризм, шамандық сияқты тым көне сенімдерге феноменологиялық талдаулар жасалды. Олардың қоғамдық өмірде қандай қызмет атқарғандығы басты мәселе ретінде қарастырылды.

Түйінді сөздер: түркі халықтары, діни сенімдер, шаманизм, зороастризм, көк бөрі.

В статье особое внимание уделяется на основные функции первоначальной религиозных верований тюркских народов. Также делается феноменологический анализ древним верованиям как тенгрианство, зороастризм и шаманизм. Их роль в общественной жизни рассматривается как главная проблема данной темы.

Ключевые слова: тюркские народы, религиозная вера, шаманизм, зороастризм, волк-одиночка.

The article focuses on the basic functions of the initial religious beliefs of the Turkic peoples. There was also made phenomenological analysis of ancient beliefs as Tengrism, Zoroastrianism and Shamanism. Their role in society is seen as the main problem of the topic.

Keywords: Turkic peoples, religious belief, shamanism, Zoroastrianism, a lone wolf.

Адамзат баласы пайда болып, жер бетінде тіршілік ете бастағаннан-ақ, қазіргі бір құдайға сенетін және арнайы кітабы бар жүйелі дінге дейін де әр түрлі наным-сенімдерге иланып, оны бірнеше мыңдаған жылдар бойы қолданып келген. Бұл діни сенімдер әлемнің барлық халықтарына ортақ және бүгінгі күнге дейін сарқыншақтары кездесетін болғанмен, әрбір халықта немесе ұлтта олардың өзіндік бір айырмашылықтары болады. Байырғы түркі халықтарында да исламға дейінгі кезеңде, әр түрлі діни сенімдер мен діндер өркендегендігі белгілі. Бұларда да басқа діндер сияқты халқымыздың байырғы дәстүрлері мен салттары және дүниеге көзқарас элементтері жинақталған. Сондықтан олар философиялық мәселе және

ата-бабамыздың адам мен әлем туралы толғаныстары. Алғашқы діни сенімдер мен діндердің қазақ даласында болғандығын оның бүгінгі күнге дейін келіп жеткен сарқыншақтары айғақтай алады. Олар анимизм, тотемизм, магия, фетишизм сияқты элементтермен толықтырылатын тәңіршілдік, зороастризм, шаманизм т.б. наным түрлері [1,17-466б.].

Б.э.б. 1000 жылдарда Алтайдан Еуропаға дейінгі аймақты алып жатқан ғұндардың тотемі – «көк бөрі» болып есептелген. Ғұндар өзінің шығу тегін туыстық жағынан осы бөрімен, қасқырмен байланыстырған. Сондықтан бізге сол дәуірлерден келіп жеткен бөрі туралы аңыздардың бірнеше нұсқалары бар. Соның бірі – ғұндардың арғы ата-баба-

ларының шығу тегін былайша сипаттайды: Есте жоқ ескі заманда Алтай жерінде екі тайпа өзара соғысады. Жеңілген жақтан бір ғана бесік жасындағы бала аман қалады. Бірақ жау әскері оның екі аяғы мен екі қолын шауып тастап, айдалаға қалдырып кетеді, оны жортуылдап жүрген бір қаншық қасқыр асырап алып, өзінің сүтімен асырап ер жеткізіпті-мыс. Сол жалғыз баладан тараған ұрпақтар ғұндардың ата-бабалары деп есептелген. Осыдан бері түркі халқында, яғни, қазақтарда да қасқырды құрметтеу дәстүрі ұзақ уақыт сақталған. Кейіннен бөріге «Көк» тіркесін жалғап, оны «Көк бөрі» деп құрмет тұтқан және оны қасқыр деп атауға тыйым салып, «бөрі», «итқұс», «кұрт», «кұртқа» деген жанама атаулармен берген. Ол түркі халқы жауға аттанғанда жол бастаушы да болыптымыс, сондықтан көне түркі тайпаларының кейбірінің байрағында бөрінің басы бейнеленген. Бұндай хайуанаттарға табынатын құбылысты ғылыми танымда зоолатария деп атаған [2,806.].

Осыдан түркі халықтарының тотемдік хайуаны неліктен бөрі болған деген сауал туындайды. Бөрі жалғыз жорытқан дала түркісінің рәміздік бейнесі. Бөрінің алғырлығы, өміршеңдігі, төзімділігі, батылдығы сияқты қасиеттерін түркі халқы өздерінің мінез бейнелеріне, жаугершіл рухына көшірген және осы сапаларға еліктеген. Бұл мыңдаған жылдар бойы түркі ұлдарына үнемі сақтанудың, айлакерліктің, шыдамдылықтың, қайтпас қайсарлықтың үлгісін жасап берді. Өздерінде бөрінің қаны бар деп сезіну оларға шабыт пен жігер беріп, рухтандырған. Сондықтан да жаугершілік заман мен эпостық дәуірде бөрінің келбетін өздеріне көшірген түркі халқы оны психологиялық тұрғыдан жігерлендіретін әскери өнердің өзіндік рухани қаруы ретінде пайдаланған. Бүгінгі күнгі өзін-өзі құрбан ететін психологиялық жағынан әлсіз, сәл-пәл қиыншылықтарға төзе алмайтын жастар үшін өзінің өмірлік игі мақсатына жетпей қоймайтын тайсалмайтын рухы мықты азамат қалыптастыруда да Көк бөрі тотемінің

өзіндік орны да жоқ емес.

Байырғы қазақтар табынатын табиғаттың жеке фетиштік элементтері – жер, су, жапандағы жалғыз терек, тау және т.б. Мұндағы жер, су тәңіршілдік дінінің элементтері. Осыған байланысты «су-жер» тіркесінен «Субер» өзені, Шумер (Сумер) халқының атауы туған деген болжамдар да бар. Қазақтар туған топырағын «Қара жер» деп қастерлеген, ол кейде өліммен де байланыстырылып, үрей арқылы құрметтелетін нысанға айналдырылған. Бұл сенім түркі-қазақ даласын, яғни, өз халқы мекен еткен жерін жаудан қорғап, қасиетті санап сақтап қалу үшін үлкен роль атқарған фетиш. Себебі, қасиетті нәрсені жауға таптатпай қорғап қалуға әрбір ел азаматы міндетті болған.

Таудың тылсымдығы – Хан Тәңірі, Нұх пайғамбардың кемесі тұрақтаған төбе, қасиетті Қаратау сияқты құрметпен айтылатын нышандар арқылы бізге белгілі болып отыр. Таудың қол жетуі қиындау биік асқақтығы, адамға қарағанда ұзақ өмір сүретіндігі, суықтығы өзінің ішкі қасиетін өзіне бүккен табиғат элементтері ретінде қастерленген. Сондықтан тау адам қуат алатын, асқақтықпен биік рухтың үлгісін көрсетіп беретін мәңгілік үлгі болғандықтан да бағаланған. Ал терек жапандағы жалғыз ағаш ретінде түркі халқында ата-бабаның рухымен кездесетіндердің, оған сиынатындардың тұрақты орны ретінде тағайындалған. Терек әлемдік наным-сенімде де маңызды орын алатын тылсым құбылыс, көптеген халықтарға ортақ түсінік. Сондықтан оның рәміздік бейнесі әр түрлі түсіндіріледі: шамандық сенімдегі ағаш, түркілік аңыздағы самұрық құс ұя салатын алып бәйтерек, «аспан-жер-жер асты» үш құрылымды әлемнің үлгісі: оның тамыры – жер асты әлемі, дінгегі – жер беті, бұтақтары мен жапырақтары – ғарыш әлемі. Астана қаласында тұрғызылған архитектуралық нысан Бәйтерек осы әфсаналық ағаштың көркемдік рәміздік бейнесі болып табылады.

Сондай-ақ жалпы адамзаттық нанымдарға ортақ күнге, айға табыну дәстүрі де түркі

халықтарында болған. Сақтар дәуірінде әрбір күннің батуы қасірет, ал шығуы шаттық әкелген, өз өмірінің әрбір өтіп бара жатқан күнін есепке алған, ғұмырдың қысқалығына «әттеген-ай» деп налыған. Малды бауыздарда оның басы немесе киіз үйдің есігі көп жағдайда құбылаға қаратылған. Күнге табыну әлемдік сенімде Күн құдайы Митраға табыну (культі) деп аталады. Мысалы, арыстанның басы сыртқы пішініндегі ұқсастықтар бойынша күннің рәмізі болып есептелген. Ал түркі халықтарында Күн бүкіл тіршіліктің негізі – ғарыштың көзі деп түсінілген. Осыдан «күннің көзі» деген тіркес және Күн-сұлу, Күн-ім, Күнікей сияқты қыз есімдері де бүгінгі күнге дейін халық жадында архетип ретінде сақталып отыр.

Ай – жалпыадамзаттық және түркілік сенімдегі құрмет тұту нысандарының бірі, кейіннен исламдық сенімде де қолданылған. Қазақ халқында «Ескі айды есірке, жаңа айды жарылқа» деген нақыл сөз бар. Мұнда ілгерілеу, даму қоғамдағы өркендеудің шарты туралы пайымдаулар жатыр. Ескі ай өзінің бар жамандығын бірге алып кетсін, жаңа ай жақсылық әкелсін деген мән ниеттелген. Сондай-ақ айға қарап алақан жаю, оған жалбарыну, қолына шыққан сүйел жараны оған көрсетіп, кетіруін өтіну сияқты дәстүрлер де кездескен. Ай шалқасынан туса малға жайлы, күн жылы болады деген сияқты түсініктер бүгінгі күнге дейін сақталған. Б.э.б. 5000-б.э.б. 1000 жылдықтарда көптеген халықтарға тараған өгіз тотемі бойынша оның «мүйізі» де жарты ай тұрпатты болып келеді. Мысалы, «Ай мүйізді Ескендір» деген тіркес осыған байланысты туындаған. Бұдан күн мен айға қатысты бірнеше тыйым салулар қалыптасқан: «Айға қарап дәрет сындырма!», «Айға қарап қолыңды шошайтпа!», «Күнге талас ұйықтама!» т.б.

Қазақтардың анимистік түсінігі бойынша жан адам өлгеннен кейін денеден бөлініп ұшып шығатын көзге көрінбейтін шағын бір нәрсе ретінде елестетілген. Осыдан «шыбын жан» деген түсінік қалыптасқан. Мы-

салы, «шыбын жаны шырқырап» деген тіркес бүгінге дейін тілімізде қолданылады. Сонымен қатар ертеректе «ұйықтап жатқан адамның жаны тәннен шығып, жер жүзін кезіп кетеді, түс – жанның осы сәттегі көрген білгендері» деп санап, ұйықтап жатқан адамды кенеттен оятпау керектігі айтылады, себебі, оның жаны өзінің тәніне қайтадан тез үлгеріп орала алмай қалуы мүмкін деп түсінген. Ұйқыдағы адамды, әсіресе, нәрестені кенеттен-асығыс оятса, ол шошынуы мүмкін екендігі бүгінгі күні де шындыққа жанасатын құбылыс.

Анимистік сенімнің келесі бір маңызды түрі және қазақ дүниетанымында бүгінгі күнге дейін орын алатын көрінісі – аруаққа табыну. Қазір бұл құбылыс – тәңіршілдік немесе шамандық сенімнің элементтері деп түсіндіріледі. Ата-баба аруағы – кеңістік пен уақыттан тыс байырғы тектеріміздің мәңгі жасампаз рухының кейінгі ұрпақтарды желеп-жебеп отыратын айрықша түрі. Мысалы, кеңістіктің, даланың қай жерінде болмасын, кезіндегі айтулы ірі тұлға қай кезеңде өмірден өткендігіне қарамастан, кейінгі өмір сүріп отырған адамдарға да ықпал ете алатын болып есептелетіндігі, сөйтіп, құрмет тұту нысанына айналатындығы оның кеңістіктен, уақыттан тәуелсіз екендігін білдіреді. Қазақ халқында жауға шапқанда бұрынғы өмірден өткен батыр ата-бабаларының атын атап аруағын шақыру, кейінгі жер бетіндегі ұрпақтарын осы «ата-баба рухы желеп-жебеп отырады» деген ұғымнан туған. Күні бүгінге дейін аруаққа табыну дәстүрлерінің нақты шынайы көріністерінің бірі оның мәйітін аса құрметтеумен байланысып жатыр. Аруаққа табыну мыңдаған жылдардан бері қалыптасқан нақты және қасиетті сенім[3,45-67бб.]. Қазіргі ғылымда, кванттық физика мен кванттық психологияда өткен-бүгін-болашақ бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді тұтас үйлесімділік екендігі дәлелденген. Ендеше, аруаққа табынудың ішкі сыры әзірге әлі ашылмағандықтан тереңде жатыр.

Магияның қазақтар арасында кең тараған бір түрі – Мантика. Ол адам өмірінің өт-

кені мен болашағы туралы көрмей-білмей тұрып айтатын «бал ашу» деген мағынаға келіп саяды. Оның пайда болғанына 40000 жылдай уақыт болған деп болжалданады [4,296.]. Қазақ халқында құмалақ ашу, жауырынға қарап болашақты болжау сияқты құбылыстар осыған жатқызылады. Магияның айқын көрінісі шаманизм немесе бақсылық деп аталатын сенімде орныққан. Бүгінгі академиялық емес ғылымдар да бұндай адамдардың сана өзгерісіндегі қалыптарының ерекше қабілеттерін мойындаған.

Тәңіршілдік сенімі өте көне дәуірлерде қазақ даласында және қазіргі Алтай аймағында пайда болды делінеді [5,5-766б.]. Бірақ нақты қашан пайда болғандығы беймәлім, бұны сақтар мен ғұндардың мойындағандығы тарихтан белгілі болып отыр. Ғұндар б.э.б. бірінші мыңжылдықтарда Алтайды мекендеп, Қытаймен көрші тұрғандықтан, бұл сенім б.э.б. 5 ғасырлардағы көне Қытайда пайда болған конфуциандық дінге ұқсас. Мәселен, аспанға табыну, әдет-ғұрыпты сақтау сияқты элементтер екі сенімнің де түпқазығы. Тәңіршілдер негізінен аспанға, көкке табынатын болғандықтан, негізгі құдайы – Тәңір, Көк Тәңірі деп аталады. Тәңір сөзінің шығу тегін, яғни, этимологиясын түсіндірушілердің пікірлері әр түрлі: Тәңір – «таң нұры», «таң іңірі» деген сөзден шыққан; «Денгир» деген Авеста кітабындағы тұлғамен байланысты т.б. Бұл сенімінің аңыздарында Тәңір әлемді жаратушы және жүйесіз әлемдік, ғарыштық бей-берекетсіздікті реттеуші қызмет атқарады. Тәңіршілдік шамамен б.э.б. мыңыншы жылдардан бастап пайда болғанмен, кейіннен шаманизм, зорастринизм, христиан, буддизм, ислам сияқты діндермен араластырылған. Мысалы б.э. 5-7 ғасырларындағы көне түркі жазба ескерткіштерінде Тәңіршілдік сенімінің көріністері кездеседі. Ол мұра былай деп басталады: «Жоғарыда көк тәңірі, төменде кара жер жаралғанда, ортасында адам баласы пайда болған екен».

Тәңіршілдік сеніміндегі басты құдайлардың бірі – Ұмай ана. Аңыз бойынша бастап-

қы Тәңір екіге бөлінген. Біріншісі – ер адамдық сипатта, көктің құдайы – тәңірдің өзі болса, екіншісі – әйелдік тұрпатты, жердің құдайы – Ұмай ана. Осыдан «Жер-Ана» түсінігі қалыптасқан. Ал қосымша құдайлар, мәселен, Алажол күндізгі жол көрсетуші болса, Қаражол түнгі жол сілтеуші, яғни, екеуі де ізгілік құдайы болып есептеледі. Сонымен қатар өлім құдайы Еркілік (кейде Ерлік деп те айтылады) жер асты патшалығында өмір сүріп, өлгендермен қарым-қатынаста болып, олардың жанын шақыртып алушы қызмет атқаратын зұлымдық құдайы. Жер астындағы өзенге өткел ретінде ол аттың қылынан көпір жасаған-мыс, ал өлген адамдар оның арғы бетіне, жарқын о дүниелік өмірге өтуге ұмтылған, өте алмаған өлген адамның рухтары осы көпірден құлап, қайтадан Ерлік ханның жазалауына ұшыраған. «Қияметтің қыл көпірі» деген түсінік осыдан қалған. Бұл аңыздың желісі кейіннен иудаизм, ислам, христиан сияқты әлемдік діндердің о дүние туралы ілімдерінде жалғасын тапқан.

Тәңір кейбір аңыздарда өмірді бақылаушы, кейбір түсініктерде әлемді жаратушы. Сонымен қатар жанды өңдеп, адам кейпіне келтіретін Кербалық, яғни, ірі көлемдегі балық туралы да аңыздар бар. Тянь-Шань тауының биік шыңының бірі – «Хан тәңірі» Тәңірдің өзі және одан кейінгі құдайлар мекендейтін тау болып есептеледі. Тәңір адамның қамқоршысы оларға тек жақсылық сыйлап, желеп-жебеуші ретінде белгілі болған. Көк Тәңірі көбінесе жеке дара адам кейіпті бейнеде елестетілмейді, ол тұтас көкті құрайды, яғни бүкіл аспанмен (ғарышпен) теңеседі. Осыдан «аспан көк» қасиетті түс ретінде сақталған.

Тәңіршілдік сенімінің тағы бір ерекшелігі – әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді құрметтеу. Кейіннен, ол «Ата заңы» (конституция) сияқты бұлжымайтын қағидаларға айналған. Дәстүрді бұзған адам «ата-баба аруағын қорлады» деген айыппен жазаланған. Әдет-ғұрып көп құрылымды, терең мағыналы әлеуметтік тәрбие институты болып есептелген. Оның саяси, құқықтық, этикалық, эстетикалық, экологиялық, мәдени жүйесі бар. Мысалы,

аңыз бойынша, Шыңғысхан тәңіршілдік сенімді басшылыққа алып, өзенге, көлге кір жуған адамды жазалап отыруы әдет-ғұрыптың экологиялық саласын қамтиды.

Тәңіршілдік сенімі, кейіннен, әсіресе, ислам дінінің элементімен араласып, одан біршама кудалау да көрген. 7-8 ғасырларда пайда болған ислам діні ХХ ғасырға дейін Қазақстан жеріне біртіндеп ене бастады. Содан бері үздіксіз таралуда және әлі күнге дейін таза күйінде түпкілікті қабылданбаған. Себебі, ол қазақ даласындағы өзінен бұрынғы шаманизм, аруаққа табыну сияқты сенімдермен қатар тәңіршілдік дінімен де араласып-кірігіп кеткен. Осындай аралас сенім бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Сондықтан тәңіршілдіктің кейбір бөліктері қазіргі заманда саналы түрде болсын, бейсаналы түрде болсын рухани мәдениет аймағында қазақ халқында бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Мысалы, ислам дініндегі Алла тәңіршілдіктегі Тәңір ұғымымен бірігіп кеткен, екеуі синонимдес мағынада қолданылады. Яғни, қазақтар ислам енгеннен кейін Алланы Тәңір деп түсінген немесе керісінше, ал бейсаналы, арғытекті (архетипті) түрде тәңіршілдік сенімінің элементтері қазіргі кезеңде өнерде, мәдениетте, ғылымда, әдебиетте елес беріп отырады. Мысалы, «Тәңірберген» деген кісі есімі баяғы замандағы жанұялы баласыз адамның тәңірден жалынып ұрпақ сұрап, соның нәтижесінен туған нәрестеге қойылатын атау. Бұл есім қазір де бар. «Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемейді», «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар» деген сияқты нақыл сөздер осы тәңіршілдік сенімінің сарқыншақтары болып табылады немесе көк тәңірі атауымен байланысты «көк түсті» құрметтеу дәстүрі сақталған. Бұл түс қою көк емес, аспан түстес ашық көгілдір. Мысалы, қазіргі Қазақстанның жалауының түсі.

Байырғы Қазақ даласындағы діндердің бірі – Зорастризм. Бұл сенімнің пайда болуы туралы әр түрлі аңыздар бар. Соның бірі ол – б.э.б. 6-5 ғасырларда Еділ бойындағы дүниеге келген Зоратустра пайғамбар негізін салған сенімдердің бірі деп саналады, кейде

б.э.б. 1-2 мыңжылдықтарда, тіпті одан да әріде қалыптасқан делінеді. Кейбір аңыздарда ол қазіргі Иран жерінде пайда болған дін. Зоратустра «түйелі адам» деген мағына білдіреді. Зоратустра пайғамбар атанғанмен, кейінгі діни кітаптарда оның есімі көрсетіле бермейді. Бұл сенімнің негізгі ерекшеліктері, идеялық көздері «Авеста» кітабында жинақталған. Қазақ даласындағы сақтардың заманында пайда болған бұл сенім кейіннен парсы, иран жеріне кең таралған немесе керісінше иран жерінен солтүстікке қарай жайылған болуы да мүмкін.

Зорастризм сенімінде басты екі құдай бар. Біріншісі, ізгілік құдайы – Ахура Мазда немесе Ормузд деп аталса, екіншісі, зұлымдық құдайы – Анхра Майнью немесе Ариман. Зұлымдық рухының жағында жалғандық пен ашу ыза болса, ізгілік рухының жағында – шыншылдық, игілікті ой, даналық, билік, денсаулық, мәңгілік сияқты рухтар жинақталған. Бұл сенімнің негізгі табыну нысаны – «от» болып табылады. Отқа табыну дәстүрлері кейінгі түркілік әдет-ғұрыппен салт-дәстүрлерде кең таралған. Мысалы, отанына адал берілгендікті білдіретін салт бойынша елдің әскерлері және өзге халықтардан келген елшілер адалдығын білдіру үшін жанып тұрған екі оттың ортасынан өткізілген. Бүгінгі күнге дейін сақталған отпен немесе түтінмен «аластау» дәстүрі де Зорастризмнің сарқыншағы. От зұлымдық рухтарды қуады деп түсінгендіктен осындай сенім ұзақ уақыт бойы сақталған және әлемнің басқа да халықтарында жиі кездесетін құбылыс. Изгілік пен зұлымдықтың қосарланған (дуалистік) сипаты осы екі құдайдың мәңгілік күресіне негізделеді. Кей сәттерде Ахура Мазда жеңіске жетеді. Жалпы әлемдік ертегілердегі негізгі оқиға ізгілік пен зұлымдықтың күресінен және оның мазмұнының жақсылықпен аяқталуынан тұрады. Бұл Зорастризмдегі екі рухтың күресу идеясынан көшірілген болса керек.

Бұл сенімнің тағы бір бүгінгі күнге дейін келіп жеткен дәстүрі – «Наурыз мерекесі». Ол жаңа жылдың басталған күні және әлемнің қайта жаңаруының, қайтадан

түлеуінің рәміздік көрінісі, күн мен түннің теңелуіне негізделген ғарыштық қағида. Ал қазақтарда жеті аспан денесі туралы пайымдаулар жинақталған. Осыған орай, наурыз көжеге рәмізді-рәсімді түрде жеті түрлі тағам қосылады.

Наурыз мерекесі түркілік немесе исламдық емес, зорастримнен келіп жеткен дәстүр болғандықтан, ол қазір түркі халықтарымен қатар парсы, Ауғанстан, Иран, Венгрия сияқты мемлекеттерде де атап өтіледі. Бүгінгі күні қазақ халқындағы келін түсу салтында оның үйге кірер сәтінде босағадағы жанып тұрған отқа май құю дәстүрі бар. Бұл – үйдің отын өшірмесін, өмірін шарықтатысын, маздатсын деген сенімнен туған. Немесе отпен аластау сол жердегі жын-шайтанды үркіту, қуу деп есептеледі. Бұл қазір де магиялық сенім ретінде кейбір әлемдік салттарда сақталып отыр немесе халқымыздағы «күлді баспа», «отты үрлеп өшірме» деген сияқты бүгінгі күнгі тыйым салулар да зорастримның сарқыншақтары. Яғни, зорастримнің қазіргі қазақ жеріндегі жағдайы тәңіршілдіктің, шаманизмнің қалдықтарымен және исламның элементтерімен бірігіп кеткен болып шығады. Ал қазіргі кезеңдегі таза зорастримдік сенімнің біршама айқын үлгілері қазіргі Иран жеріндегі халықтарда әлі күнге дейін сақталып отыр.

Қазақ даласында кең жайылған сенімдердің бірі – шаманизм. Шаманизм – алғашқы діни сенім элементі болып есептелетін байырғы алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінен бері жалғасып келе жатырған мифоритуалдық күрделі сан-салалы түбірлестік жүйе. Шаманизмде жеке дара құдай бейнесі жоқ, ондағы негізгі өкіл – түптірек (протосубъект) және айқындаушы-атқарушы (субъект) бақсы болып табылады. Қазақ даласындағы шаманизмнің шығу тегі мен дамуы шартты түрде мынадай кезеңдерге ажыратылады: әлемдік шаманизмнің пайда болуы; оның қазақ жеріне енуі, мүмкін керісінше, қазақ даласынан әлемге таралуы; шаманизмнің өркендеген (ренессанстық) дәуірі; бақсылық пен ислам дінінің жарыспалы өмір сүруі;

шаманизмнің қазақ сахарасындағы жойылуы.

Осы күрделі шаманизм құбылысының құрылымдық-функционалдық негіздері, яғни, тұтас сенімнің мазмұнындағы негізгі элементтері және оның қандай қызмет атқаратындығы мынадай жүйені қамтиды. Шаманизм: әфсана мен орындалатын салт; сенім мен дін; ақиқат пен шынайылық; тылсым құбылыс; халықтық медицина; болашақты болжау туралы ілім т.б. Осы құрылымға қатынасатындар: алдымен шаман, яғни бақсы мен оның өзге әлеміндегі серіктес-бәсекелестері жын, пері, аруақтар т.б. болып табылады [6,31б.]. Бақсы жай қарапайым адам емес, оның мынадай негізгі ерекшеліктері бар: ақылмен танылмайтын тылсым тұлға; қалыпты адамнан тыс, қарапайым халық үшін үрей туғызатан және өзгелер құрметтеушілік сезіммен қарайтын кісі; көріпкел-дана адам; діни сенімнің нақты өкілі; материалдылық игіліктің және биліктің иесі болмағандықтан әлеуметтік тұрғыда көпшілікке әйгіленбейтін қарапайым тұлға; қоғамнан оқшауланған, әлеуметтік талаптарды мойындай бермейтін, өз заңдарымен жүретін жан иесі; өнер иесі, емші, гуманист, руханиланған адам; өзіне және өзге дүниеге сенімділіктің орталығы; өзге дүние өкілдерімен, әсіресе, жағымсыз бейнелермен күресетін және жеңіске жететін психологиялық тұлға; гипнозды, парапсихологияны т.б. иеленген психотехник; шамандық құндылықтар жүйесін жасайтын, ата-бабаның аруақтарымен тілдесетін байланыстырушы буын т.б. Қазақ даласындағы шаманизмнің әлем халықтарындағы шаманизмнен айырмашылықтары бар. Мәселен, қобыз, қамшы сияқты құралдарды қолдануы, өлең жырларында қазақ бақсыларының аттарының аталуы т.б.

Бақсы өзінің мақсаттарын іске асыру әрекетінде, мәселен, ауруды емдеуде, транс жағдайында болатын зікір салу үдерісін бастан өткізеді. Ол шартты түрде мынадай кезеңдерден өтеді: шаманның әлеуметтік-болмыстық қайшылыққа кездесуі (ауру адамды көру, аурудың таралу әділет-

сіздігімен бетпе-бет келуі); рефлексиялық жағдайға енуі (өзіне өзінің қайта оралуы, өзін-өзі ашуы, өзін-өзі қайта тануы); өзге, тылсым болмысқа өтуі (сана мен адам болмысы құрсауын жеңу үшін арпалыс); өзге болмыстағы психологиялық-рухтық күрес (бұнда ауру жын-шайтан, албасты сияқты шынайы өмір сүретін зұлымдық құбылыс немесе зұлымдық иесінің қалыпты дүниедегі адамға жасаған қиянаты деп түсінілген); психологиялық күрес майданында жеңіске жету (зікір салу күшіне еніп, бақсы есінен айрыла бастайды, өзінің жеңілісін, яғни, ауруды емдей алмайтындығын мойындағысы келмейтін рухтандырушылық ашуыза ақыры оңды нәтижемен аяқталады); түпкілікті мақсатты іске асыру (жауларына өшпенділік кейпінде аурудың себепкерін ол аластап келмеске қуып жібереді); зікір салудың аяқталуы (мықты жауларымен психологиялық тұрғыдан күресіп, қуатын уақытша сарыққан бақсы әлсіреп құлайды); осы дүниеге оралу (оның қалыпты жағдайына келуі үшін белгілі бір уақыт қажет, сондықтан ол біраз мезгілдей есінен танып жатады).

Бүгінгі таңда елімізде бақсы деген атаулар емшілерге қолданылады, бірақ шамандықтағы зікір салу оларда кездеспейді, дегенмен, тылсым күш пен ақылмен ұғынылмайтын беймәлім жағдайлар жоқ емес. Қазіргі ислам дініндегі бағыттардың көпшілігі бақсылықты теріске шығарады, әйтсе де, соңғы уақыттарда шаманның емдеу тәсілдері мен психологиялық техникаларын медициналық психология жоққа шығармай-

ды, оның санасының қалпының өзгеру сәтіндегі әрекеттерін де кванттық психология жоғары жетістік ретінде бағалайды.

Алғашқы діни сенім элементтері қай кезеңде пайда болмасын оның көптеген жақтары қазіргі кезеңге дейін келіп жеткен. Мысалы, бөрі рухы 19-20 ғасырдың басындағы ақын-жыраулардан анық байқалады және бүгінгі поэзияда да, өнерде де жиі көрініс беруде. Қасқырдың аяғын бала қорықпас үшін деген себеппен оның бесігіне байлап қою дәстүрі де бар. Бүгінгі күні тек бөрі ғана емес, киікті, аққуды, жыланды қастерлейтін көне сенімдер әлі күнгірттеу болса да жалғасып келеді. Күн мен айға табынудың дәстүрлері ұмыт бола бастаған, кей сәттерде ол ислам дінімен сыйыстырылған. Күнге табыну байырғы сенімнен еміс-еміс тамыр тартады, яғни архетип ретінде сақталған. Мысалы, туымызда орналасқан күннің бейнесі. Ал магияның жауырынға қарап болжау түрі ұмытыла бастап, құмалақ ашу дәстүрі әлі бар.

Алғашқы діни сенімдер тым көнеден келе жатқан тарихи-мәдени мұралар. Олар өз кезегінде халықтық дүниетаным мен олардың рухани сұраныстарын қанағаттандырды. Ал бүгінгі ғылыми таным олардың игілікті, пайдалы, тиімді жақтарын өмірге қолданып, табиғат пен адам психикасындағы тылсым құбылыстарды түсіндіруге пайдалануға қарай бет бұрып келеді. Ендеше, негізгі мәселе, олардың адамзат руханиятының дамуында қаншалықты маңызы болғандығына байланысты және оны алдағы уақытта қандай арнада пайдаланатындығымзға қатысты болып келеді.

Әдебиеттер:

- 1 Жомирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері 13.00.01. пед. ғыл. канд. автор. дисс. ҚР – Алматы, 2007 – 24 б.
- 2 Токарев С.А. Ранние формы религии. – М., Политиздат, 1990.-622с.
- 3 Оспанов С. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс, 2009.-424б.
- 4 Гордиенко Н.С. Основы научного атеизма: Учеб.пособие для студентов пед. Инст. – М., Просвещение, 1988.-304с.
- 5 Нысанбаев А., Аюпов Н. О тюркской фальсафе. Тюркское мировоззрение и ислам. // Тюркская философия: десять вопросов и ответов. Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – С. 5 – 76.
- 6 Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-пресс, 2001.-168с.

ӘОЖ 111.1(09)

А.М.Нуриев

профессор

Абай атындағы ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры,

Н.Б.Маханова

Абай атындағы ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ experti

МҰСЫЛМАНДЫҚ ӨРЛЕУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОЙШЫЛДАР ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада орта ғасырдағы түркілік өрлеу кезеңіндегі ойшылдардың дүниетанымына жалпылама талдаулар жасалынды. Олардың идеяларының байыпты ойтолғамдары мен бүгінгі күнгі маңызы көрсетілді. Әл-Фараби, А.Яссауи, А.Иүгінеки сынды ойшылдардың философиялық көзқарастарының өмірлік және болмыстық мағыналары ашып көрсетілді.

Түйінді сөздер: *ислам діні, мұсылмандық өрлеу, ойшылдар философиясы, интеллект, қазақ ойшылдары.*

В статье делается обобщенный анализ в мировоззрение мыслителей периода в средневекового тюркского ренессанса. Показываются сегодняшнее значение и степенные мысли их идей. Раскрываются жизненные и бытовые значения философских взглядов таких мыслителей как Аль-Фараби, А.Яссауи, А.Игунеки.

Ключевые слова: *исламская религия, мусльманский ренессанс, мыслители философии, интеллект, казахские мыслители.*

The article makes general analysis to the world view of the thinkers of the medieval Turk renaissance period. There is shown today's value and the power of thought of their ideas. Also article explains vital and domestic importance of philosophical views of thinkers such as al-Farabi, A. Yassau, A. Iugneki.

Keywords: *islam religion, muslim renaissance, thinkers of philosophy, intellect, kazakh intellectuals.*

ҮІІ ғасырда араб жерінде пайда болған ислам діні кейіннен мұсылман мәдениетінің әлемге танымал болған өзіндік бағдарын қалыптастыруға игі ықпал етті. Ол тек дінді ғана таратып қойған жоқ, бірте-бірте ғылыми саланың өркендеуі мен жалпы философиялық білімдердің дамуына және оның энциклопедиялық сипатта құрылуына игі ықпал етті. Сондықтан ІХ ғасырлар мен ХІІ ғасырлар аралығындағы ислам діні негізінде қанат жайған рухани мәдениет дүниежүзіне әйгіленіп, бұл дәуір кейіннен орта ғасырдағы араб-мұсылмандық өрлеу (ренессанс) кезеңі деп аталды. Ал осыған тұспа-тұс келетін батыс Еуропадағы орта

ғасыр христиандық схоластика шеңберінен шыға алмай тұралап қалды, «философия теологияның қызметшісі» аясынан шыға алмады.

Мұсылмандық өрлеу (ренессанс) тек араб халықтарын ғана емес, сол кездегі ислам діні таралған аймақты, орта азия мен шығыс еуропа жерлерін де шарпыды. Сондықтан бұл кезеңдегі философияны, жалпылай алғанда, «араб тіліндегі философия» немесе «араб философтары» деп те атайды және философия термині өз кезегінде «фалсафа» сөзімен алмастырылған.

Араб-мұсылмандық фалсафаны тарихи-аймақтықұстаным бойынша үш кезеңге бөліп

қарастыру көзделген: 1. Бағдат халифаты тұсындағы: әл-Кинди, «Таза ағайындар» т.б.; 2. Орта Азия халықтарындағы: әл-Фараби, Ибн Сина, Омар Хайям, Аттар, әл-Ғазали т.б.; 3. Мұсылмандық Испания: Ибн Бадж, Ибн Туфейль, Ибн Араби, Ибн Рушд т.б.[1,14б.]

Орта ғасырдағы араб-мұсылмандық өрлеу дәуірінің түркі жеріне ықпалы осы даладағы рухани кеңістіктегі ғылыми-танымдық саланың өркендеуімен ұштасады. Бірақ түркі халықтарында бұл кезеңге дейін де айшықты философиялық дүниетаным ерекшеліктері өзіндік төлтума бағдарымен өркендеген. Бұндай танымдық ойтолғам жалпы адамзаттық және әлеуметтік оқиғалардың бәрі, алдымен, жаратылысқа тәуелді екендігін еске салып отырғандай ыңғай байқатады, адам мен әлемнің эволюциялық тұрғыдан біртұтастығын ниеттейді т.б. Ондағы әрбір нақыл сөз, мақал-мәтелдер де терең философиялық мағыналарды жамайды және қазіргі күнгі рухани туындылардың түп негізі болып саналады. Мәселен, «Қорада қой егіз тапса, далада бір түп жусан артық шығады» деген бүгінгі мақалдың арғы көне түркілік тегі «Қорада лақ туса, ойда от өнер» деп тұжырымдалған.

ҮІІІ-ХІІ ғасырлардағы рухани өрлеу дәуірінің бастамасында оғыз-қыпшақ ұлысының ойшылы – Қорқыт Ата жатыр. Қорқыт тек данышпан ғана емес, қобызшы, жыршы, хан кеңесшісі, бақсы т.б. көпқызметті және тарихи тұлға, әрі аңыз кейіпкері. Сондықтан оның дүниетанымы натурфилософиялық, мифтік, діни, философиялық танымның түбірлестік бірлігін құрайды. Оның философиясының қайнар көздері 12 жырдан құралған «Қорқыт ата кітабы» мен оған енгізілген даналық сөздері, Қорқыт туралы аңыздар мен оның күйлері және шығу тарихының мазмұны болып табылады. «Қорқыт ата кітабындағы» жырлар әрбір кезеңдегі оқиғаларды тұтастындыратын түркі халықтарының жалпы тарихы [2] мен дүниетанымының жинақталған рәміздік сипатты іспеттес. Ондағы әрбір жырының мазмұны терең рәміздік,

бейнелік, тұспалдық мағынамен байыпты философияны жырлайды.

Қорқыт атадан кейін түркі халықтарының рухани өрлеу үдерісі екі-үш ғасырда көптеген ойшылдар легін қалыптастырды. Мәселен, бүгінгі күнгі зерттеушілер бізге танымал екінші ұстаз атанған әл-Фарабиден басқа оның үстінде басқа да ғұлама «әл-Фарабилер», яғни, Фарабтан шыққандардың болғандығын дәйектеп отыр, бір өкініштісі бұлардың жазба еңбектері сақталмаған. Сондықтан қазіргі тарихнамаларда, ғылым тарихында тек жазба еңбектері сақталғандары ғана танымал болатындығы шындық. Осы орайда, ІХ-ХІІ ғасырлардағы түркілік ойшылдар бүгінгі күнге келіп жеткен еңбектерімен қоса атап өтіледі: Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігі», Махмұд Қашқаридің «Түрік сөздігі», Қожа Ахмет Йассауидің «Даналық кітабы» мен «Пақырнамасы», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» т.б.

Араб-мұсылмандық шығыс философиясының өкілі болғанмен, түркі жерінде, Отырар қаласында дүниеге келіп, балалық шағын осы шаһарда өткізген ойшылдардың бірі – Әбу Насыр Әл Фараби. Оның толық есімі – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл Фараби ат-Түрки (870-950жж.) болатын. Әлемге әйгілі философ жан-жақты энциклопедист ғалым: дәрігер, физик, психолог, математик, астороном, музыкант, ақын, т.б. болғандықтан, метафизикалық және онтологиялық мәселелерді таразылауда да өзіндік төлтума идеяларын ұсынған. Сонымен қатар әл-Фараби ілімінің бір қыры да көне Грекиялық Аристотель мен Платон еңбектеріне түсіндірмелі (герменевтикалық) талдаулар жасаудан басталады және кейінгі батыс еуропаға оның еңбектерін таныстырушылардың бірі ретінде де танымалдығымен ерекшеленеді. Ол әлемдік рухани кеңістікте Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған (мүмкін, шындығында, бірінші болар). Әл-Фараби 200-дей еңбек жазғанмен, оның бізге келіп жеткені

70-тейі ғана: «Философиялық трактаттар», «Математикалық трактаттар», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Логикалық трактаттар», «Музыканың ұлы кітабы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» т.б.

Физикалық ілімдер саласында кеңістік, материя, қозғалыс жөнінде ұтымды пікірлерін ұсынумен қатар, тәжірибелер жасап, оны дәйектеуге құлшынған. Мәселен, вакуум туралы толғанысында, оны тәжірибе жүзінде тексеріп көріп, әлемде табиғи вакуумның болмайтындығын дәлелдейді. Осыдан ойшылдың бос кеңістіктің нақты физикалық көрінісі вакуум жөніндегі көзқарастарының да маңызды тұс екендігі аңғарылады. Вакуумды тәжірибелік-эмпирикалық жолмен зерделеген әл-Фараби оның болмайтындығын ауа мен судың қатынасы арқылы байыптайды.

Психологиялық көзқарастарында ақыл, интеллект, қабылдау сияқты мәселелерді таразылап, танымның деңгейлерін ажыратып көрсетеді. Мәселен, интеллектіні бірнеше түрге ажыратып, әрқайсысының қызметтерін көрсетуі де бүгінгі күнге дейін маңызды мәселелер болып табылып отыр.

Музыка саласында, дыбыстардың саздық өрнектелуі, ноталар мен музыкалық білімнің қазіргі теориялық деңгейлерін «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегінде алғаш рет баяндайды. Метафизикалық бағытта: онтологиялық, негізгі ұғымдық, әрі нақты, түпкі философиялық мәселе «бар» мен «жоқ» жөніндегі ойтолғамдар түзілісін; қозғалыс және оның түлерін; пішін (форма) мен материяның арақатынасын байыпты зерделеу бойынша «қалыптасу» мен «жаратылу» мәселелерін; орын мен кеңістік туралы толғаныстарын, жаратушының әлемді жарату актісіндегі сипатын т.б. зерделейді[3,47б.].

Осы аталған идеялар ойшылдың «Мәселелердің мәні» деген еңбегінде (трактаты) байыпты қарастырылған. Ол қажеттілік, мүмкіндік, өмір сүру мен әлемнің жаратылуы туралы логикалық пайымдаулар жасай отырып; «Біз барлық екі түрлі болады

дейміз. Оның біріне өзі бар болғанымен, одан өмір сүру қажеттігі тумайтын заттар жатады. Заттардың бұл түрі «мүмкін бар» деп аталады. Бардың өзге түріне бар болады екен – әрқашан және қажетті өмір сүруі тиіс заттар жатады. Бұлар «қажетті бар» деп аталады. Егер біз «мүмкін бар» турасында «бәлкім ол жоқ шығар» деп пайым жасасақ, – онда ешқандай оғаштық жоқ. «Мүмкін бар» өмір сүруі үшін өзінің болмысында қандай да болмасын бір себепті қажет етеді. Осындай себеп пайда болғанда, ол «өзгенің арқасында қажеті барға» айналады», – деп «бар» мен «жоқты» байыптаған ойшыл, оның таза онтологиялық мән екендігін ұсына келе, «мүмкін бар» мен «қажетті барды» ажыратып алады. Осы қақ жару (дихотомия) шартты түрде ұсынылып, ортақ «бар» ұғымынан таралып шыққанменен, ең түпкі мәселелерді қозғайды.

Әл-Фараби осы мәселені теологиялық пікірімен ұштастыра отырып, әрі қарай сабақтай түседі: «Оның мәселен, дене тәрізді болмыс сипаты жоқ. Сен оны бар дей алар едің, бірақ «бардың» анықтауышы «зат» – ал «зат» болса тағы дененің анықтауышы. Осылайша «қажетті бар» туралы «ол қажетті бар және бұл оның өмір сүру түрі» дегенді ғана айта аламыз. Бұдан қорытынды – қажетті бардың не тегі, не түрі, не дерегі, не дәлелі жоқ. Керісінше, оның өзі баршаның дәлелі бола алады. Ол тұрақты мәңгілік түрінде өз бетінше өмір сүреді, ешқашан мәңгіге жоғалмайды, өмірі әлеуетті емес. Бұдан оның болмауы мүмкін емес, ол өзінің бірқалыпты өшпейтін өмірі үшін ештеңеге мұқтаж емес және ол бір қалыптан екінші қалыпқа көшпейді деген тұжырым шығады. Оған не көлем, не орын, не уақыт таңуға болмайды. Ол дене емес. Оның болмысында өзінің өмір сүруі тәуелді болатындай бөтен ешнәрсе жоқ. Осы мағынасында да ол бір тұтас. Дәл осы іспетті оның болмысын, материя, түр, түс деген тәрізді түсініктермен сипаттауға болмайды», -деп, оған – ақыл, данышпан, көркем, шебер, махаббат иесі т.б. қасиеттерді таңады.

Демек, «қажетті бар» болмыстық болғанмен, шартты түрде ешқандай болмыстық сапаны иемденбейді, таза абсолютті тәуелсіз, бар болуының өзі «өзі-үшін болудың» толық мәнін иемденген, әрі өмір сүрудің, болудың, барлықтың шынайы мәні мен мағынасын толықтай иеленген әлдебір жақ деп тұспалданады. Осы белгісіз жақ Жаратушыға айналып, онымен теңеседі, ол креативтік қуатқа ие, бүткіл дүниені бар қылуға қабілетті және оның болмысын бағындыруға ерікті т.б. қасиеттерді иемденеді. Яғни, әл-Фарабидің нұсқап отырғаны Жаратушының өзі, ол – Құдай болып табылады. Бұл дәстүрлі философиялық теологиялық ілім.

Ойшылдың идеялары теософиясын айғақтаумен жалғаса түседі: «Ол заттарға мәңгілік өмір береді, жоқ болуына тиым салады. Осы мәнінде ол барлық заттардың болмысының себебі болып табылады, бірақ бұл заттарды жоқтан бар еткенде оларға өз бетінше еркін өмір сүру мүмкіндігін қоса береді деген сөз емес».

Әл-Фарабидің еңбектерінің көпшілігі бізге жетпей жоғалып кеткендіктен, оның дүниетанымын тұтастай ашу мүмкін емес, тек қана жеке-жеке идеялары мен тұжырымдары ғана мәлім бола алады. Бүгінгі таңда да ислам дінінің осындай жан-жақты білімпаздыққа ұмтылған келбетін қайта жаңғырту қажеттігін ниеттейді.

Ахмед Иүгінеки (12 ғасырдың соңы, 13 ғасырдың басы, сонда) өмір сүрген тарихи кезең де мұсылмандық мәдениеттің түркілік ортада орныға бастауымен байланысты болғандықтан, ойшылдың жеке дүниеге көзқарасының қалыптасуына ислам діні тікелей әсер етіп, теологиялық этика мен моральдік қағидалар оның шығармашылығынан айқын көрініс табады. Оның «Ақиқат сыйы» деп аталатын еңбегі діни-философиялық шығарма шығыстық ойлау дәстүрін, түркілік таным-түсінікті тұтасынан жинақтайды [4]. Бұнда адамгершілік қағидаларын кеңінен насихаттау мен үлгі-өнегелілік басты орынға шығарылып, ол онтологиялық, теологиялық

тұрғыдан зерделенеді. Бұнда «Ақиқат» ілім «сый» ретінде табиғи және адамзаттың эволюциясының рухани өрлеуінің қажетті, әрі бірден-бірі ілімі деген идея ниеттеледі. Бұл адамның білімге деген ұмтылысының жоғарылығы мен адамгершіліктің үндестірілуі арқылы толығыады деген пікірлермен тұжырымдалды. Ал ақыл адам өмірінде маңызды және адами қасиеттің негізі екендігі дәйектеліп, ақылға сүйене отырып, өмір сүрудің шабыттылығын жырлайды, рационалистік дәстүрді қолдайды. Бірақ ол батыстық рационализмнен елеулі айырмашылығы бар идея, бұнда даналық, парасаттылық, сезімділік пен адамгершілік мұраттары қоса қамтылады, бұларды ажырамас бірлікте қарастырады [5,56-104бб.].

Адам өміріндегі сөз бен тілдің маңыздылығы және оны дұрыс пайдалану жөнінде толғай келіп, оны жалпы құндылықтар жүйесімен топтастырады да, табиғи әлеуметтік заңдылық ретінде пайымдайды. Бұл күдіретті заңдылықты жоғарғы жаратушының Ақиқат сыйы ретінде қабылдауды ұсынады, сөйтіп өз ілімін асқақтандыра түседі.

А. Иүгінекидің іліміндегі қарама-қарсылықтар туралы ілімдердің тоғысуы құдайлықтан бастау алып, күн мен түн және жарық пен қараңғының алмасуының табиғилық болмысымен шартталады. Мәселен:

Құдайым (сен үшін) күн мен түнді жаратты,
Кезегімен алмасып, бірінен соң бірі өтіп жатады.

Күніңді кетіріп қараңғы түн етеді.

Түніңді кетіріп қайтадан жарық етеді,- деп тұжырымдайды. Бұнда құдайдың әлемді жоқтан жаратқандығы туралы (креационистік) қағиданы негізге алумен қатар, оның адамзат үшін табиғи болмыс болып табылатындығын, объективтілігін паш ете отырып, адам мен құдай арасындағы қатынастың ақиқат деңгейін көрсетеді. Бұнда біртұтас ғаламды, дүниені жасаушы, жаратушы бір күдірет күш бар екенін мойындап, оның асқақтығын пайымдайды.

Алла тек жаратушы салқынқанды емес, әділеттілікті, парасаттылықты сақтаушы ай-

рықшы күш және адамдарға ырыздық пен бақыт және игілік сыйлаушы ретінде көрсетіледі: «Алла өзін білімменен құт етеді, Қайырсыз надандықты жұт етеді. Білімді үйренбеген талай қауым, Құдайды қолдан жасап бұт етеді». Діни сауатсыздық пен надандықты да әшкерелеген бұндай көзқарастар бүгінгі замандағы дүмше молдалық үшін де маңызды түйткіл.

Түркі халықтарындағы араб-мұсылмандық ренессанс ықпалымен қалыптасқан қазақ даласындағы ойшылдардың көрнектілерінің бірі – Қожа Ахмет Яссауидің (1093 кейбір деректерде 1103жж - 1166жж) махаббат философиясы ғашықтық танымы бойынша теологиялық сипатты басшылыққа алады, жету жолы мен ұмтылуы бойынша – тәндік құмарлықтар мен қажеттіліктерден ада болып, тек рухани даму жолына түсуді өмірлік тәжірибесінде іске асыруды жолға қоятын аскеттік тәсілді қолданады да, суфистік өмір кешу дағдысын уағыздайды. Себебі, адам өміріндегі ең басты мұрат мен тіршіліктің мәні, ең жоғарғы саты, абсолюттік деңгей – «құдайды сүйе» болып табылады деген ұстанымды негізге алады. Ол ғашықтық тек құдайдың жек басы ғана емес, оның әрекеттері мен жаратушылығын мойындау арқылы, соның нәтижесіндегі әлемнің сан алуандығына сүйсіну жолын, әсемдігі мен асқақтығына масаттану сезімін жалпылама түрде байыптап, дәйектей түседі: «Он сегіз мың ғаламға қайран болған ғашықтар» деген тұжырым осының айғағы. Бұнда танылмайтын тылсымдықты тануға ұмтылыс құштарлығы өзіне ғашықтықты туғызған, ол он сегіз мың ғалам арқылы өзінің сан алуан шексіздігін және адам үшін ғажайып құрылғандығын жариялайды. Сондықтан ойшыл өмірге құлшыныстың орталығы ретінде осы махаббатты түпнегізге айналдырады. Өз ойын «Ғашық сырын таба алмай, сарсаң болған ғашықтар», – деп тұжырымдаған ойшылда ғашықтықтың өзі оның ішкі сырын білуге ұмтылыс арқылы тылсым бола бастайды, себебі, адам өзінің ғашықтығын саналы түрде түсіндіріп бере

алмайды, ол сезім мен интуиция арқылы көмкеріледі, сондықтан оның сыры сол ғашықтықтық құбылысының өзінде жатыр. Құдай және ол жаратқан әлем дүниені көңіл көзімен терең түйсінген адам үшін бұрыннан-ақ «ғашықтық объектісі болып тағайындалған», сондықтан оны сүйуге тиісті болу адам ғұмырындағы басты өмірмәнділік тірек болып табылады. Махаббаттың рахатқа бөленушілігі (экстазы) мен өзге әлемге тереңдеп ену – құдайға тоғысу мен нұрлануға жетелейтін ішкі психологиялық сана-сезім, ол сайып келгенде, әлемнің сырын ұғыну мен таным бола отырып, әуелі адамдағы сезімнің болуымен шартталады, одан кейін ол сезімнің құдайға бағытталауы арқылы жаратқан әлемді тұтастай қамтып, сүйсіну басталады. Осы сүйсіну деңгейі бүкіл дүниені танудың бастапқы нұсқасы мен сатысы деген ой ниеті жатыр. Бұл сүйсінудің өзі тек жай ғана тамсану емес, терең психологиялық күй арқылы іске асатын және практикалық әрекеттермен көмкерілген әрекет болып табылады. Тұңғыш жайбарақаттану мен сезімдік тұрмыс қалпын иеленудің құралы – әуелі Алланы тани және мойындай білу шарты болатын болса, осы тұста Ахмед Яссауидің махаббат философиясының ерекшелігі түпкілікті махаббат болып саналатын жоғары сезімдік деңгейді бастан өткізу[6,38-42бб.]. Басқа теологиялық көзқарастарда құдайды мойындау рационалды дәйектеліп, оны құрметтеу керектігі айтылатын болса, суфистік танымда, әсіресе, Яссауи ілімінде оны сүйе білудің шынайы мағынасы толғанылады, осы сүйіспеншілік адамды жайбарақат күйге түсіріп, алаңдаушылық пен өмірлік азаптардан, қиыншылықтардан құтқарады. Сопылық философияны зерделеушілер де оның танымдық қызметін, ақиқатты ашу функциясын айрықша бөліп көрсетеді.

Оның «Даналық кітабы» – ғұмыр кешуден өзінше мән-мағына тапқан, сүйіспеншілікке ұмтылыс шабыттары мен іссіздік енжарлығының «алтын аралығын» ұсынғандай болады, даналық пен

парасаттылықтың бастауларын нақты тұжырымдайды. Оның махаббат философиясында ер мен әйелдің тұрмыстық жұптық сүйіспеншілігінен жоғарырақ, асқақтап көтерілген өмірмәнділік ұғымдар теологиялық формадағы онтологиялық деңгеймен тоғысады. Сөйтіп, ең жоғарғы деңгей «СҮЮ» құбылысын асқақтандырады, оны түпкі рухани құндылықтың сезімдік-танымдық дәрежесі ретінде орнықтырады. Бұл деңгейде махаббат өзінен-өзі тылсым, қасиетті, қастерлі игілікке өтеді. Ол адамның әлемде өзін-өзі ашуының, мәңгілік рухани жетілуінің нақты көрінісіне айналады. Бұның нәтижесі «Хақпен дидарласуға» келіп тоғысатын тұңғыш философияны туғызды. Сопылық дәстүрге ерудің негізгі кедергілерінің бірі – нәпсі мәселесі Қожа Ахмет Иассауида ішкі психологиялық ықпал арқылы күресетін екінші жақ, өзінің нәпсісі өзіне қарсы қойылады. Осы тұрғыдан алғанда, дүниенің сыры да, жаратушысы Алла да, оған сенім де, бұның қарсы азғырушысы нәпсі де адамның өз ішінде, сондықтан жағымдыларын оятып, жағымсыздарын саналы түрде ығыстырудың бірлігі Хақ жолына жету деген тұжырым жатыр.

Түркілік өрлеу кезеңінің көрнекті ойшылдарының бірі – Жүсіп Баласағұнидің (1020 жж. дүниеге келген, қайтыс болғаны белгісіз) «Құтты білік» дастанында этикалық қағидалар кеңірек және әр тарапты (плюралистік) таным тұрғысынан зерделенеді, оларды насихаттаудан гөрі таным таразысын кеңейту ұсынылады: өмір салтын таңдап алу үшін екі түрлі ғұмыр кешу дәстүрі салыстырылып қойылады. Қалыпты өмір бағытын ұстанатын Өгдүлмиш пен аскетизм қағидаларының өз өміріне қолданушы, қоғамнан оқшауланған Одғурмыштың ғұмыр кешуі үрдістерінің салыстырылып барып ұсынылуында да, жалпы өмірдің мағынасы туралы мәселені қозғаудың ниеті жатыр. Одғурмыш: «Дүние сүйікті болғаны үшін бүкіл айыбы, Саған игілік болып көрінеді, ей, елден асқан қымбаттым», -деп өзінің тақуалық дәстүрінің маңызын ұсынады да,

«Өзіңнің дүниені сүйгеніңнің белгісі бұл қанша айыбын (көрсең де), көңілің игілікке санап тұрады», -деп адам танымындағы алдамшылық пен сенімнің түпнегізінде ақиқат жатырмайтындығын, ол тек дүниеге елігу арқылы өзін-өзі алдау ғана болып табылатындығын пайымдайды және осы жалған дүниенің арғы жағындағы абсолютті ақиқатты түйсіну қажеттігін дәйектейді: «Бұл дүниенің бақыты ізгі емес, Алладан алыстатады, дінді жұтатады».

Осы тұста Баласағұнның дүниетанымындағы негізгі ерекшелік ашылады, екі түрлі ізгілікті көзқарас ұстанушы жақтарды пікірталасқа түсіреді және осы екі бағыттың, шындығында да, қайсысын таңдау қажет деген өмірмәнділік сауал тастайды. Аскеттік ғұмыр кешкен Одғурмыш: «Дүние жинау не үшін керек? Қайта тастап кеткен соң, Ей, өлетін (пенде), сен несіне алданасың, Өзін екі күндік қонақ бола отырып» десе, оған қалыпты өмір сүрушінің өкілі Өгдүлмиштің жауабы:

«Дүние халқы мен мемлекеті кентін тастап

(О дүниенің) ауыр жүгін арқалап тауға барып тұрса

Барлық дүние бұзылып, бос қалар еді

Адам баласының баршасы ұрық шашпас еді», -деп түйінделеді.

Одғурмыш дүниесүйгіштік махаббаттың өтпелілігі мен жалғандығын, өткіншілікке сенген мағынасыздықты, алдамшы тіршіліктегі адасуды рухани өрлеудің соңғы ақиқаты құдайды сүюге қарама-қарсы қойып, жағымсыз-мағынасыз деңгейге көтеріп, өмірдің мәнін аскеттікпен шешсе, Өгдүлмиш бұл бағдарды іштей бағалайды, келіседі, оның философиясын ұғынады, бірақ нақты өмірлік тәжірибеде өзінің басқаша қағидаларын ұсынады; ұрпақтар сабақтастығы да соншалықты маңызды екендігін алға тартады. Бұдан екі түрлі махаббат пен өмір сүру бағыты құрылады; теологиялық және экзистенциалдық.

Сондай-ақ ойшылдың бұл туындысында жалпы этикалық бағдарлар өсиетнама ре-

тінде тұжырымдалады: «Біліп айтқан сөз – білікті саналар, Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар. Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін, Бір сөзбен шеш тәмәм сөздің түйінін». Бұнда сөздің бастапқылығы мен ықпалының құдыреттілігін, құндылығы мен нақтылығын, практикалық мағыналығы мен әсерлілігін таразылап, оны өмірмәнділік деңгейге шығаратын ұстын тұжырымдалады.

Бұл кезеңдегі ойшылдарың ішінде, кейіннен түркі даласына айтарлықтай ықпал етіп, қазақ сахарасында өзіндік мектебі жалғасын тапқаны – А. Яссауи болды. Сопылық мектеп әсіресе, XIX ғасырда қазақ жерінде кең тарады, ол әулиелік және ағартушылық

сияқты арналарға бөлінді. Қазіргі кезде оның жалпы философиясының тереңдігі мойындалғанмен, бұндай өмір арнасымен тіршілік ету заманымызға сай келмейтін көне дәстүр ретінде бағаланған.

Қорыта айтқанда, түркілік өрлеу дәуіріндегі философия кейінгі ұлтымыздың дамуына, руханияттық өрлеуіне айтарлықтай әсер еткен елеулі кезең болды. Ол кездегі руханияттық деңгейдің биіктігі бүгінгі күні де ұрпақтарға сабақ аларлық үлгі болмақ. Сондықтан, келесі кезекте, оның мұралары мен игі нәтижелерін қоғамдық өмірімізде қалай қолдану керектігінің тетіктерін жасау маңызды іс болмақ.

Әдебиеттер:

- 1 Есім Ғ. Фәлсафа тарихы: Оқулық-хрестоматия. – Алматы: «Раритет», 2004.-304б.
- 2 Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1994.-160б.
- 3 Бурабаев М.С. и др. Философия Абу Насра аль-Фараби. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998,-207с.
- 4 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. Түпнұсқаның фотокошірмесі, прозалық және поэтикалық аудармасы. – Алматы: Ғылым, 1985,-152б
- 5 Аймұратов С. Ахмед Иүгінеки дүниетанамы. – Филос.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2004.-124б.
- 6 Тоқсанбаева Г. Қазақ дүниетанымындағы махаббат феномені. – Филос.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2008.-120б.



ӘОЖ 111.1(09)

Б.М.Аташ

Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты, саясаттану және әлеуметтік философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы

Н.Б.Маханова

Абай атындағы ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И expertі

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ БІРЛІК ИДЕЯСЫНЫҢ ТОЛҒАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

Бұл мақалада Бірлік идеясының деңгейлері көрсетілді. Оның достық, туыстық, жанұялық, рулық, ұлттық және жалпыадамзаттық шеңберлері алғаш рет ұсынылды. Ол қазақ руханияты мен мұралары бойынша мысалдармен дәлелденді.

Түйінді сөздер: *бірлік, ұлттық идея, ұлт бірлігі, жалпытүркілік, рухани құндылықтар.*

В статье показывается уровни идеи Единства. Ее дружеские, родственные, семейные, родовые, национальные и общечеловеческие рамки предлагаются впервые. Это доказывается примерами из наследия казахской духовности.

Ключевые слова: *единство, национальная идея, единство наций, общетюрский, духовные ценности.*

The paper shows the levels of the idea of Unity. Its friendship, kinship, family, tribal, national and common to all mankind frameworks are suggested for the first time. This is demonstrated by examples from the heritage of the Kazakh spirituality.

Keywords: *unity, national idea, unity of nations, common Turkic, spiritual values.*

Қазақ дүнетанымында Бірлік тұрмыстық-әлеуметтік, саяси-мәдени, этикалық-эстетикалық негізде құрылатын кең ауқымды түсінік. Оның осы салалар бойынша бірін-бірі қамтитын өзіндік бір шеңберлер жүйесі құрылған: тұлғаның толыққандығы, жанұялық үйлесімділік, ру бірлестіктері, алты алаштың тұтастығы, жалпыадамзаттық бірлік идеясы, адам мен табиғаттың үндестігі, пенде мен құдайдың тоғысуы.

Бірінші, тұлғаның сыртқы келбеті мен ішкі жан дүниесінің бірлігі, үйлесімділікке келіп саятын эстетикалық тоқтам. Халқымыз адамның түр-тұрпаты, жүріс-тұрысымен қатар мінез-бейнелерінің, рухани деңгейінің бір-біріне сай болуын маңызды санаған. Әйелдердің сұлулығы да ішкі мазмұнымен: мінез-құлқымен, ерік-жігерімен, ақыл-ойымен толықтырылатын кешенді

туынды деп түсінілген. Мәселен, қазақ саяхатындағы поэтикалық мектептің көрнекті ойшылдарының бірі – Майлықожа Сұлтанқожаұлы осы үйлесімділік пен үйлесімсіздікті жарыспалы түрде бейнелейді: «Іші-сырты тең сұлу, Әйел емес үр (хорқызы) деңіз» немесе «Іші-тысы тең жаман, Қап-қара батпақ лайлайды»[1,107б.].

Екінші саты – жанұялық-туыстық бірлікке келіп саяды. Бұнда да ер мен әйелдің өзіндік бір ішкі түсіністігі, бір-біріне деген махаббатының мәңгілігі, түптеп келгенде, олардың бірлігін қамтасыз ете алатындығы негізге алынған. Шал ақын бұл жайтты былайша салыстырып бейнелеп береді: «Жақсы қатын алғанның тойы үйінде, Жаман қатын алғанның соры үйінде». Жанұялық бірлік кеңейе келе, қандастардың-туысқандардың бауырмалдылығына қарай ұласады. «Ағайын тату

болса, ат көп болар, Абысын тату болса ас көп болар» деген мақал осының айғағы.

Үшінші сатысы – рулық-қауымдық бірлестік. Қазақ қоғамында бір атаның балалары мен оның кейінгі ұрпақтары өсіп-өркендеп, жұптарын жазбай, бір рулы елге айналып, қыста қыстауға, жазда жайлауға көшсе де бірге жүрген. Рулық қауымдастық кеңейе келе, олар үлкен бір ауылға айналған, қоныс іздеп, ауып көшкендері де сол аймақтан әріге көп ұзай қоймаған. Оның белгілері бүгінгі күні де сақталған. Осы жеті атаға дейін сабақтасқан рулық тұтастықта бәрі бірін-бірі танығандығы өз алдына, той-садақаларда араласып-құраласып, біріне-бірі қажет кезінде жәрдем беріп, қуаныштары мен қайғыларын бірге бөлісіп, тату-тәтті ғұмыр кешкен. Бұл тұтастық «У ішсең, руыңмен» деген нақыл сөз арқылы бейнеленген. Алты алашқа жайылған үлкен мерекелерде, сол рудың палуандары, ақындары мен күйшілері де «ру намысы» үшін бәсекеге түскен.

Төртінші саты – тұтас қазақ қоғамының, үш жүз бен алты Алаштың тұтастығы арқылы жүзеге асатын Ел бірлігі. Бұнда руға бөліну қалыс қалып, тұтас қазақ баласы отаны мен жері үшін ел басына күн туған сәттерде біріге түседі. Демек, сыртқы жаулар үшін іштей ынтымақтастық пайда болуы тиіс. Оларды біріктіретін тұтас ұлттың тарихи тағдырының ортақтығы, бір этнос болғандықтан туыстық-қандық байланыстар, бірігіп өмір сүруге жетелейтін ұжымдық сана. Бұл бірлік ортаңғы буын болғанмен, өткен тарихымызда да, қазіргі кезде де, келешекте де маңызды құбылыс болып саналатын сол ұлттың түпкі идеясы болып табылады.

Бесінші саты – жалпытүркілік идея. Ол кезінде бір бұтақтан өрбіген, кейіннен әлемге бытырап кеткен туыстас түркі тайпаларының әрқайсысының өз алдына мемлекет немесе бірлестіктер құрып отырған қауымдарының тұтасуы, ынтымақтастық пен бірлікте болуы, саяси-экономикалық қатынастары мен әлеуметтік-мәдени сұхбаттастығын қамтамасыз етуі. Мысалы, түркі-

шілдік идеясын толғағандардың бірі – XX ғасыр басындағы ақын Мағжан Жұмабаев болатын: «Қосылып батыр түрік балалары, Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал» немесе: «Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта, Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа, лайық па құл боп тұру. Кел кетелік Алтайға, ата мирас алтын таққа»[2,55б.].

Алтыншы саты – тұтас адамзат қоғамының бірлігі. Адамдардың биологиялық түр ретінде ортақ қасиеттері бойынша ұжымдасуы. «Жер – адамзаттың ортақ үйі» немесе «алып кемесі» дегенге келіп саятын ішкі сезім оларды ерікті-еріксіз түрде біріктіреді. Бұл қазіргі экологиялық жағдайларда, жаһандану үрдісінде, тұтас ақпараттық-экономикалық кеңістіктің құрылуы жағдайында өзектілене түскен. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», - деген тұжырымы жалпы-адамзаттық бірлік идеясына келіп тоғысады.

Жетінші саты – адам мен табиғат немесе адам мен әлемнің тұтастығы идеясы. Көне Антика дәуіріндегі стоиктер мектебі адамды әлемнің шағын қайталанған үлгісі ықшамғарыш деп түсінген. Қазіргі кездегі кванттық физика да тек адам мен табиғат қана емес, барлық құбылыстардың бір-бірімен тығыз байланысты болатындығы, оның әрбір бөлшегінің тұтас әлем туралы ақпараттарды бойына сіңірген екендігі туралы академиялық емес ғылыми тұжырымдар ұсынып, оны дәйектеу үстінде. Қазақтардың он сегіз мың ғалам туралы түсініктері де олардың әрбір шағын бөліктерінің де бір-біріне тәуелді екендігі туралы ойды меңзейді.

Қазақ халқындағы ұлт бірлігі – ұлттық идеяның негізгі саяси-әлеуметтік мәні. Халқымыздың тарихы мен қазіргі күнге дейін сақталуының, этностың бар болуының, бүгінгі біздің, яғни, әрбіреуіміздің өмір сүріп, осы дүниеге қазақ болып келуіміздің алғышарты да осы ұлт бірлігі идеясына тікелей байланысты.

Түркі халықтарының ерекшелігі, әлемде басқа халықтарда мүлде болмаған жағдайы – қайта-қайта тарих сахнасына шығып, бірнеше рет империялар құруы, одан кейінгі

ХУ ғасырдағы қазақ хандығының құрылуы және оның бастапқыда халықаралық саяси сахнада айтарлықтай беделге ие болуы – Бірлік идеясына тікелей байланысты. Осы тұста, «неге бастапқыда, ал кейіннен неге олай болмаған» деген түйткіл туындайды. ХУІІІ ғасырлар шамасында ел ішіндегі мызғымастықтың іргесі шайқала бастады, хандар мен батырлар арасында алауыздық туды, сондықтан алты алашқа ортақ тұрақты әскер болмады. Бұл үрдіс бірнеше жылдарға созылды және бүгінгі күні де сарқыншақтары байқалып отыр. Ауызбірліктің жоқтығы, хандыққа талас, руаралық тартыс, күншілдік сана саяси зияткерлерден бастап, қарапайым бұқара халықтың санасын жаулап алған жағымсыз және тұрақты мінез-құлыққа айналды. Оның тамыры да тереңде жатыр. «Қырық пышақ қыпшақ» деген сөз содан қалған және ол қоғамдық өмірдің барлық саласынан орын алады. Шыңғыс ханнан кейін оның әулеттерінің арасындағы таққа талас, қазақ хандығы тұсындағы билік үшін күрес, руға бөлініп өзара қырқысу, «ағайының бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды» деген нақыл сөздің тууына алып келген қарапайым халық арасындағы күншілдік, бүгінгі күні ұлғая түскен жанұядағы кикілжіңдер т.б. барлығы қазақ қоғамындағы зиялы қауымды алаңдатпай қоймады. Әсіресе, жоңғар шапқыншылығы мен орыс отаршылдығы тұсында оның зардаптары анық байқалды. Сондықтан, қазақ халқының осындай жағымсыз мінез бейнесіне байланысты руханиятымызда бірлікке шақыратын мақалдар мен мәтелдер, жырлар мен өлең толғаулар, аңыз әңгімелер көптеп туа бастады.

Сырым батыр Нұралы ханға наразы болып жүргенде «Аз бен көпті, ақ пен қараны, нашар мен мықтыны теңгере алмадың», – деп өкпелепті. Нұралыға бір кез келгенде Сырым амандаспай жүре беріпті. Сонда Нұралы: «Батыр! Қайырылып сәлем бергің келмейді, тасып жүрсің-ау!», – депті. Сонда Сырым: «Хан, тасып жүргенім жоқ, қазақ баласының басын қоса алмай сасып жүрмін» деген екен

[3]. Бұл тек Сырым батырдың ханға өкпелегенде айта салған сөзі ғана емес, қазақ қоғамының тарихындағы шындық және кері тартпа әдет. Осыны кезінде жоңғарлар, хиуалықтар, орыстар шебер пайдаланды, қазақтардың өздерін-өздеріне айдап салды, халқымыздың түпата тегін білуге тиістілігі, жеті атаға дейін қыз алыспайтындығы сияқты тұрақты тарихи жадысын рушылдық идеологиясына айналдырып жіберді. ХХ ғасырдың басында қазақ халқының зиялылары арасында да бірін-бірі «Кеңес үкіметіне мынау қарсы» деп ұстап беретін бытыраңқылық сақталып қалды. Абайдың көрегенділігі де осы тұста анық байқалады: «Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары, Біріне бірі қастыққа – Қойнына тыққан тастары».

Тарихта еліміздің ішкі бірлігінің бұзылуы, бауырмалдық пен туыскандық шарттарының сақталмау жағдайларының бүгінгі күні де кездесіп отырғандығы жасырын емес. Оның үстіне қазақ халқының діліндегі жағымсыз психологиялық қасиет – «күншілдік» те бүгінгі заманға дейін жалғасын тауып отырған құбылыс. Оның да тарихи-әлеуметтік, генетикалық-психологиялық өзіндік себептері бар. Күншілдікті «қан арқылы қалыптасқан мінез-құлық бойынша жалғасқан табиғи қасиет» деп түсіндірушілердің пікірлерін мысалға алсақ, бірнеше себептерін ұсынуға болады: көп әйел алушылықтың салдарынан олардың бір шаңыраққа психологиялық тұрғыдан сыйыса алмай, ауызбірлікте болмауынан. Осы құбылыстың «бір әкелі, әр түрлі аналы» ұрпақтарға беріліп, олардың да бір-біріне ана мүддесін қорғауға ұмтылысы жөнінен қайшы келуі. Бұл – әсіресе, тарихымыз көрсеткендей, хандық билікке тайталастардан анық байқалады. Осыған байланысты халқымызда «тоқалдан туған» деп аталатын әлеуметтік кемсітушілік орын алған. Билік басындағы бұндай талас-тартыс қарапайым бұқара халық санасында солай болуы тиіс құбылыс ретінде қалыптасып «үлгі» ретінде таралған. Психоәлеуметтік тұрғыдан бұл құбылыс: саяси күншілдік немесе күн-

шілдік саясаты – билікке ұмтылыстың нәтижесі өзгені басты бәсекелес ретінде таңдап алып, оған қарсы айла-әрекет ұйымдастыру бойынша; психологиялық күншілдік – адамның ішкі қызғаншақтық сезімінен туындау арқылы; әлеуметтік күншілдік – қоғамдағы қайшылықтардан туындаған кек алушылық санының негізінде құрылған деп ажыратылады.

Бірақ түркі-қазақ халқының тұтас тарихы тек өзара саяси-әлеуметтік кикілжіңдерден тұрған деген түсінік тумауы тиіс. Себебі, ел бірлігі мен тұтастығын жырлаған идеологтар халқын үнемі ауызбіршілікке шақырып отырған. Мысалы, Ақтамберді жырау «Балаларыма өсиет» деп аталған толғауында қазақ ұрпақтарының татулығы мен бірлікте болуы тиіс екендігін насихаттайды, оны өсиет ретінде қалдырады: «Балаларыма өсиет: Қызмаңыздар кепиет, Бірлігіңнен айрылма, Бірлікте бар қасиет. Татулық болар береке, Қылмасын жұрт келеке, Араз болсаң алты ауыз»[4,67-68бб.]

Бүгінгі бірлік идеясында, ұлттық, жалпытүркілік, жалпыадамзаттық деңгейлердің бәрі де өзектілігін жоймаған түйткілді мәселелердің бірі. Қазіргі кезде, Қазақ Елі өркениет көшіне ілесіп, мәдени-рухани дамудың жаңа сатысына көтеріліп келе жатқан шақта, өз ұл-қыздарынан – тәуелсіздікті нығайтуды, еліміздің өркендеуіне жұмыла күш салуды, дүниежүзілік бәсекелестік алаңында өзінің ұлттық тұғырынан айнымауы үшін бірлесе қызмет етуді талап етіп отыр. Сондықтан, Абай сияқты қазақ қоғамының әлеуметтік сыншыларының айтқан пікірлері мен ескертулерін жадымызға ұстап, алауыздық пен күншілдік сияқты керітартпа әдеттерімізден арылып, болашаққа мүдделестер ретінде бірге аттануымыз қажет.

Тарих тегершігі адамзатқа сынақ жіберу немесе табиғи эволюцияға бейімделу талаптарын ұсыну, тіпті болмаса, өздері құрастырған беталыс аясында, өзін-өзі танудың жобасымен үнемі-үздіксіз ізденіс тағдырын тағайындаған. Қазіргі кездегі әлемдік жаһандану үрдісі өз кезегінде: экономикалық-саяси, мәдени-әлеуметтік, рухани-

психологиялық тұрғыдан қауымдасудың үлгісін сабақтастырып келеді. Жаһандану құбылысы бүгінгі заманғы әрбір ұлт мен ұлыстардың, жалпыадамзаттың бірінғай өмір сүруді жалғастыруының өзекті мәселелерінен пайда болған, жалпы алғанда, гуманистік тұғырлы болып келетін әлемдік интеграциялық беталыс болып табылады. Осы тұста, ұлт мүддесі мен болашағы туралы пайымды пікір – соңғы жылдары қолға алынып жүрген жалпытүркілік бірлік идеясы, демек, түркі халықтарының мәдени деңгейде өзара ұйысуы мен ынтымақтастығының жалпы нұсқасы. Бұл біріншіден, жаһандану жағдайындағы түркі халықтарының рухани құндылықтарына сәйкес келмейтін әр түрлі жат психологиялық ықпал өрісі аясындағы идеологиялардан сақтану үшін қажетті бағдар болып табылады. Шындығында, қазіргі адамзаттық идеологиялық кеңістік арнасында, әрбір қауымдастық пен ықпалды күштер өзінің насихаттық-психологиялық түсініктерін жалпыға тануға ұмтылу үстінде. Мәселен, еуропаландыру, қытайландыру, америкаландыру тәрізді ықпалдармен қатар әр түрлі діндердің насихатшылдық әрекеті өрістей түсуде. Осы орайда, қазақ халқы және басқа да түркі халықтары бұрынғы тарихи дәстүршілдік қағидасын және оны қазіргі заманға сай қайта жаңғырту идеясын қолдауды ұсынады. Себебі, әр түрлі болмыс-бітімімізге сәйкес келе бермейтін идеологиялардың ықпалынан алдымен, руханилықты бетке ұстау арқылы сақтана алатындығымыз тарихи тәжірибеде бінеше рет дәлелденген шара.

Екіншіден, түркілік рухани құндылықтарды, өзара мәдени сұхбаттастықты қайта жаңғыртудың тарих алдында қажеттілігі туды, хронологиялық жағынан да мезгілі келіп жетті, бұл – тарих таразысының ақиқи шарты ретінде белгіленді. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін түркі халықтарының егемендік алуы, түркия мемлекетінің түркілік идея аясындағы мәдени ынтымақтастыққа ұмтылысы, ұмыт болып бара жатырған руханияттық деңгей т.б. оны қайта жаңғыртудың

уақыты келгендігін паш етіп отыр. Шынайы тарихты тану, тарихи өзіндік сананың қалыптасып, дамуы бүгінгі күні рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуды қалайды.

Үшіншіден, Түркі халықтарын тұтастай және оларды жекелей алғанда да, өзінің тұғырлы мәртебесін әлемдік саяси-мәдени сахнада анықтайтын мезгілдің келіп жеткендігі де осы рухани құндылықтарды сараптап, қайта жаңғыртып, ешкімге ұқсамайтын төлтума ерекшеліктерімізді әйгілеудің бірден-бір себебі болып табылады. Бұндай заманауи талап – қазақ халқының және басқа да түркі халықтарының әлемдегі орнының салмақты түрде айғақталуы, дүниежүзілік халықаралық кеңістікте өзіндік мәртебесінің нығаюына алып келеді.

Төртіншіден, тарихтағы түркілік бірлік рухын еске алсақ, өткенге көз жүгіртсек, жер бетінде түркі тектес халықтардың бірнеше империялар құруы, шындап келгенде, олардың тарихтың қозғаушы күші ретінде танымал болуы, әлемдік өркениетке айтарлықтай ықпал еткендігі т.б шынайы тарихи әділ бағасын алуы тиіс. Осы әділ бағаға ие болу түркі халықтарының рухын қайтадан жаңғыртып, өркендете түсуіне жетелейді. Бұл өз кезегінде, түркі халықтарының тарихи өзіндік санасының орнығуы мен өзіндік мақтанышына айналары сөзсіз. Жалпы-түркілік идеясының іске асуы өз кезегінде мынадай нәтижелер бере алады: жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтар мен түркілік құндылықтарды сақтап қалудың іргелі тетігі; шынайы тарихымызды қайта қалпына келтіру мен дүниетанымымызды әйгілеудің негізі; тарихи туыстық қалпымыз рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың

түпнегіздік іргетасы; әлемдік саяси-мәдени, рухани-экономикалық сахнада түркі халықтарының өзіндік беделін әйгілеудің қозғаушы күші; әлемге түркілік рухани құндылықтарды паш етудің және онды, тиімді, ұтымды тұстарын әлем халықтарына таратудың негізі; адамзаттың рухани құлдырау «жоспарында» өзіндік «құтқарушы» ролін атқаруы тиіс екендігі жауапкершілігі жүктеледі.

Соңғы уақыттарда адамзат діни, нәсілшілдік, ұлттық сияқты жікшілдіктен арылып, бірлесіп бейбіт өмір сүруден, ынтымақтастық арқылы ілгері қарай өрлеуден, ғаламдық мәселелермен барлық мемлекеттер бірлесіп күресуден, Жер мен ондағы тіршілік иелерінің тағдырын біріге отырып шешуден басқа жол жоқ екендігін ұғынып келеді. Сондықтан жалпыадамзаттық бірлік идеясы келешектегі адам болмысының мағынасын ашып беретін түпкілікті шешім болып табылады.

Дүниеден әркім және әрбір халық өзіндік үлесін алуға құқылы, беруге борышты және адамзат эволюциясы мен әлем заңдылығы осыған негізделген. Жер бетіндегі байлық пен игіліктің барлығы барша адамзатқа және басқа да тіршілік иелеріне арналған. Бұдан әлем мен адам бірлігі идеясы туындайды. Соңғы уақыттардағы экологиялық дағдарыстар және қоғам мен табиғат арасындағы қайшылықтар бұл идеяның қажеттілігін, заңды екендігін, қашып құтыла алмайтын қағидат екендігін дәйектеп берді. Сондықтан, «жасыл экономика» барша мемлекеттер бірлесіп шешім қабылдап, тұтаса әрекет еткенде ғана өзінің оңды нәтижесін бере алады және адамзат болмысының келешегінің жарқын болуының кепіліне айналады.

Әдебиеттер

- 1 XIX ғасыр әдебиеті. (Құрастырған Х. Сүйіншәлиев) – Алматы, Ана тілі, 1992. – 224б.
- 2 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448б.
- 3 Шешендік. <http://www.massagan.com/sheshensozder.php?mod=sheshensozder&start=90>
- 4 Ай заман ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев). – Алматы, 1991. –т.1. – 384б.

ӘОЖ:92193:37.01

К.Н.Нәрібаев

*ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, э.ғ.д., профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

ҰСТАЗДЫҚ ҚАСИЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ БОЛМЫС

Бұл мақала белгілі ғалым-ұстаз Балтабай Адамбаевтың ұстаздық қағидалары, азаматтық болмысы, ғылыми еңбегі туралы жазылған.

Түйінді сөздер: ұстаздық қызмет, ұстаздық қасиет, азаматтық болмыс, шешендік өнер.

Эта статья посвящена педагогическим принципам, гражданской позиции, научной деятельности известного ученого-педагога Балтабая Адамбаева.

Ключевые слова: педагогическая деятельность, педагогические принципы, личность, ораторское искусство.

This article is devoted to the pedagogical principles, civil position, scientific activity of the known scientist-teacher Baltabai Adambaev.

Keywords: pedagogical activity, pedagogical principles, identity, public speaking.

Балтабай Адамбаев! Қазақстанда көпке әйгілі, белгілі есім. Өйткені ол кісі Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлагатты ұстаз, көрнекті ғалым, жазушы, ақын. Міне, осы салаларға азды-көпті қатысы бар азаматтардың бәрі Бакеңнің кім екенін жақсы біледі.

Ал мен болсам Балтабай ағаның шәкіртімін. Мектепте дәрісін тындап, тәрбиесін көріп өскен азаматпын. 1952 жылы ауылдағы 7 жылдық мектепті тамамдап, Жамбыл қаласындағы №38 қазақ орта мектебінің 8-ші классына оқуға түстім. Ол кезде қалада бар болғаны екі ғана қазақ орта мектебі болатын. Бірі қала орталығындағы Жамбыл атындағы мектеп-интернат, екіншісі осы біздің теміржол әкімшілігіне қарайтын станция жанындағы мектеп.

Біздің бақытымызға қарай сол кезде осы мектепте керемет мықты ұстаздар ұжымы сабақ берді. Ол уақыт, әрине, мұғалімдерді пір тұтатын мезгіл ғой. Бірақ олардың өзі де қадірлеп-қастерлеуге тұратын ардақты азаматтар еді.

Б.Адамбаев бізге қазақ тілі және әдебиеті, логика, психология пәндерінен сабақ берді. Сонымен қатар соңғы екі жыл бойы біздің

класс жетекшіміз болды, сондықтан басқа мұғалімдерден гөрі бізге жақындау еді.

Балтабай ағамыздың ұстаздық қасиеті ерекше болатын. Мінез-құлқы, іс-әрекеті, кісілік болмысы, жүріс-тұрысы, дәріс беру тәсілі – бәрі-бәрі ұстаз болу үшін жаратылған адам еді. Әлде шәкірттік көзбен қарағандықтан ба, немесе ерекше силағандықтан ба – ол кісінің әрбір басқан қадамының, айтқан сөзінің тәрбиелік мағынасы бар сияқты болып тұратын.

Кейін ағамыз Алматыда ғылым Академиясында қызметте жүргенде, кездескен сайын менің ол кісіге айтатыным: «Аға, Сіздің орныңыз университет кафедрасында емес пе? Болашақ әдебиетшілерге Сіздей ұстаз ауадай қажет қой», – деуші едім. Ол кісі бір күліп алып: «Мен мына ғылымның қызығына түсіп кеттім, тақырыбымның өте күрделі және керек мәселе екенін өзің білесің. Дана халқымыздың шешендік өнері туралы бар материалдарды жинақтап, зерттеп, жүйеге келтіріп, өзіне қайтарып беріп кетсем деген арманым бар. Бұл да көп күш-жігерді қажет ететін тірлік екен. Ал ұстаздық болса қашпас, кейінірек көре жатармыз», – деп, жауап беретін.

Менің бұл айтқаным ағамыздың ұстаздық қасиетін әсірелеу емес, шыны солай еді. Ең алдымен Балтабай ағамыз нағыз әдебиетші болатын, бұл сала бойынша білімі мен білгендері тасып-төгіліп жататын. Сабақ үстінде оқулық шеңберінен әлдеқайда тыс шығып кететін. Танысып жатқан жазушымыздың өзі білетін қыр-сырларын өте тартымды, әдемі етіп әңгімелейтін. Ал талқыланған шығармалардың жазылу тарихы, сыншылардың берген бағасы, халықтың ой-пікірі, тіпті кейбір кейіпкерлердің өмірдегі прототиптері туралы да айтып беретін. Мектеп қабырғасында жүріп, белгілі романдар туралы сын тақырыбын алғаш осы Балтабай ағамыздың аузынан еститінбіз. Шығарманың өзін ғана біліп қоймай, ол туралы ой пікірлерді білу бізді өте қызықтыратын.

Әдебиет сабағын жүргізіп отырып, ағамыз тек әдеби шығармашылықпен шектеліп қалмайтын. Кино, опера, балет, көркемсурет жөнінде әртүрлі қызғылықты әңгімелер айтушы еді. Опера меп балеттің не екенін білмейтін біздер ағамыздың әңгімесін аузымызды ашып тұрып тыңдаушы едік.

Бір жолы класста «Жамбыл» кинофильмі туралы әңгіме қозғадық, оқушылардың біразы оны көрген болып шықты, сондықтан оны талдауға қызыға араластық. Көбіміз фильмді мақтап жатырмыз, бәрімізге ұнаған сияқты. Ал Балтабай ағамыз фильмнің жақсы жақтарын айта келіп, бас рольде ойнаған Шәкен Аймановты қатты сынға алды. Жамбылдың ролі солғын шыққан, аты аңызға айналған, XX ғасырдың Гомері атанған, атақты халық ақынының бейнесі бұлай болмау керек. От пен жалын шарпыған қылыштай өткір сөзі бар, аты бар әлемге әйгілі ақынның образы ширақ, жинақты шығу керек еді. Фильмнің осал жері осы, – деді ұстаз ағамыз. Балтабай ағамыздың осы сөзі бізді шығармашылық әлеміне сын көзбен қарап, әр адамның өз ой-пікірі болу керектігіне және оны орынды айта білу өнеріне үйретті.

Адамбаев – ұстаздың тағы бір қасиетті қыры – ол шешендігі, сөйлеу мәнері. Аға-

мыз шешендік өнерді бекер зерттемеген болса керек. Ең алдымен ол кісі тумысынан шешен бе деп ойлаймын. Өйткені біздің елде шешен сөйлеуге (ораторлық өнерге) үйрететін арнайы мектеп болған жоқ, ондай сабақ та болмайтын. Бұл мәселе кейінгі кезде ғана көтеріліп жатыр. Сондықтан шешендік өнер ағамыздың қанына біткен қасиет болу керек. Ол кісі сөйлегенде елдің бәрі жым-жырт болатын, сөздері өте тартымды әрі әсерлі шығатын. Сабақ кезі ме, одан тыс па сөйлегенде мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді көп келтіретін. Біз ол кісіні сыртынан «мақал-мәтел жинағы» деп атаушы едік. Айтылған мақалдар өте орынды және айтылмақ ой-пікірді толықтырып, мән-мағынасын аша түсетін. Өзінің осы әрекетімен бізге мақал-мәтелдердің өмірдегі орнын анықтап, маңызын айтып түсіндіріп кеткендей болды. Менің өз басым осыдан кейін мақал-мәтелдерге, нақыл сөздер мен афоризмдерге көп мән беретін болдым. Біреудің аузынан бір жана мақал естісем, жазып алам. Тек қазақтың ғана емес, бүкіл дүние жүзі халықтарының мақал-мәтелдерін жинап жүруді әдетке айналдырдым. Мұзафар Әлімбаев ағамыз бен Қадыр Мырза Әлінің жинақтаған мақал-мәтелдері ғана емес, өздері жанынан шығаратын нақыл сөздерін жібермей қызығып оқып, газет журналдардан қиып алып, бөлек-бөлек папкаларға салып жинап жүремін. Міне, жақсыдан шарапат деген осы болар. Балтабай ағамыздың бір ғана қырының бүкіл менің өміріме еткен әсері осындай.

Б.Адамбаев ағамыздың ұстаздық қызметінің өзіндік «құпиясы» болатын. Егер берілген тақырыпты дұрыс түсінсең, оны меңгеруге жақсылап еңбек еткенің көрініп тұрса, бірақ айтқан жауабын мардымсыздау болса да бағаны көтеріп қоятын. Мен бұл жақсы бағаны сенің жауабыңа емес, еткен еңбегіне, төккен теріне қойдым, келесі жолы дұрыстау дайындалатынына сенемін, – деп, өз «құпиясын» ашып та беретін. Әрине, бұдан кейін бәріміз де алған жоғары бағаны ақтауға тырысатынбыз, тақырыпты жарыса оқып, біріміздің білетінімізді бірімізге айтып береміз.

Мұндай әдіс педагогика ғылымында бар ма, әлде жоқ па, білмеймін, ал оның бізге әсері өте керемет болатын. Әдебиет пәнін бүкіл класс болып үздік оқуға тырысатынбыз. Бірақ бұл зорлап оқыту емес, өз еркінмен әдебиетті сүйіп оқу болатын. Сондықтан да болар Балтабай ағамыздың шәкірттері ішінен әдебиетті сүйетін жастар көп шықты. Ағамыздың шәкірттерінің ішінен біраз журналистер, ақын-жазушылар, әдебиет зерттеуші ғалымдар шықты. Олардың бәрін айтпай-ақ өзіммен бірге оқыған класстасым, аты бүкіл Қазақстанға әйгілі, талантты ақын Жарылқасын Амановты айтсам да жеткілікті. Ол өзінің қайталанбас ақындық талантымен, шығармаларының философиялық ерекшелігімен, өлеңдерінің өмірлік мәні-маңызымен ақындық жанына нәр берген Балтабай ағамыздың ұстаздық еңбегін толығымен ақтады деп есептеймін.

Ұстаз Адамбаевтың тағы бір ынталандыру тәсілін айтқым келеді. Бұл тәсіл де педагогика теориясында қаралмаған, ағамыздың өзі ойлап тапқан жаңалығы болу керек. Егер де үйге берген тапсырманы бәріміз (түгел класс болып) ойдағыдай орындасақ, жауабымыз жоғары бағаланып, сабақ ойдағыдай өтсе, сабақтың соңында ағамыз өте қызық деген тақырыпқа әңгіме айтуды әдетке айналдырды. Әңгіменің тақырыбы әртүрлі – ағамыздың соғыста бастан кешірген оқиғалары, әдебиет, өнер, білім, ғылым және т.б. салалар. Қандай тақырыпты қозғамасын ұстазымыздың әңгімесі қызықты, тартымды болатын және ешуақытта қайталанбайтын. Біз демімізді ішке тартып, тым-тырыс отырып тыңдайтынбыз.

Ал егерде үй тапсырмасын кейбіреулер орындамай, сабақ нашар өтсе, онда ол күні бізге мұндай әңгіме жоқ. Сондықтан түгел класс болып тырысатынбыз, ал әлгі бәрімізді әңгімесіз қалдырған «батырларды» ортаға алып мүйіздеп алатынбыз, олар енді мұндай қылыққа бара бермейтін. Қазір ойлап қарасақ, бұл оқудағы жоғары үлгерімге деген, сапалы білімге деген ұжымдық ынталандыруды, ұжымдық жауапкершілікті көтерудің ең жетілдірілген әдісі екен.

Кейінгі кездері біз ұстаздық деген түсінікті сабақ беру сапасымен ғана өлшеп жүрміз. Бұл жеткіліксіз. Ұстаз өз шәкіртерін тек дәріс беріп қана тәрбиелемейді. Тәрбие үшін оның адами болмысының, кісілік келбетінің, өмір сүру қағидаларының, тіпті жүріп тұру, киіну, сөйлеу мәнерінің маңызы зор. Балтабай ағамыз осы қасиеттердің бәріне көп көңіл бөлетін ұстаз еді. Мүмкін бұл ол кісінің әдебиет пен өнерді, эстетика мен этиканы терең түсініп қана қоймай, соған қоса үлкен психолог болғанынан шығар. Ұстаздың қандай іс-әрекеті шәкірттеріне қалай әсер ететінін өте жақсы білгені ғой.

Осы туралы біздің – 1950 жылдарының бас кезіндегі мектеп оқушыларының ұстазымыз туралы есте қалғаны мынау. Б.Адамбаев мұнтаздай тап-таза киінетін, міндетті түрде костюм-шалбар, таза көйлек, мойнында жарысымды галстук. Үтіктеген шалбарының қыры ешуақытта сынбайтын. Қалтасында жақсылап үтіктеліп бүктелген таза бет орамал. Кейде сол орамалды алып, маңдайының терін сүртіп, жай ғана көздеріне тигізіп қойып қайтып қалтасына салып қоятын. Әрине, бұл жерде осының бәрін ретіне келтіріп, ағамызды жарқыратып киіндірген Жаңылхан жеңгеміздің еңбегі ерекше болар. Дегенмен Бакең қандай киім кимесін өзіне өте жарасып тұратын. Бұған да біліктілік пен икемділік керек шығар. Ағамыз класстың есігін ашып кіріп келгенде, ол кісімен бірге жылылық, жарасымдылық, сұлулық, келісімділік қоса кіретін. Алдымызда жай қарапайым мектеп мұғалімі емес, көрнекті өнер қайраткері тұрғандай сезінетінбіз. Өйткені Балтабай аға тек жарасымды киініп қана қоймай, соған сәйкес өзін де өте жарасымды ұстайтын. Ұстаздың ұлылығы осында ғой деп білемін. Өйткені ол өзін ғана емес, өз шәкірттерін сыйлай білгені.

Осы тұста менің көп ойланып қиналатын мәселем мынау – бүгінгі күні дәрісханаға қалай болса солай, кір қожалақ киініп кіре беретін ұстаздар шәкірттерінің есінде кім және қалай болып қалатынын ойлай ма екен? Бүгінгі заман қиын, сондықтан кешірімді бо-

лайық дейтіндер болар. Ал бұдан жарты ғасыр бұрын өмір сүру деңгейі, тұрмыс жағдайы бүгінгіден оңай болған жоқ. Әңгіме адамында, ұстаздың ұлылығында.

Біз, сол кездегі Балтабай Адамбаевтың шәкірттері, ол кісіден көп нәрсе үйрендік. Мен негізінен жоғары оқу орындарында жұмыс істедім, студенттерге дәріс оқыдым. Сонда аудиторияға кірер алдында өзіме Балтабай ағамыздың көзімен бір қарап алатынымын. Бұл әдетім әзір де бар. Қазақта «бой түзеу» деген сөз бар, ол біреуге қарап өсу, еліктеу, оның жақсы жақтарын қабылдап бойына сіңіру, соған ұқсау деген сөз. Менің ұстазымнан қабылдап алған негізгі қағидам мынау: адам өзінің ішкі дүниесімен сыртқы келбетінің үндестігін таба білуі керек, сонда ғана ол өзімен өзі болады, өмірден өзіне лайықты орнын табады.

Өмірдегі үндестіктікті тану, табу деген маңызды және күрделі мәселе. Адамдардың біразы осыны түсінбей әлек: әлі келмейтін іске араласады, қолынан келмейтін қызметке жармасады, сәнді деп жараспайтын киім киеді, өзінің бар болмысын оның шын бағасынан асырып көрсетем деп шаршайды. Мұның бәрі табиғилықтың, үндестіктің жоқтығы. Ақыл тоқтатып, өз бойынан осы қасиеттерді тапса, қаншама адам бақытты болар еді. Ол үшін олардың Балтабай Адамбаевтай ұстазы болу керек.

Осы тұста оқырмандардың біразы Б.Адамбаевтың образын тым әсірелеп жіберген, бұл барлық ұстаздардың жинақталған жағымды бейнесі деп түсінуі мүмкін. Әрине нағыз ұстаздардың бәрі Адамбаевтай болу керек, сонда ғана олар ұстаз деген ұлағатты ұғымға лайық. Бірақ бұл жинақты образ емес, Балтабай ағамыздың жеке өз бейнесі. Ал біздің ой санамызда ол кісінің тәрбиелік іс-әрекеттері, мінез-құлықтары тасқа басқандай сақталып, тағдырымызда терең із қалдырған себебі, біріншіден, ол кісінің ұстаздық тұлғасының құдіреті болса, екіншіден, біздің көріп білген жақсылықты бөліп жармай түгелімен сорғыштай сорып алатын балаусадай балғын балалық шағымыз,

болмасақ та ұқсап бағайық деген асқақ арманымыз.

Жалпы мен ұстаз жөнінен өмірде жолым болған адаммын. Талай асыл азаматтардың ақылын тыңдап, жақсылығын көріп, шапағатына бөленген жанмын. Ғылыми жетекшілерімді былай қойғанда, өмір жолымда, қызмет тұрғысында Д.Қонаев, А.Асқаров, Т.Қатаев, К.Қазыбаев, Ө.Жәнібеков, Б.Төлепбаев, Қ.Тұрысов сияқты абзал ағаларымның өлшеусіз көп жақсылығын көрдім. Солардың ақылымен өсіп-жетілдім, біраз биікке көтерілдім, халыққа қызмет етуді үйрендім. Ал осыған қажет адами қасиеттерді Б.Адамбаев ағамыздан алдым. Міне, өмірімнің шындығы осындай. Мектеп қабырғасында өткен оқиғаларға да, Балтабай ағамыз секілді мектеп мұғалімінің болмыс бітіміне де көбірек көңіл бөлгенімнің себебі осында. Өкінішке орай дәл қазір сол біз оқыған мектептей мектеп, бізге дәріс берген ұстаздардай ұстаз жоқ па деп қорқам. Өйткені оларға бұрынғыдай көңіл бөлінбейді. Мектептің аузы-мұрнын компьютер мен жаңа техникаға қаншама толтырып тастағанмен, оқушы тағдырын шешетін, оның болашағын анықтайтын, адами қасиеттерін қалыптастыратын күш – ол ұстаз.

Егер елімізге қазір аралары сиреп бара жатқан ғалымдар, қайраткерлер, ұлттық интеллигенция, ақын-жазушылар керек деп тапсақ (бұған күмән болмау керек қой деймін), онда бар көңілімізді, мектеп ұжымдарындағы ұстаздарға бөлуіміз керек, оларға қажетті барлық жағдай жасайық. Өйткені ұлтымыздың тағдыры, жастардың болашағы, еліміздің келешегі солардың қолында.

Балтабай Адамбаевтың ғылыми ізденістері сол кез үшін тың тақырып болатын. Кеңес Одағы кезінде шешендік сөздер негізінен билердің сөзі деген сынаржақтық түсінік бар еді. Сондықтан бұл бағытқа шешіліп ешкім бара бермейтін. Б.Адамбаев батылдық танытып қазақтың шешендік өнерін алғашқы зерттеген ғалымдардың бірі. Мүмкін осы іспен айналысуға өзінің бойындағы ақындық,

шешендік қасиеттері де себеп болған шығар. Ағамыздың осы қырын танып ғұлама ғалым, академик М.Әуезовтің оны ғылымға шақыруы да тегін емес сияқты. Талантты алыстан көретін Мұқаң әдебиетке әлі беймалым осы саланы алып бару Б.Адамбаевтың қолынан келетініне сенген болу керек. Бакең ұлы ғалымның сенімін толығымен ақтады. Әдебиеттану ғылымында жаңа бағыт шешендік өнерді зерттеу саласы пайда болды. Оның басы-қасында тұрған біздің Балтабай ағамыз еді. Кейін бұл кісінің жолын қуып, осы тақырыпта еңбек жазған біраз ғалымдар шықты. Олар Нысанбек Төреқұлұлы («Билер сөзі, ақылдың көзі», «Қазақтың 100 би-шешені», «Даланың дара ділмарлары» және т.б.), Серік Негимов («Шешендік өнер», «Қазақтың сал-серілері» ж т.б.). Сонымен қатар Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бөлтірік Әлменұлы сияқты тарихи тұлғалардың шешендік өнерін зерттеген біраз жеке шығармалар жарық көрді. Осы тақырып туралы орыс тілінде шыққан ғылыми еңбектер де бар. Сонымен қазіргі кезде қазақтың шешендік өнерін зерттеп, жүйелеу әдебиеттану ғылымының үлкен бір келелі саласына айналып отыр. Бұған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жоба аясында жарық көріп жатқан, әсіресе «Бабалар сөзі» және «Алтын қор» сериялары бойынша басылып шыққан шығармалар да өз үлесін қосуда.

Осы бағытты дамытып, жетілдіруге үлкен әсерін тигізіп отырған тағы бір арна бар. Ол заманымыздың көрнекті ғалымы академик С.Зимановтың жетекшілігімен шыққан он томдық «Қазақтың ата заңдары» деген жинақ. Бұл көптомдық жинақта белгілі тұлғалардың, ойшылдардың, жиһангерлердің, әдебиет пен мәдениеттің өкілдерінің ғұмырнамасы, ел басқару, әдет-ғұрып заңдарын іске асыра отырып, ел бірлігін сақтау сияқты мәселелермен қатар олардың шешендік, билік дәстүрлері кеңінен талқыланады. Атақты Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің шешендік өнері жан-жақты зерттеліп, олар туралы ғылыми ой-пікірлер айтылады.

Ал енді мұның бәрі кейін, Б.Адамбаев өмірден өткеннен соң жазылған шығармалар, бірақ осылардың өзегі болған 1950-ші жылдары ағамыз зерттеп бастаған, ерен еңбек сіңіріп, артында қалдырған бай ғылыми мұрасы.

Ғалым Б.Адамбаев халықтың шешендік өнері мен мақал-мәтелдеріне арнап 20-ға жуық кітап жазды. Оның жартысы ғана өзінің көзі тірісінде жарық көрді, қалғандары оның мұрагері және дәріптеушісі аяулы жеңгеміз Жаңылхан Досымбекқызының қажырлы еңбегінің арқасында басылып шықты.

Менде осы кітаптарының барлығы бар. Біразын өзі силап әкеп берді, біразын дүкен аралап жүріп, өзім тауып алдым. Ал кейінгілерін басылып шыға салысымен Жаңылхан жеңгем менің атыма арнайы жазып ұсынуды дәстүрге айналдырды. Ағаның маған алғаш өзі силаған кітабы 1976 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан «Халық даналығы» деген еңбегі. Сол жылы мен Қазақстанның жоғары білім беру Министрлігіне орынбасар болып тағайындалдым. Балтабай ағам құттықтап келіп, жаңадан ғана шыққан осы кітабын сиға тартты. Оның бірінші бетіне: «Ұстазынан озған шәкіртіме ризашылық ниетіммен Б.Адамбаев» деп жазыпты. Мен оны оқып, қатты қысылдым.

- Аға, мен Сізден озып кеткен ештеңем жоқ, мына отырған орын қызмет қана, бүгін бар, ертең жоқ. Ал Сіздің деңгейіңізге жету үшін әлі талай тер тегуім керек, – деп жатырмын.

- Жетуің керек, оған толық мүмкіндігің бар. Қытайда мынандай мақал бар (айтатын сөзін мақалмен негіздеп алу ағамыздың әдеті болатын): «Егер баласы әкесінен озбаса, онда өмірде екеуінің де жолы болмағаны». Бұл өте дана сөз, өйткені әрбір келесі ұрпақтың бұрынғыларға қарағанда мүмкіндігі көбірек болады. Біздің жастық шағымыз ашаршылық, соғыс деген зұлматтармен өтті. Солардан аман қалу, білім алу үшін көп күш-қайратымызды жұмсадық. Құдайға шүкір сендер олардан амансыңдар. Бүгінгі заманның жағдайы жаман емес, сондықтан уақыттың мүм-

кіндігін пайдаланып өсіп-жетілңдер. Мына қызметтің буына мастанып, ғылымды тастап кетпе. Докторлық жұмыс жазып жүрмін деуші едің, сол үшін Америкаға да барып, бір жыл жұмыс істеп қайтыпсың, енді соны бітіріп, қорғап ал. Мен де сенен қалмауға тырысайын, – деп ағам біраз ақыл айтты сол жолы.

Балтабай ағам менің өмірімдегі өзгерістерді жібермей қадағалап отыратын. 1980 жылы докторлық жұмысымды Мәскеуден қорғап келгенде алғашқылардың бірі болып келіп құттықтады. Өзі қорғағандай қуанды: «Әне, айтып едім ғой, сендердің мүмкіндіктерің молырақ деп, міне ағаннан бұрын доктор болдың, енді мен сені қуып жетуім керек», – деп қалжыңдады.

1983 жылы министр болып тағайындалғанда екінші күні келіп бетімнен сүйіп, қолымды алды. Тағы да қалжыңдап: «Ал, Көпжасар, алдыңа келе қалсақ уақтылы қабылдайсың ба, әлде ұмытып кетесің бе?», – деді.

Сіздей ұстаздың шәкірті болсам, онда өзгере қоймаспын, ал өзгеріп кетсем немесе Сіздерді ұмытатын болсам, онда Сіздің тәрбиеніздің нашар болғаны да», – дедім мен.

Тауып кеттің, көп мазалай бермеспіз, керек кезінде ғана хабарласып тұрармыз, – деді ағамыз.

Шынында, ағамыз орынсыз мазалаған емес, әртүрлі жиындарда, ғылыми мәжілістерде, кейбір кездесулерде жолығып сөйлесіп жүрдік.

Атышулы желтоқсан оқиғасынан кейін мен «ұлтшыл» атанып, қызметтен босадым. ҚазССР-ы Ғылым Академиясының экономика институтында қызмет істеп жүрген кезім. Балтабай-аға менің халжағдайымды білуге арнайы іздеп келіпті. Бұл енді ол кісінің үлкен адамгершілігі ғой, өйткені ол кезде мені халық жауына ұқсатып тамыр-танысымның көбісі жоламай қашып жүретін. Қол ұшымды беріп, жәрдем көрсеткен азаматтарымның өзі көшеде кездесе қалса көрмегендей болып бұрылып кететін. Ал ағамның өзі арнайы іздеп келіп отыр. Сонда айтқаны: «Мен ғалым

шәкіртімді министр шәкіртімнен кем көрмеймін. Ал желтоқсан болса, ол тек сенің ғана басыңа түскен жай емес, бүкіл қазақтың қасіреті ғой. Сондықтан бұған кеңірек қара. Уақыт өтеді, бәрі орнына келеді. Әлі біраз биіктен көретін болам өзінді. Сонда осы әңгімемді есіңе аларсың».

Айтқаны келді. Мен ақталып, Қазақстан жоғары мектебінің қара шаңырағы – Қазақ мемлекеттік университетіне ректор болып тағайындалдым, бәрімізге қасиетті ұжымды он жылдан аса басқардым. Бірақ өкінішке орай, Балтабай ағам мұны көре алмады, сонын алдында ғана өмірден озды. Ал айтқан сөздері санамда әлі сайрап тұр.

Балтабай ағаның маған айтқан қытай мақалы әлі күнге дейін есімнен кетпейді, әсіресе жастар тағдырын ойлағанда. Бүгінгі ұрпақта барлығы бар, техниканың түрлі-түрлі жаңалықтары, өркениеттің бар әлемдегі жетістіктері қолдарында. Бірақ жандарына рухани азық беретін, ұлттық қасиеттерді қалыптастыратын, шәкіртім өзімнен озсын деп тілейтін Б.Адамбаевтай ұстаздар жоқтың қасы. Сондықтан қазіргі кезде әкесінен де, ұстазынан да озатын шәкірт аз.

Б.Адамбаев қазақтың шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін жинап, жүйелеп қана қойған жоқ, оларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеген ғалым. Шешендік өнердің шығу тарихын, оның әр елдердегі ерекшелігін, қазақтың шешендік өнерінің қалыптасу кезеңдерін, оны дамытқан тұлғалардың еңбегін терең зерттеген, сөйтіп ғылыми тұжырымдамалар жасаған азамат. Өкінішке орай, осы бағытта жазылған дапдайын докторлық диссертациясын қорғап үлгермеді. Бұл жұмысында көптеген ғылыми жаңалықтар, бұрын естілмеген ой-пікірлер бар еді. Ғалым Б.Адамбаевтың осы саладағы жаңа тұжырымдамаларын ғылыми айналымға қосу әдебиет мамандарының ісі болар. Ол үшін ағамыздың шығармашылық өмірі жас ғалымдардың (тек қана олар емес – белгілі әріптестерінің де) зерттеу объектісіне айналса дұрыс болар еді. Б.Адамбаевтың әдеби мұрасын түгелімен Жаңылхан жеңге-

міздің мойнына артып қоймай, оны зерттеп дәріптеуге өзі 30 жылдай қызмет атқарған М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қызметкерлерінің араласқаны абзал.

Өттең мен әдебиет сүйетін жан болғанмен кәсіби әдебиетші емеспін. Әр ғылымның өз ерекшеліктері бар емес пе? Оның қыры мен сырын меңгеру үшін тағдырынды түгелімен осы салаға таңуың керек. Әр нәрсенің басын бір шатып, тиіп-қашып дилетанттық жасағанды жаным сүймейді. Әйтпесе Б.Адамбаевтың шығармашылық өмірі мені оның ұстаздық қырынан кем қызықтырмайды. Уақытты кеңге салып бір кездескенімізде мен ағамызға ол кісі туралы жинап жүрген материалдарымды көрсеттім. Оның ішінде баспасыз бетіне шыққан көптеген материалдар, әсіресе «Жұлдыз» журналының 1983 жылғы 1, 3, 4, 9 сандарында, 1984 жылғы 5-9 сандарында және 1986-87 жылдардағы бірнеше сандарында басылған өзінің мақалалары бар еді. Оларды өз қолымен ұстап көріп отырып, маған: «Көпжасар, осы сен менің ғылыми творчествомды зерттеп жүргенмен саумысың, мынандай материалдар экономист тұрмақ әдебиетшілердің қолында жоқ қой», – деді.

- Жоқ, аға, мен әдебиетші емеспін ғой, бұл менің Сіздің әрі шәкіртіңіз, әрі оқырманыңыз ретінде шығармашылығыңызға көрсеткен қызығушылығым ғой, – деп жауап бердім.

Балтабай ағамыз тек қана шешендік өнерімен шектеліп қалған ғалым емес, сонымен қатар белгілі ақын, көрнекті жазушы. Әр жылдары шыққан «Сырларым», «Ақбөбек», «Аманат», «Тұлпардың ізімен» атты өлең жинақтары ол кісіні терең сырлы, нәзік сезімді, жүрек тербейтін жырлардың авторы екенін көрсе өзі басынан кешірген соғыс зардабын «Жауынгер жолы», «Нәубет» повестері мен «Жауынгер» романында жазып қалдырды.

Б.Адамбаев ағамыздың өмірдегі азаматтық позициясы айқын болатын. Қоғамда болып жатқан сан-алуан құбылыстарға өз бағасын беріп отыратын. Білім мен ғылым жүйесінде, әлеуметтік салаларда кездесетін кейбір орын-

сыз жағдайларға өзінің өткір ой-пікірін тайсалмай ашық айтушы еді. Басшыларға бас шұлғып, бағынышты жағдай танытқан емес. Ал өзінен кейінгілерге әкелік, ағалық қамқорлықпен, үлкен мейірімділікпен қарайтын.

Кейінгі кездері кездесу үстінде өзінің қазақ тілі тағдырына алаңдайтынын көбірек айтушы еді: «Тіл мәселесі сөз жүзінен аспай жатыр ғой, әңгіме көп, нәтиже жоқ. Биліктегілердің ана тіліне жаны ашымай ма деп қорқам. Ана тілін білмей өскен жастар болашақта кім болмақ? Елінің керегіне жарай ала ма? Өз тілін силамаған адам өзгені де жарыта қоймас. Мен мұны тіл мен әдебиет маманы ретінде ғана емес, халқымның ұлы, қазақтың перзенті, ұлтының болашағына алаңдаған азамат ретінде айтып отырмын», – дейтін.

Бұл мұңлы сөз, өткір ой-пікір ағамыздың қайраткер ретінде қалыптасып, өрісі кең, өресі биік ұлтжанды ұлы азамат екенін дәлелдейтін көрініс. Осы әңгімені есітіп отырып менің ойлағаным: егер мен білетін Б.Адамбаев, мен қадірлеп қастерлейтін ұстазым, мен пір тұтатын абзал азамат осы болса, онда ол кісінің рухани дүниеде, қоғам өмірде осыншама заңғар биікке көтерілуі заңды нәрсе. Біз тәлім-тәрбие алған мектеп мұғалімі Балтабай Адамбаевта үлкен азамат болатын. Болашақта белгілі ғалым, атақты жазушы, көрнекті қайраткер, еліне әйгілі азамат болуға қажет барлық қасиет бар болатын.

Егер ағамыз өзімен озған шәкірттерім бар деп мақтанса, біз осындай адамгершілігі асқан абзал азаматтан, ұлағатты ұстаздан, қазақтың ұлы перзентінен дәріс тыңдап, тәрбие алдық деп мақтанамыз. Ұстаз бен шәкірт арасындағы үндестік, түсіністік, өзара сипастық, сүйіспеншілік осындай болатын шығар. Өмірде осындай жағдайдың орын алуы ұстаз бен шәкірттің екеуінің де бақыты. Талай жастардың бағын ашып, болашағын болжатқан Балтабай Адамбаев ағамыздың аруағына әрдайым бас иеміз.

ӘОЖ:92193:37.01

Ә Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚҰУ

ЖАҢАШЫЛ ҒАЛЫМ, ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ҚАЛАМҒЕР

Бұл мақала белгілі ғалым, профессор Совет- Хан Ғаббасовтың ұлт тағдыры ұрпақ тәрбиесінде екендігін жоғары бағалап, жан тәрбиесі, тән тәрбиесі, рух тәрбиесі, жүрек тәрбиесі, құрсақ тәрбиесіне ғылыми талдаулар жасағаны туралы жазылған.

Түйінді сөздер: азаматтық болмыс, жазушы, дәрігер, ұстаздық қасиет, тәрбие

В данной статье знаминитый ученый профессор Совет-хан Ғаббасов высоко оценивает роль воспитание молодежи и связывает еге судьбой нации. В статье также затрагиваются вопросы как духовное воспитание, физическое воспитание, сердечное воспитание, дорадовое воспитание.

Ключевые слова: личность, писатель, врач, педагогическая деятельность, воспитания

This article naminity uchenyy Professor Covet -Khan Gabbassov appreciates the role of education of young people and connect segedestiny of the nation. The paper also address the spiritual education, physical education, cardiac education, doradovoe education.

Keywords: personality, writer, doctor, teaching activities, education

Жазушы – фантаст, драматург, дәрігер, Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Зайсан ауданының құрметті азаматы, Махамбет сыйлығының иегері профессор Совет- Хан Ғаббасов - қазақ ғылымында халық педагогикасы мен ұлттық психология ғылымдарының ғылыми негіздерін айқындап, тәлім-тәрбиелік мәнін ашуда елеулі еңбек сіңіріп келе жатқан ғалым.

Ғасырлар бойы қалыптасқан халық педагогикасы, халық тарихын, әдебін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін ұрпақ тәрбиесіне пайдаланып келеді. Профессор халық педагогикасындағы ұлттық тәрбие от басын құруға дайындықтан басталатынын, ұрық тазалығын сақтаудағы қазақ халқының генетикалық (жеті атаға дейін қыз алыспау) қағидаларының мәнін ашып көрсетіп, шаңырақ көтеру, туыстық қатынастардың дәстүрлік үрдістерін тәрбиеге пайдалану жолдарын «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі» деген ғылыми – педагогикалық еңбегінде жан-

жақты талдап көрсетті. Ұлы даланың ұлы халық тәрбиесіне әсер еткен табиғи тылсымдарын ғалым «Дала үстінде тіршілік еткен адамдарға тән бір ғана ерекшелікке көңіл аударсақ, олардың күллі тіршілік тағлымдары мен тәрбие тәлімдері табиғатпен үндесіп қана қоймай, негізгі биологиялық заңдылықтарды да бұлжытпай орындау – оларға тән аса үлкен ұлағат» дейді ғалым. («1-кітап, 2012ж. 13-бет) Сөйтіп тәрбиенің табиғатпен байланыстылығын да ашып айтады.

Қазақ халқының құда түсу (бел құда, бесік құда, дос құда) үйлену тойындағы түрлі рәсімдер мен кәделер, рәміздер тәрбилік мәндегі үрдістер екенін ғалым талдап дәлелдейді, ол үрдістердің қазіргі заманауи ерекшеліктерін талдай пайымдап, озық және тозық жақтарын атап көрсетеді.

Ғалым ата жұрт, қайын жұрт, нағашы жұрт рәсімдері мен кәделерін талдап, ел-жұрт болудағы олардың алатын орнын, ұлттық-тәрбиелік мәнін айқындайды. Қазақ халқының қадір-қасиетін көрсететін ұлттық

тәрбиенің бұрынғы және қазіргі мән-жайын талдап көрсетеді.

Ұлт тағдыры ұрпақ тәрбиесінде екендігін жоғары бағалап, ғалым-педагог жан тәрбиесі, тән тәрбиесі, рұх тәрбиесі, жүрек тәрбиесі, құрсақ тәрбиесі жөнінде ғылыми талдаулар жасады. Жан тәрбиесінде жанның 12 арнасы: түйсік – ұят - сүю – зерде- табиғи қабілет – мінез – жігер және ішкі бес сезім (көкірек көзі, телепатия, дәм, ішкі сезіну, иіс) сезімдерінің өзектестігін ғалым жан-жақты талдап, оның психологиялық және тәрбиелік мәнін ашып берді.

Ғалым – педагог бала тәрбиесін отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы, ана құрсағындағы тәрбие (құрсақ тәрбиесі), нәресте кезеңі, балбөбек кезеңі, сәбилік кезеңі, балиғат кезеңі, кәмелеттік кезеңі деп жеті кезеңге бөледі. «Бала ана құрсағындағы төртінші айынан бастап тәрбие күтеді» дейді ғалым. Бұл тәрбиені ғалым «жүрек тәрбиесі» деп атап, «Жүрек тәрбиесінің жүйесі адам бойындағы күллі имандылықпен, инабатты мінез-құлықпен, табиғи қабілеттің негіздерін жаратылыс заңдылықтарымен үндестіре дамыта қалыптастырып, жарық дүниеге іштен жетілдіріліп тудырады» дейді ғалым. («Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі» 92-б. 2012 ж.)

Профессор адам тәрбиесін жан тәрбиесі және тән тәрбиесі деп екі салаға бөледі де, түйсік, сүю, ұялу, жігер, мінез, жад, табиғи қабілет және ішкі бес сезім (көкірек көзі, телепатия, дәм сезімі, іштей сезіну, иіс сезіну) – жан мен тәннің тәрбиелік негіздері деп көрсетеді. «Жүрек тәрбиесі, негізінде ана құрсағында жетіліп, адамның жарық дүниедегі ғұмырын түгелдей қамтиды екен. Бұл жүйе арқылы адамдағы туа пайда болатын қасиеттер мен тұқым қуалайтын генетикалық тылсымдарға да ықпал етуге болады» (сонда 123-бет) «Жалпы жүрек тәрбиесі деп отырғанымыз жанның 12 арнасын ояту мен ашудың тәсілдері болып табылады» дейді ғалым.

Халық педагогикасы мен психологиясының тәрбиелік бірінші негізі – халқымыздың генефондын көздің қарашығындай сақтау, отбасын құруға саналы түрде дайындалу,

ата-ана мен бала арасындағы сыйластық; екінші негізі – адамның ана құрсағындағы тоғыз айлық ғұмыры кезіндегі тәрбие жүйесі; үшінші негізі – бесік тәрбиесі; төртінші негізі – балбөбек кезіндегі ұлттық тәрбие жүйесі; бесінші негізі – сәбилік кезең. «Баланың болашақ ғұмырына қажетті адамшылық қуатының қайнар көзі осы кезеңде қалыптасады», - дейді педагог, әрі психолог ғалым. Оған мысалдар мен дәлелді ғылыми түйіндер келтірді. Халық педагогикасы мен психологиясының алтыншы негізі – баланың балиғат кезеңі екендігін ғалым ғылыми талдаулармен дәлелдеп, ұрпақты үзіліссіз тәрбиелеудің кестесін жасап, біртұтас үзіліссіз қазақ мектебінің болашақ құрылымының сызбасын ұсынды.

Халықтың ұлттық қасиеттерін, тарихын терең білу – отансүйгіштік тәрбиенің негізі болып табылады. Совет - Хан Ғаббасов халқымыздың қадір-қасиетін, тектік ерекшеліктерін талдап, оның ұлттық тәрбиедегі орнын айқындады. «Халқымыздың тегіндегі «теңдесі жоқ феноменнің» сыры мен сипатына көңіл аударсақ, бүгінгі біздің жүзге, тайпаға, руға бөлініп жүргеніміз - өз асылына күйе жаққан надандығымыз екен», - дейді, жаны жайсаң қаламгер. «Ендеше, бұдан былай кез келген қазақ өз руы мен жеті атасын білуді – халқының тегін сақтау деп қана ұққандары жөн»... деп, жеті ата атауының сызбасын ұсынды, сөйтіп ел болудың төрт құбыласын (жері, тілі, филогенетикалық жад, ділі, мұттағала (озарение), рух, имандылық, ар-ұят, таным мен талғам, мейірім, рахым) атап көрсетіп, ұстаз-ғалым ана тіліне қарсы кедергі келтіріп отырған қазіргі кері саясатты қатты сынады. «Біздің балабақшадағы 3-4 жастағы сәбилерге «үш тіл үйретеміз» деу – сыпайылап айтқанда, қаскүнемдік болып табылады. Өйткені психикасы әлі қалыптаспаған балаларға бірден ана тілінен басқа тілдердің салмағын салу – ұрпақты есалаң, яғни «шизо» жасауға ұмтылыс деп есептейміз» (бұл да сонда 85-бет), – деп, психолог ғалым орынды ашынады.

Еңбекқор ғалым бала тәрбиесінде оның тектік қасиеттері ерекше орын алатынын басып айтады. «Ең әуелі халқымыздың тереңде жатқан тегі мен болмысындағы мәйегі мен негізі не екенін түсінгеніміз жөн. Сонда ғана саналы жанға сонау көне дәуірдегі Күлтегіннің тасында жазылған: «Биікте – Көк Тәңірі, төменде – қара жер жаралғанда...Түркі халықтарының ел-жұрты қалыптасқан» (бұл да сонда 78-бет) деген тәслімді мысалға келтіріп, қырық үш тайпадан құрылған қазақ халқының тектік қасиеттері бір екендігін дәлелдеп, тәрбиеде сол тектік қасиеттерді сақтай білуді уағыздайды.

Педагог – психолог ғалым «Халық педагогикасы жоқ жерде, педагогика ғылымы да жоқ, педагог та жоқ» деген К.Д.Ушинскийдің педагогикалық тұжырымын мысалға келтіріп, ұлттық тәрбиенің басты құралы – қа-

зақ халық педагогикасы екендігін, қазақтың халық педагогикасының ұлттық психологиямен тығыз байланыста екенін көрсетеді. «Шын мәнінде, кез келген философиялық ілімнің өзі осы халық педагогикасының бір бұтағы болып саналатынын ескерген жөн» дейді. (Бұл да сонда 25-бет)

Ұлттағдыры–ұрпақтәрбиесінде екендігін жан-жақты талдап, ғылыми дәлелдеулермен өрнектеген ғалым адамзаттың тарихына жан-жақты шолу жасап, тәрбиенің тарихи кезеңдеріне де ғылыми қорытындыларын келтіреді. Ертедегі Күлтегіннен бастап, Абай дана мен Ыбырай Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік ойларын ортаға салады.

Еңселі ғалымның ересен еңбектері қазақтың халық педагогикасы мен ұлттық психология ғылымында өз сәулесімен жарқырай берері – қақ.



Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

Әл-Фараби.

ӘОЖ 37.015.3:39 (574)

Совет-Хан Ғаббасов
*Жазушы-дәрігер, фантаст,
Медицина және педагогика ғылымдарының докторы,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі,
Зайсан ауданының құрметті азаматы,
Махамбет сыйлығының лауреаты,
Профессор.*

ҰЛЫ ДАЛА - АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БЕСІГІ

Бұл мақалада «Адамзаттың өткен-кеткені», «Табиғат тылсымдары мен заңдылықтары», «Адамзат тарихындағы қателік», «Адамзат тарихындағы «шындық» – деген сауалдарға жауап аласыздар.

Түйінді сөз: *табиғат, адамзат, өркениет, тарих, халық*

В данной статье получаете ответ на вопросы «Прошлое человечество», «Законы и чары природы», «Ошибка в истории человеческого существа», «Историческая правда человечество»

Ключевые слова: *природа, человечество, цивилизация, история, народ.*

In this article, get an answer to the questions «The past and future of mankind,» «The laws of nature and charm», «Error in the history of human beings»

Keywords: *nature, humanity, civilization, history, people*

Бүгінге дейін айтылып келген, Адамзат өркениеті – Қытайдан – Индиядан – Парсыдан – Египеттен – Грекиядан – тарапты-мыс дейтін, жаңылтпаш тәрізді жайдақ пікірлердің өтірік екені ашылып жатыр. Өйткені, қазіргі адамзаттың азып-тозуын тоқтататын, тек «шындық» қана емес, енді тіпті нағыз «ақиқаттың» өзі ғана қажет екенін, уақыт тынысы талап етіп отыр. Халық даналығы айтатын: «Өтіріктің – құйрығы бір-ақ тұтам» - дейтін тұжырымның ғұмыры – европацентризмнің кеудемсоқтығымен - сан ғасырға созылып, бұдан ары жалғастырудың соңы – жер бетіндегі - ақырзаман сипаттарын елестетуде. Кешегі – «сунами», бүгінгі - әр түкпірлерде қылаң берген «топан судың» басуы, емдеп алуға көнбейтін – «спид» пен «құс тұмауы» - тәрізді лаңдардан, адамзат қауымы ой түймесе болмайды. Сонда, осыншама сорақылықтардың пайда болуының себебі не? Адамзат тарихындағы қателіктің көзі қайсы? – дейтін заңды сауалдар туын-

дайды. Міне, осы себептерді ашпай, болып жатқан салдарлардан құтылу қиын. Ендеше, «себептің көзі - қателік» екен?!.. Ол – «кімнің қателігі» - дегенде, – «Адамзаттың өткен-кеткені» - көз алдына келсе, «ненің қателігі» - десек, сөзсіз - «Табиғат тылсымдары мен заңдылықтары» - еске оралады. Бірақ, жоғарыдағы айтылған ақырзаман сипаттары, тек жер бетінде ғана болып жатқандықтан, күллі табиғаттағы тұрақты заңдылықтардың қаз-қалпында екенін байқасақ, онда «қателікті» - тек «адамзат қауымының өркенінен» - іздегеніміз жөн сияқты. Сондықтан да, адамзат тарихындағы «шындықты» - саралап, алдау мен арбауды қаламайтын «ақиқатты» - ардақтауға тура келеді.

Ендеше, біздің өркениетіміздегі орта ғасырлардан бастау алған – жалған басымдықты - күшпен иеленген «Европацентризм методологиясын» - сын тезіне салып, оның ақиқаттығын тексеруге талпынамыз. Осыған орай, кезінде 2005ж. жазылған – Европацен-

тризм методологиясы – апат! - атты мақаламды ғылыми негіз ретінде келтірмекпін.

Енді ғана басталып жатқан, мынау ХХІ-ші ғасырдың күрделі де күңгірт сыр-сыйпаттары мен бұрынғыдан да құйтырқылы европацентризмді – барынша нақтылап, тек ақиқатқа сүйеніп терең түсіну - әсіресе, халқының саны аз, экономикасы әлсіз шағын мемлекеттерге ауадай қажет?! Себебі, империялық мүдде мен европацентризм методологиясы, бұрынғы қай - кездегісінен де қабыса түсіп, өзара үндесудің не бір айлалы тәсілдердің түрлерін (формаларын) ұсынуда... Бұл әдіс - амалдарды көкірегі ояу жандар жақсы біледі. Бүгінгі таңдағы солардың ең жоталысы – Ғаламдану немесе Жаһандану – дейтін өркениетке көшуді жеделдетуде. Оның да сүйенетіні – Европацентризмнің қатпары қалың аярлықтары - екені белгілі болып отыр. Өйткені, «супердержавалар» – жаңылтпаш ғылым ретінде - европацентризм методологиясынан асқан – тәсілдің де, айланың да жоқ екенін терең түсінеді. Ендеше, «Европацентризм методологиясы» - дегеніміз не? – дейтін заңды сұрақ туындайды...

Иә-ә, бұл жайында, көптен айтылып келе жатқанымен, еш уақытта сараптай салалап талданып та, оның құпия сырларын ашып, жүйелі түрде жазылғанда емес. Міне, осы сауалдың төңерегінде аз-кем ойлануды, ұлттық қажеттілікке балаймын?!?.. Ең әуелі кез-келген – методологияның негізі – ғылым екенін түсініп алғанымыз жөн. Ендеше, европацентризм методологиясы да – ғылым?! Бірақ, бұл қандай ғылым? - деп зерделей түсіп зерттесек, оның «тылсымы мол, құпиясы көп саясат пен жалғандықтарға құрылғанын» анық байқауға болады. Тіпті, бұған Сіздер аса таңырқай да қоймауларыңыз мүмкін?!.. Өйткені, бәрімізде осы - жымсыма саясатқа толы методологиямен құндақталып, неше ғасыр ұйқылы-ояу арбалып, сандалумен күн кешіп келгеніміз де анық. Тек, ойда жоқта келген - тәуелсіздік - дейтін тәтті сөздің ырғағымен ғана, Европацентризм ерекшеліктеріне – енді-енді ғана ой жіберіп жатқандаймыз. Міне, осы арада санамызды оятып алды - артымызға қарасақ, біздерді бүгінге дейін бодандықпен қымтап келген – европацентризм методологиясы – бұрынғыдай емес, - Жанымызды да, Тәнімізді де - қызған темірдей қарып бара жат-

қанын сезіне бастадық. Сонда, оның жалпы сипатынан, тайға таңба басқандай анық байқалатыны – Империялық озбыр саясаттың, айлалы тәсілдерін жүйелейтін – ілім екені анықталып отыр. Мінеки, осы қағиданың бірнеше - дәлелдерін - келтіріп көрелік ші?!..

І. Бірінші дәлел:

- Европацентризм методологиясын да ең әуелі әлем тарихының ақиқаты мен тағылымдық шындығы жоқ. Оның ең үлкен дәлелі ретінде – адамзат тарихының бұрмалануын (фальсификациялануын) айтуға болады. Мысал үшін:

- Шығысында - Қытайға, Батысында – Римге, түстігінде – Египет пен Үндіге теңдессіз әсерін тигізген Туран елінің тарихы қайда?..

- Немесе, бүкіл Қытай қорғанынан Қаратеңіз бен Қап тауына дейін созылған Гун империясының өркеніеті неге жасырылады?

- Біраз мезгіл кейінірек өмір сүрген А. Македонский марапатталады да, одан бұрын он есе күшті қолбасшы болған Мөдехан жайында еш тарихта айтылмауының себебі неде?

- Тіпті, кеше ғана Европаға аса үлкен әсері болған Еділдің (Атилланың) тарихы неге жасырылады;

- Европаның YI-ші ғасырға дейін САҚ-тілінде сөйлегені неге айтылмайды?

- Немесе, Шығыс европаның IX-X-шы ғасырларда қыпшақ тілінде байланыс жасағанын (Кодекус куманикус) айтпаудың себебі неде?

- YI-YIII ғасырларда бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Шығыс және Батыс Түрік қағанаттары жайында да айтылмауы қалай?..

- Кешегі өткен – Шыңғысхан – Жошы - Батый – Алтын Орда - шындықтары неге бұрмаланып отыр? Мінеки, айта берсе, бұл тәрізді тарихи әділетсіздік толып жатыр...

- Осының салдарынан, бүкіл адамзат тарихының ғылыми жүйелері мен негіздері бұзылды.

- Сақтар мен Гундар тарихының әдейі айтылмауынан, бүкіл Түрік халықтарының көне тарихы бұрмаланды. Осынау, ар ұялар істердің бетін ашқан, тек Қазақ даласынан табылған бірнеше археологиялық ғажайыптар мен «Алтын адам» киімдеріндегі даналық өрнектер және Аркаим Сынтасты өркеніеттері, Европацентризмнің әділетсіз де, жалған ғылым екенін дәлелдеді.

- Мұндай фальсификациялардың салдарынан, адамзат қауымы бүгінге дейін, әділетті де қайырымды қоғам құралмай отыр.

- Бұның ең үлкен зауалы мен залалы, адамзат қауымының тәрбиесіне қабағат ауыр зардаптарын тигізуде...

I-ші дәлелдің – ғылымдағы көрінісі.

Бұл жайында ғылымның айтары тым ерекше?! Тіпті, оқырманнан шүйінші сұрағалы отырмын. Ау-у, әлеумет шүйінші бер, шүйінші?!.. Күллі түрік тілдес халықтардың ұрпақтары, тегіннің тереңдігі мен қасиетіннің молдығы ғылыми дәлелденді десе болады. Осы - жуық арада, менің қолыма ғажайып бір ғылыми кітап түсті. Авторы – Нарымбаева Амангелді Қасымқызы, кітаптың аты – АРКАИМ – (очаг мировой цивилизации, созданный Прототюрками А, 2007ж., көлемі 30,0 б.т.) - деп аталады. Амангелді Қасымқызы кітабының эфирграммы етіп Мағжан Жұмабаевтың;

Тұранға жер жүзінде - Жер жеткен бе ?

Түрікке адамзатта - Ел жеткен бе ?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне - Ер жеткен бе ?!

Тұранда – Түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа - от боп – Жан туып па ?

Көп Түрік енші алысып тарасқан да,

Қазақта – Қарашаңырақ қалған жоқ па?.,

- деген, таңғажайып мұттағалаға ұқсас (озорения) көрегендікпен жазылған өлеңін келтіріпті. Бұл құдіретті дарын иелеріне ғана жаратушысының түсіретін аяны, міне осылай болып келеді. Мағжан ақынның айтқандарында еш көтерме де, артық айтқан ұғым да жоқ. Бүгінгі археология мен антропология ғылымдарының тауып беріп отырған жаңалықтары, ақынның жобалап айтқандарынан мыңдаған есе асып түскенімен қоймай, бүкіл жер бетіндегі өркенниеттің тал-бесігі Ұлы Дала екенін тапжылтпай дәлелдеп беріп отыр. Енді, қысқаша Амангелді Қасымқызының өзіне сөз беріп көрелік;

« - Кто мы? Откуда мы? Куда мы идем? Эти вопросы занимали человечество во все времена. Предположение о неких общих корнях народов Запада и Востока, общем пути, пройденном пращурами, прежде чем они сложились в самостоятельные государства и нации, уже давно признано теорией, имею-

щей право, на существование. Однако практических материалов до последнего времени было недостаточно. Недавнее открытие челябинских археологов как раз и является одним из вещественных подтверждений этих догадок.

АРКАИМ... (самым важным открытием века, летом 1987 года). «Дикая степь», «дикая Сибирь», и вдруг – очаг мировой цивилизации! Уникальный памятник высочайшей культуры, имеющей возраст 5000 лет! Это ли не чудо ?!..»

Осынау таңдану мен қуанудың негізі, тек археология мен этнография және антропологияның ғылыми деректерінен ғана тұратын еңбекте, бүгінге дейін үстемдік етіп, мізбақпай отырған «Европацентризм методологиясының» күл-паршасын шығарып қана қоймай, ғасырдың емес, тіпті неше ықылым дәуірлердің жаңалығын ашып, адамзаттың өркенниетіне мүлдем жаңа бағыт ұсынып отыр. Бұл еңбекпен танысып шыққаннан кейін, бүкіл әлемді жайлаған жалған тарихтың сырына қанып, осыншама өтірік пен аяарлық күллі адамзаттың рухына қиянат жасап отырғанын түсінуге болады. Кешегі Кеңес заманындағы Қазақ халқына – мәдениетің де, тарихың да, тәрбиенің де – тек Октябрь төңкерісінен кейін басталды, - дейтін қатыкездікті, мұның қасында ойыншық десе болғандай. Егер адамзат өркенниетінің бесігі болған Ұлы Дала мен Тұран мәдениетін жасырмақ болған, Европацентризмнің алаяқ әрекетімен салыстырғанда, ол өтірік – мынау өтіріктің шалымынада келмейтіні анық. Сондықтан, Кеңес кезеңдеріндегі Түркология ғылымымен шұғылданған ғалымдардың еңбектеріне, тек сын көзімен ғана қарауды естен шығармаған жөн. Бұл – Ұлы Дала өркенниетін зерттейтін келешек ұрпақтың есінде болуы қажет. Осы пікірдің мәні мен маңызын терең түсіну үшін, тағыда - «Аркаим» - атты еңбектен үзінді келтіріп көрелік;

« - Итак во всем: вся созданная кочевниками культура присваивалась другими народами или приписывалась другим народам. Предметы роскоши умели создавать предки сарматов – скифы – уже в XI в. до н. э., на 1000 лет раньше сарматов, что очагом ранней скифской культуры является регион Алтая, Семиречья, что именно оттуда технология изготовления этих предметов роскоши рас-

пространялась потом на Ближний Восток, Рим и Грецию, а не набород, как утверждала до сих пор традиционная (Евроцентристiк) история.

Вот что скажет в 2002 году археолог, исследователь кургана Аржан-II, Андрей Иконников - Галицкий о скифской культуре: «...Напомню, что древнегреческая культура в это время еще только зарождалась, о Риме не было и помину, и даже Китай едва-едва осваивал письменность. А скифские цари, вожди кочевнических племенных союзов, сооружали погребальные памятники, сопоставимые по масштабам с египетскими пирамидами, и наполняли их богатствами, которые можно сравнить с сокровищами Тутанхамона. Все это говорит о том, что в VIII – VII вв. до н.э. в Центральной Азии существовала мощная держава и расцвела замечательная культура...» (А. Иконников-Галицкий. В лучах аржанского кургана. Центральная Азия. № 35 – 2002. Кызыл. Республика Тува).

Новые данные науки наносят ощутимый удар по устоявшимся положениям и заставляют иначе взглянуть на историю и культуру кочевников, в том числе и на историю казахского народа.

Какие же это научные открытия?

Это, во-первых, рунические письма, которых находят по всей Великой Степи, некоторые из которых ученые относят ко II-I тыс до н.э.

Во-вторых, это открытие в 1960 г. «Золотого кургана» №5 в долине Шиликти в Жетису, одного из древнейших сакских захоронений, относящегося к VIII-VII вв до н.э.

В-третьих, это «I Золотой человек» - сакский воин и серебряная чаша с надписью на дне из кургана Иссык, обнаруженные в 1970 году.

В-четвертых, это второй «Золотой человек» - сарматский воин с булатным мечом в руках, обнаруженный на западе Казахстана, в Атырауской области в 1999 году.

В-пятых, это царское захоронение, открытое в 1998 году в Береле в Восточно-Казахстанской области, где в искусственно созданной вечной мерзлоте найдены колесница и останки 13 лошадей в полном золотом убранстве от макушки до хвоста. Эти захоронения ученые сравнивают с гробницей Тутанхамона.

В-шестых, это находка Аржан-I и Аржан-II, богатейшего погребения сакского царя и его супруги, открытого в 1999 году в Туве, относящегося к XI-IX вв до н.э. и неопровержимо доказывающего направление движения культур: с востока на запад, а не наоборот.

В-седьмых, это находка III «Золотого человека», обнаруженного в 2002 году в долине Шиликти у подножья Тарбагатая в Зайсанском районе Восточно-Казахстанской области, относящегося к VIII в. до н.э. и д.р.

В-восьмых, это открытие сотен древних богатейших медных рудников эпохи энеолита и бронзы на территории Сары-Арки и в Каргалах, неподалеку от Оренбурга, которые показали, что именно в Древнем Туране впервые на земле человек освоил металлургию, металлообработку, производство бронзы, железа и булата.

Этим сказано все. Скифы, саки, сарматы – потомки аркаимцев и андроновцев. Именно восточный регион Евразийских степей является колыбелью и скифской, и гуннской, и тюркской культур. Шиликтинский золотой курган №5 в Казахстане и курганы Аржан-I и Аржан-II в Туве – древнейшие из всех скифских курганов на всем пространстве Евразии. Датировка этих курганов XI-VII вв до н.э...»

Мінекі – Бірінші дәлелдің – ғылыми көріністерін түсінген сайын, таңғажайып сипаттарыменен тәнтi еткен деректері рухыңды өсіріп, ата-бабаң адамзат өркениетін жасаушы және жер бетіне таратушы екеніне көзіңді жеткізеді.

Евросентризмнің жалғандығы мен аярылғынан жаның шошынып, жағанды ұстауға мәжбүр етеді. Күллі адамзат тарихына еріксіз көз жіберіп ойлана қарасаң, ең ауыр да аппатты жағдай, адам тәрбиесінің азғындауын байқауға болады. Әсіресе, өтірік пен өсекке құрылған жасанды тарихтан адам баласы рухани әлсіреп, тәрбиенің қабағат ауыр қателіктерге ұшырап отырғанын аңғарамыз. Сондықтанда, ақиқатқа құрылған адам тәрбиесінің жаңа іліміне бой алдырған жөн...

II. Екінші дәлел:

Европацентризм методологиясының әсерімен, бүгінгі таңдағы қолданылып отырған бүкіл Педагогика мен Психология ғылымдарының Негіздері мен Жүйелері

жалған бағыттарды басшылыққа алды. Мұнда да Империялық саясаттың ықпалымен, адамзат тарихының даму жолдарын дәл сипаттайтын «Морган жүйесін» және генетикадағы «Мендель ілімін» әдейі терістеу арқылы адам тәрбиесіне жалған тәсілдер ұсынды. Мысал үшін:

- Мәселен, классикалық педагогиканың негізін – философиядан - шығаруы; Бұл, тіпті ақылға сыймайтын қателік?! Өйткені, Морганның классификациясы бойынша, адамзат қауымының дамуын үш кезеңге – Т а ғ ы л ы қ (төменгі, орта, жоғарғы сатылары бар, 180 мың жылға созылады) – Ж а б а й ы л ы қ (мұнда да – төменгі-орта-жоғарғы сатылы, 15 мың жыл) – М ә д е н и е т т і л і к (5 мың жыл, бүгінге дейін) – деп бөлінеді. Тек, Жабайылық кезеңнің төменгі сатысында ғана, философиялық ой түгіл, енді-енді шешен сөйлеудің белгілері (К.Маркс) білінеді, Олай болса, классикалық педагогиканың негізі философия деу, шындық түгіл...қисынды өтіріке де ұқсамайды.

- Ғылыми педагогиканың негізі – білім беру, оқыту, тәрбиелеу – деуі, оның үстіне бүкіл Европалық ғалымдардың (Песталоцци, Дж.ЛОК, Макаренко) баланы туғаннан бастап қана тәрбиеленеді дейтін түсініктері де қате екені дәлелденіп отыр. Бала ана құрсағындағы 4-ші айынан бастап тәрбие күтетіні, ғылыми жаңалық ретінде мойындалған құбылыс. Олай болса, іште жатқан баланы – оқыту – білім беру – дегеннің көкейге қонбайтыны, ешқандай дәлелді қажет етпейтіні түсінікті.

- Ежелден белгілі – Аристотель мен Әл-Фарабидің – ғылыми классификациясы бойынша, кез-келген Пәннің негіздері - өзінің ішінен шыққанда ғана – ол нағыз ғылыми пән бола алады, - дейтін тұжырымын еске түсірсек, ғылыми педагогиканың негіз деп отырғандары – білім де, оқыту да – сырттан келіп тұрғанын ажырату қиын емес. Ендеше, бүгінгі Педагогика мен Психологияның осындай империялық саясатқа бағынған методологиясынан, бүкіл адамзат қауымының тәрбиесінде қабағат үлкен қателіктер бар. Осының салдарынан, бүкіл біздің өркеніміз бойынша, адам баласының бойындағы үш жүйесі – Т Ә Н – Ж А Н – Р У Х – тәрбиелері үндестіктерін тапқан жоқ. Бүгінгі таңда, Тән тәрбиесінен басқа, Жан мен Рухтың тәрбиесі

түгіл, бұл екеуінің өзі - не екенін түсінбейтініміз шындық. Міне – Европacentризм методологиясының – кереғар әсерлерінің бір саласы ғана, осындай жайсыздықтарға ие екен.

- Осыдан келіп, бұл кешегі империяларға, немесе, бүгінгі Жаһандану саясатына не үшін қажет болды? – дейтін заңды сұрақ туындайды. Қысқа қайырып айтсақ, Бір халық - өзінің отарындағы ондаған халықтарды еркін төстеп билеу үшін, қол астындағы халықтардың ұлттық және азаматтық санасын оятпауға тырысады екен. Сондықтан, империя атаулы бодан халықтың – ұлттық тарихын – халықтық педагогикасын – жойып жіберуге тырысса, - тілін – жер аттарын – дәстүрі мен салттарын - өшіруді өзекті мәселесі ретінде таниды. Мінеки, осынау санамалаған ұғымдардың теріс жүргізілуінен, ұлттық және азаматтық саналардың ашылмауынан, бүгінгі маңдайымызға күйелі көсеудей ұрғылап жатқан шалақазақтар мен космополиттердің қасіретін түсінуімізге болады. Ал енді, осыншама ауыр кереғарлықты түзетудің жолы бар ма?.. - Әрине, бар!?! Оны, «Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері» атты ұрпақ тәрбиесінің - жаңа ілімінен - оқып танысуларыңызды сұраймыз...

II-ші дәлелдің – ғылымдағы көрінісі.

Алғаш рет жазылған Совет-Хан Ғаббасовтың «Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері» (А, 2005ж, көлемі 41 б. т.) атты тұңғыш ұсынылып отырған осы пәннің – екі сатылы Методологиясы – жеті түрлі Негіздері – екі Жүйесі – бар екені дәлелденеді. Бұл адам тәрбиесінің бұрын-соңды айтылмаған жаңа көзқарасы. Мәселен, адам тәрбиесінің Методологиясы - әуелі Биологиялық индивид – сонан кейін Сананы жетілдіру – сатыларынан тұратыны анықталып отыр. Ал, Биологиялық индивид сатысынан – Жүрек тәрбиесі жүйесі - қалыптасса, екінші сатысы Сананы жетілдіруден – Ақыл тәрбиесі - кемелденіп, осы екі Жүйеден – Жеті Негіздері өркендерін алады. Ұрпақ тәрбиесінің бұлайша жіктелінуі Европacentристік методологияда жоқ. Міне бұл, бүгінге дейін қолданылып келген адам тәрбиесінің аса ауыр қателігі болатын. Осы еңбекте тұңғыш рет - Тән тәрбиесінің - біржақтылығын ашып қана қоймай, адамдағы - Жан тәрбиесі - жайында мүлдем сөз болмайтындығын ең ағат та ауыр кемшілікке

балайды. Тіпті, Жан дегеннің өзіне мән бермейтіндіктен, оның нақты не екендігін білмейтіндер көп. Адамда Жан тәрбиесі жүргізілмейтіндіктен, Тәннің он екі мүшесі тәрізді, біз дәлелдеп берген Жанның он екі арналары (түйсік, ұят, сүю, мінез, зерде, қабілет, жігер және ішкі бес сезім) түгелдей жабылуға жақын. Қазіргі адамзаттың азып отырған басты себебі де осы?!

Осылайша, Жан мен Тән тәрбиелерінің үндессіздігінен, тіпті анығырақ айтқанда, олардың әрқайсысының - тәрбие тәсілдері - дұрыс жүргізілмеуінен, оның бойындағы Рухы да дұрыс жетіле алмай отырғанының мысалы көп. Адамзат қауымының құрамындағы ұлт пен ұлыстардың ғасырлар бойы қалыптастырған - Тәрбие тағылымдары (педагогикасы) – көнеден келе жатқан - адамзат тарихын - әдебін (этиксасы - талғамын (эстетикасы) - өнерін - өркенін - мәдениетін – этнографиясын - әдебиетін - ділі мен дінін - болымысы мен дүниетанымдарын – барынша түсінікті де тартымды етіп беруге тырысады.

Жүрек тәрбиесі жүйесі - түйсік пен ішкі сезімдердің әсері арқылы, ана құрсағынтағы тәрбие негіздерін қалыптастырып, жоғарыдағы айтылған - жанның он екі арнасын - ашуды қамтамасыз етеді. Осылайша, баланы туғаннан бастап тәрбиелеудің қателігін дәлелдей отырып, ана құрсағындағы тәрбиенің теңдессіз тереңдігін дәлелдейді. Осының арқасында адамдағы ғайыпты аңғаратын – парапсихологиялық құбылыстардың да ерекше жетілетінін ескертеді.

Ал, адам тәрбиесінің екінші жүйесі – Ақыл тәрбиесі - нәрестенің қарашығын ұстап, Ақ пе Қараны ажыратып қана қоймай, оның ең алғашқы таңырқауы мен таңдануынан оянатын сәби санансынан бастау алатынын түсіну қажет. Осы екі Жүйеден жіктелетін - жеті түрлі Негіздердің сипаттарын, жаңа ілімге балап ұсынылып отырған ғылыми еңбектен оқып білулеріңізге болады. Мұндағы телегей теңіз ұғымдар мен түсініктерді бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес.

III. Үшінші дәлел:

Европацентризм методологиясы – отарланған халықтардың - мәдениеттерін де жоққа шығаруға тырысқандығы, бүгінгі таңда айпарадай болып ашылып жатқанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Мысал үшін:

- Қазақ халқында «тарих та, мәдениет те

жоқ» - дейтін, кешегі европацентризм методологиясына сүйенген Кеңестік идеологияның қарабеттігін, даламыздан табылып жатқан археологиялық жаңалықтар тапжылтпай дәлелдеумен қоса, бүкіл дүниені таңқалдырып көздерін шырадай ашуда?!

- Байтақ даламыздың төрт құбыласынан да, Шығысында – Алтайдың мұзды тоңының астынан, әуелгі қалпында бұзылмай табылған – Берелдегі Алтын Адам мен ер - тұрмандары алтынданған, мүйізді Аттардың бүтін күйінде сақталуы, европацентризмнің көмекейіне құм құйғандай болды.

- Тағы да сол Шығыстағы – Сауыр тауының етегіндегі Шілікті де табылған даналық өрнектерге толы зергерлік бұйымдардың мәні мен мазмұны, тіпті ерекше екенін айтсақ та жетеді.

- Ал Алатау аңғарында табылған Алтын Адам – дүниені дүр сілкіндіріп, қазір АҚШ – та және БҰҰ-ның ғимаратында жанынан өткен жандарды тәнті етіп тұр. Жеріміздің Батысы мен Терістігіндегі енді-енді ашылып жатқан көне қалалардың берері бұлардан да қызық болуы мүмкін.

- «Мәдениеттен жұрдай, тағылықтан басқа тәлімі жоқ» - деп оқытатын Түркілердің Руна әліпбиімен жазылған Үлкен және Кіші Күлтегін, Тоныкөк, Білгі-қаған жазуларының ашылуы, европацентризм методологиясының күл-паршасын баяғыда-ақ шығарған еді. Бірақ, бетсіздіктің «беделі» әлі күшпен жүріп жатқаны белгілі. Оның үстіне, бүгінгі таңдағы сол методологиямен ғалым атанған «көшірме сауаттылар» ұйқысынан оянып дұрыс бағытты табуға талаптары мен дәттері жетер емес. Әйтседағы, бұрынғыдай емес, Империялардың жамбас астына салып тастаған шындық көздері – қасиетті көне ілімдермен көріне бастағанын қуанышпен хабарлауға болады. Бірте-бірте жоғарыда келтірілген деректердің бәрі де өзінің тарихи орындарын алатынына сенгіміз келеді. Әйтпеген жағдайда, адамзат қауымының тәрбиесі тәркіленіп, қоғамдағы тәртіпсіздік пен әділетсіздік апатты жағдайларға жеткізері қақ. Бұдан құтқаратын, тек халықтық тағылымға негізделген адамзаттық парасат пен сана ғана болмақ...

